

ЖОМАРТЫ
ЖЕҮРДЕК

Петропавл – 2008

ББК 84 Қаз
Ж 69
Ж 69 **ЖОМАРТ ЖҮРЕК**. Құраст.: Қ. Мұқанов – Петропавл –
2008. 268 б.

ISBN 978-601-7029-15-9

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану
мұражайы жаңындағы «Асыл мұра» орталығы

Редакция алқасы: Қайролла Мұқанов,
Социал Жұмабаев, Роза Қадірәлина,
Зейнолла Әкімжанов

Бұл естелік-кітап кеше ғана арамызда жүрген азамат, айтулы тұлға Ғалым Қадірліұлы туралы. Кітапта Ғалекенің «Аңсаған менің ауылым» және «Қасиетті Ақ орда» атты өзі жазған кітаптарынан үзінділер, оның 70 жылдық мерейтойына арналған құттықтаулар және бірге жүрген жолдастарының, шәкірттерінің, туған-тысқандарының естеліктері берілді. Кітап көшілік қауымға арналған.

ББК 84 Қаз

ISBN 978-601-7029-15-9

© Құрастыруышы Мұқанов Қ., 2008

*Адам жсаны сан тараулы, шиырлы,
Кешкендіктен жеңіл менен қыынды.
Ғалекеңе өз тағдыры бүйірды,
Сыйынса ол – адамдыққа сыйынды.*



*Аруағыңа бас идім,
аяулы әке!*

Балаң Қайрат

АСЫЛ АЗАМАТ, БАУЫРМАЛ ЖОЛДАС

Асыл азамат, ардагер ұстаз, кеше ғана арамызда бірге жүрген ақжарқын да бауырмал жолдасымыз Ғалым Қадірәліұлы 2007 жылдың 21 қарашасында дүниеден өтті. Ол 1936 жылы сәуір айында облысымыздың қазіргі Шал ақын ауданындағы Ыбыраев аулында туған. Сол ауылдағы орта мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін еңбек жолын сол Қарағанды қаласындағы №32 мектепке оқытушы және оқу ісінің менгерушісі болып бастады.

1964 жылғы жазда елге оралып, 1964-1965 оқу жылынан бастап Петропавл қаласындағы №2 облыстық қазақ мектеп-интернатында оқу ісінің менгерушісі (1964-1972ж.) кейін (1977-1986ж.ж.) осында мектеп директоры болып істеді. Арасында 1972-1977 және 1986-1996 жылдары Халыққа білім беру ісінің облыстық оқу бөлімінде нұсқаушы және бас маман қызметтерін атқарды. Галекең қайда болса да қызметін адал да тыңғылықты атқарды және барлық ұжымда зор абыройға ие болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ол үйінде бос отырған жоқ, бір кезде өзіне тәлім-тәрбие берген атақты жерлесіміз академик Ебіней Бекетовтің мұражайын ашып, оған үлкен ғалымның еңбектерін, суреттерін, ол туралы жазылған естеліктерді жинап жүртшылықта насихаттаумен айналысты. 2001 жылдан өмірінің соңына дейін облыстық

тарихи-өлкетану мұражайының жанында өзі үйымдастырған «Асыл мұра» орталығын басқарды

Ардагер ұстаз, Қазақстан Республикасы және Кеңес Одағы оқу-ағарту ісінің озаты Ғалым Қадірәліұлының алдынан өніріміздің жүздеген жастары оқып, тәрбие алып шықты. Оның шәкірттері еліміздің әр аймағында әр салада қызмет атқарады. Олардың бәрі де әрқашан Ғалымдай ардақты ұстазын зор ілтиппен естеріне алып отырады.

Ғалым Қадірәліұлы ұстаздығымен қатар шығармашылық жұмыспен де айналысты. Ол өзінің туған жерін, туған аулын, сол аулының адамдарын жанындағы сүйеттін еді. 2001 жылы ол аулы жайында «Аңсаған менің ауылым» атты кітап жазып шығарса, келесі жылы «Қасиетті ақ орда» атты сол ауылдағы мектеп және оның оқытушылар ұжымы мен шәкірттері туралы тағы бір кітап шығарды. Бұл кітаптарда Ғалекеңнің туған елге, еңбектеген баладан еңкейген кәріге деген сүйіспеншілігі әсерлі берілген. Қарап отырсаң, оларда есімі аталмаған кісі қалмаған сияқты. Мұнда ауыл тұрғындарының толық шежіресі де бар. Бұл кітаптарды жазу үстінде Ғалекең көп ізденіп, көп толғанған еді. Ол көптеген адамдармен кездесіп, әңгімелесіп, естеліктегер жинағды. Ауыл тарихына байланысты анық деректер алу үшін талай уақыттың мұрағаттарда өткізді. Оларды екшеп, жүйелеуге көп көніл бөлді.

Бұлардан басқа Ғалым аз уақытта «Тарлан ақын» (Молдахмет Тырбиев туралы), «Шал ақын», «Жылгара Байтоқин», «Қалдырған ізі мәңгілік» (Шияп Садыков туралы), «Ұлылар туралы ойлар», «Көкарапал», «Бір өліп, бір

тірілдім» (Уахит Темірбеков туралы), «Ер есімі ел есінде» (академик Ебіней Бекетов туралы), «Ойна да күл, жеткіншек» атты кітаптар шығарды.

Сонымен қатар ол «Асыл мұра» орталығының басқа мүшелерімен бірге «Арманды ақын» (Баймағамбет Ізтөлин туралы), «Көркем сөздің зергері» (Ғабит Мұсірепов туралы), «Жыр жұлдызы» (Мағжан Жұмабаев туралы), «Асыл азамат» (Қаттай Қеншінбаев туралы) т.б. кітаптарды құрастырып шығаруға қатысты.

Оның тағы да жазбақшы болған жоспары көп еді. Өкінішке қарай, төбеден жай түсіргендей төтенше келген ажал жайсаң жанның бұл жоспарларының орындалуына мүмкіндік бермеді. Елім деп соққан жүргегі ерте тоқтады. Ол көп ауырған жоқ. Айналасы бір айдай фана ауырып өң мен түстей ойламаған жерден 2007 жылғы қараашаның 21-інде бұл фәни дүниеден бақылыққа жол тартты. Сүм ажал осылай абзал азаматты, жақсы жолдасымызды арамыздан алып кетті. Артында сүйікті жары Роза, балалары Айман, Қайрат, Азамат, немерелері, жиендері, ағайын-туыстары қалды. Галекенді соңғы сапарға шығарып салуға, жетісі мен қырқына жүздеген адам жиналды. Солардың барлығы да оның замандастары, әріптестері, ағайын-туыстары, шәкірттері жүректен шықкан қимастық сөздер айтты. Мұның өзі Галекенді көвшіліктің құрметтеп сыйлайтынының айқын айғағы еді.

Бұл кітапқа Галекеннің шығармаларынан кейбір үзін-ділер келтіргенді жөн көрдік. Сонымен қатар, оның 70 жылдық мерейтойына арналған құттықтауларды және осы кітапқа әдейі арнап жазылған естеліктерді енгізіп отырмыз.

Кітаптың соңында Ғалымның артында қалған шығармаларының тізімі берілді.

Кітапты қалың оқырман ықыласпен оқып, Ғалымдай абзал азаматты есіне алар деп сенеміз.

**Қайролла МҰҚАНОВ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі**



АҢСАҒАН МЕНИҚ АУЫЛЫМ

*Ауылым қалған дөңесте,
Ала ма бірақ мені еске?
Ертөрек ұшып ұядан,
Ұмытты-ау ұлым, демес нे?*

С. Иманасов, «Ауыл»

*Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,
Жүргегім жасалын атқан сөз дайында.
Теренде тұнып жатқан дауыл күйді,
Тербетін, тулатып бір қозгайын да.*

Қасым Аманжолов.

Менің ауылым дегенім – туған елім, өскен жерім. Ауылым дегенім – құлын-тайдай тебіскен құрбы-құрдас замандастарым, елдің атын шығарған абзал азаматтар. Есіл де менің ауылым. Суын ішіп, шөлімді қандырған, балығын аулап, дәмін татқан, көгалында ойнап, жемісін терген, суына шомылып, бойымды сергіткен, ауасын жұтып, көкірегімді ашқан ерке Есіл – менің сылқым мінез қарындасым деуге болады.

Ауылым сол ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың тогай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал желі, майда қоңыр лебі бойға қуат, жанға ләzzат-тын! Өзен түбінде күмістей жарқырап түрлі-түсті жылтыр малта тастар жатса, бетінде құнмен шағылысқан су

толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі жалт-жұлт етіп жылжып барады. Бір ғажабы бұл құбылыс жылан сияқты ирелендеген сұлу Есілдің тынымсыз ағысынан өзгеріп, мың құбылады. Осы бір тамаша көрініс көңілге шабыт береді:

Есіл бойы құлпырған жасыл желек,
Орман-тоғай, қырында қайың-терек.
Жұпар исі аңқиды саясында,
Алқасында тұнып түр жеміс-жидек.

Таза ауа, мөлдір су, күннің көзі,
Тіршілікке қажеттің нағыз өзі.
Үйстық күні барамыз Есіл жаққа,
Жасарсын деп тәніміз, беттің өні.

Иә, біздің ауыл осы өзеннің оң қанатында күнгей жагында орналасқан. Есіл бойы ойлы-қырлы болып келгенімен өлкеміз жалпы жазық дала. Жазық дегенде мидай дала емес, өрнектеп тоқылған текемет-кілем сияқты, жағалай өскен тал, терек, мойыл, шілік, ақ қайың ағаштары алыстан көз тартады. Соның ішінде, әсіресе көзге ерекше шалынатыны – қайың. Өнірімізді “Ақ қайындар өлкесі” деп атайдыны да сондықтан болар.

Ауыл маңында өркештеген тау, бұқірленген жон да жоқ. Дегенмен тастакты дөңестерден, Есілдің үлкенді-кішілі тармақтарынан сылдырап бұлақтар ағады. Олардың сұзы зәм-зәмдай шипалы, ішсөн бал-сусын, жуынсан жүзің жасарады. Әттең, осы мөлдір бұлақтардың көпшілігінің көздері бұл

күндері жерді жаппай жыртудың нәтижесінде бітеліп қалды. Ал көзі ашықтарының сұзы жолшыбай лайға қосылып Есілге ағады. Аяусыз ластана бастаған одан жан-жануардың су ішетіні жанға батады.

Біздің жерге көктем лебі бірде ерте, бірде кеш соғады. Көктем ерте келсе, қар ағыл-тегіл күрт еріп, тез кетеді. Бұған жөңкіле көшкен қазбауыр бұлттардан төгілетін жаңбыр да көмектесе түседі. Сөйтіп, көктем Есіл өнірін құлпырта, жанғырта келеді. Көктемде, өзен тасығанда сай-саланы, бүкіл алқаларды су басып, ауыл шетіне дейін жайылады. Кейін оның сұзы қайтып, арнасына түскеннен кейін ойдым-ойдым жерлерде, шұңқырларда “карасу” деп аталатын көлшіктер қалады. Ол шілденің ортасына дейін құргамайды. Осы кезде балыққа, жуа мен жидекке қарқ болып қаламыз. Ауылдан екі шақырымдай жерде “Ащы” деген алқа бар. Оның ұзындығы да, ені де ат шаптырымдай жер. Балтырымыздан су кеше жүріп, уыс-уыс жуа тереміз. Жұмсақ, дәмі тұщылау оның бақшада өсірілген қол жуадан еш айырмашылығы жоқ. Сол “Ащыда” су құргасымен өлең, жоңышқа, биік сыйбызығы тәрізді, түрлі шөп өскен көкорайдың, жұпар исі анқып тұрады. Былтырғы шөп шабылып, тырмаланып, жиналышп алынғаннан кейін ескі шөптен қылтан да қалмайды. Сондықтан, Ащының астын су шайғандықтан тап-таза болып қалады. Осы алқадан шаруашылық малына да, жекеменшік малына да жететін жемшөп дайындалады. Сол тілім-тілім болған Ащының қазіргі күйін көргенде жаның шошып, ішін ашиды. “Ой да көп, уайым да көп ойлай берсөң, ой да жоқ, уайым да жоқ ойнай берсөң” дегендейін бүгінгі ауыл өмірі мен оның

қазіргі табиғат жағдайы соңғы кезде мені көп ойландырып, толғандырады. Ашының жанынан өткенде оның бейшара жағдайын көргін келмей көзді жұмуға мәжбүр боламын.

Мен ауылда туып-өстім, Есілдің жағасында есейіп-ержеттім. Ендеше маған ауыл да, Есіл де жүрегіме ыстық.

Біз орта жүздегі Арғынға жатамыз. Оның ішіндегі Атығайдан тараған он екі атаның бір тармағы Құдайберді - Бәйімбет боламыз. Бұл Есілдің бойымен үш жүзден аса шақырым қос қанатын тұтас алып жатқан қалың ел. Осы елдің тармақтары Есілден алшақ басқа облыстарда да тараған. Сонау Құдайберді-Бәйімбеттен бері жылжып, жеті атаға жақындастасқ бізді Қабай-Тұяқ руы деп атайды. Бұл ру алғашында бір жерде қоныстанса, кейін Кенес үкіметі орнаған кезде тарыдай шашылып, бет-бетімен бөлініп кеткен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары әркім өз күн-көрісін ойлап, жан-жаққа бытыраған.

Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өнірінде қыстап, жазғы жайлауын Жаманкөлде өткізіпті. Бұл ара Есілден 120-150 шақырымдай жер, осы далада Қабай-Тұяқ жұбы жазылмай бірге өсіп, біте қайнаған екен. Бірақ ұжымдастыру, кенес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды теңестіру науқаны күшейген кезде ел үшке бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы Қарағаш ауылы), екіншісі Бөрліде (Шал ақын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Қабай руынан бұл күндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда Шал ақын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есіл ауданында т.б. жерлерде

тұрып жатқандары да жеткілікті. Ашаршылық пен қуғындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, күндерін көрген. Заман түзеліңкіреп, ел есін жинаған кезде қайта елге оралған екен.

Біздің ауыл көпке дейін “Бостау ауылы” деп аталған, ол ескі карталарда осылай көрсетіліп келген. Ал, Бостау деген біздің аталарымыздың бірі. Оның арғы жағында Бадана-Бастау ауылы деп аталған көрінеді. Бадана менің ұлы атам, яғни менің атамның әкесі. Сөйтіп, менің аталарым құнары мол, малға да, жанға да жайлыш, орман-тоғайы қалың, нәрлі Есіл бойын мекендейті.

Қазан төңкөрісіне дейін атам Шеген би болыпты. Аса үлкен бай болмағанымен орта шаруадан жоғары ауқатты адам болған. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы да, жөн білетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған жерді игеру науқаны кезінде (кеңес Үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қақ ортасында үлкен жел диірмен тұратын. Оны кезінде атамыз салдырыпты. Сол жылдары Саумалқолден ағаш бөренелер тасып сегіз бөлмелі үй салдырыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісімактары диірмен мен салдырған жаңа үйді, мал-мұлкін түгел кәмпескелеп, мемлекет меншігіне алып қойған. Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі бір ауылға апарып, мектеп қызып кайта орнатады. Содан бері сол ауыл “Мектеп” ауылы атанип кетеді. Бүтін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген көп жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп қуғынға ұшырайды, бай болған, би болған,

“нағыз қулак” деп айып тағылады. Сондыктан ауруға шалдырып, қайтыс болады. Кулактың баласы деп отзынышы жылдары менің әкем - Қадірәліні де біраз әуре-сарсанға салады. Амалсыздықтан әкем қашып-пысып, қала маңында бой тасалай жүріп, отыз тоғызынышы жылдары ғана елге оралған екен.

Тағдырдың тәлкегіне түскен атамыз бен әкемізді біз ешқашан естен шығармақ емеспіз. Шеген, Беген, Нұртаза үш ағайынды аталарымыз жұптары жазылмай, еншілері бөлінбей өткен адамдар.

Шегеннен – Қадірәлі, Бетия деген екі бала туады. Қадірәліден - Қайыржан, Фалым, Әлім, Сара туады. Бетиядан - Тайжан, Қыдырма, Шәбдән, Талап, Уәзилә, Қайни, Зоя туады.

Менің ең жақын туыстарым осылар. Әкем бертін, мен институт бітіріп, жанұялы болған соң қайтыс болды, немерелерін де көрді.

Бірақ әжем Шәрбанды (Керейдің Ақбалық ауылынан болатын) көрсем де, аталарымды көрмедім. Олардың қыын-қыстау кездерін әкем айтпады. Өзі де қасқырдан қорықкан қойдай жуасып, ләм-мим деп еш аузын ашқан адам емес. Дегенмен әкем ақылды, мәдениетті, елге жағымды адам болды. Ауыл ақсақалдары, кәрі қарттары “бидің баласы не айттар екен” деген сөздерді естіп қалушы едім ішинара. Әкем дін окуын да жақсы менгерген еді. Шала молдалардың айтқан шаригаттары мен оқыған құрандарының қатесін түзетіп отырушы еді.

Шіркін, сол әкелердің, сол кездегі қариялардың өситеттерін, шежірелерін, ақыл-кенесін көнілге тоқымадық,

елемедік. Сөйтіп көп нәрседен мақұрым қалғанымызды енді сезініп отырмыз.

Адам есейген сайын, шау тартқан кезінде ұмытшактыққа ұрынады еken. Кешегіні бүгінде есіне сақтай алмай әбігер болады еken. Ал, жастық шақтағы, әсіреле бала кезіндегі өмірің тайға таңба басқандай көз алдында қалады. Тіпті компьютерге жазылып қалғандай бәрі де миында сайрап тұрады.

Алғаш көзімді ашып көргенім әке-шешем, ағайыным, туған-тұысқандарым. Ес біліп есейген шағымда елдің азаматтарын таныдым. Бұл естелігімде ерекше есте қалған ел азаматтарын сөз етпекпін.

Ердің үш жұртының бірі - нағашы жұрты болса, ол жөнінде бірер сөз айтуға болады. Өйткені балғын бала кезімде нағашыларыма жиі-жіі барып, еркелеп, жылы-жұмсағын жеп, аунап-қунап қайтушы едім. Бала болсам да үлкен-кішісі қоғадай жапырылып, жиен келіп қалды деп аса құрметтейтін. Нағашыларымның тегі Бөрлідегі Қабай, Жаназар-Шортай әuletінен тараған.

Яғни Жаназардан Шабатай, ал одан Әуелбек туады. Сол Әуелбек жанұясы менің туған нағашыларым. Әуелбектен Кәли, Қабас, Әлпейіс деген үш ұл, Үмітжан, Кәмел деген екі қызы туады. Соңғысы менің шешем. Кәлиден бір ұл Қабдрахман, бір қызы – Қапия туады. Қабастан жалғыз ұл - Сәлім туады. Ал, Әлпейістен Шолпан деген бір қызы туады.

Нағашыларым тұратын жер – Неждановка селосы. Ол екі-ақ көшеден тұратын ауыл, оның жартысында орыс, жартысында казактар мекендеген. Олардың тілдері де аралас,

яғни сөйлеген сөздерінің койыртпақ екені бірден сезіліп тұрады. Бірақ екі көше бір-бірімен мейлінше тату тұрады. “Подруга” мен “Тамырлар” да жеткілікті болады.

Жас кезімде Неждановкаға жиі баратындықтан азды-көпті орысшаны осы нағашылардан үйреніп келуші едім.

Нағашыларыма барғанда “шермаш” келді деп қарсы алушы еді. Бұның мәнісі былай. Отыз тоғызыншы жылға дейін Қызылжар маңындағы (шойынжол бойында) Ауызтал деген жерде тұрыппыз. Онда Бәйімбет руынан жиналғандар бір ауыл болып отырады. Сол ауылдың атын “Бәйімбет” деп атап кеткен. Бұл күнде ол арада ескі жұрттың орны ғана бар. Айтайын дегенім, ауыл кәрілері жиналғанда мен кебістерін талдың ішіне тығып қоятын көрінемін. Ал, кебісіміз жоқ іздендер деп у-шу болатын көрінеді. Алдымен “шермашты” табындар сол үрлады!- деп азан-қазан болады. Содан бері нағашыларым мені “шермаш” деп атап кеткен екен.

Шешем марқұм айтып отыратын бір сөзі әлі есімде.

“Баймұрат сенің аузыңа түкірді, әнші, домбырашы болсын деп. Ол сенің нағашың болады. Өзі де сегіз қырлы жігіт еді-ая...”

Рас, мен Баймұратты көргем жоқ. Сұрастыра келсем, нағашыларымның ағайыны екен. Әскерде соғыста қаза болған. Артында Бизура деген қызы, әке-шешесі, екі інісі (Амангелді мен Жақсылық) және Сақыш деген сүйген жары қалады.

Бір ғажабы, Бизурадан туган Жұмабек деген ұл өткен жылда нағашы атасының қаза болған жердегі зиратын тауып (Ленинград қаласы маңында), бір уыс топырағын экеліпті. Міне азаматтық деп осыны айт!

-Бизура, сен әкенді білесің бе, есінде қалған жәйттер бар ма? - деп сұрадым бірде.

- Мен әкемді білмеймін. Мен туғанда ол өзінің міндетті әскери борышын өтеуге кетіпті. Одан оралғанда екі-ақ жаста екенмін. Мен үш-төрт жаста болғанда соғыс басталып, әкем соғысқа аттаныпты. Шынын айтсам, мен бертінге дейін әкем-Мейрам, шешем - Әмина деп жүрдім ғой (шынында, олар атам мен әжем екен). Шешем - Сақыш әкемнен ерте қалды. Он екі жыл ата-енесінің қолында тұрды. “Қарағым келін, саған рұқсат, көп күттің жарынды, жассың әлі, келешегің бар, құдай сені кешіреді, тұрмысқа шық, тек осы Бизураны бізге тастасаң құдай алдында ризалық батамызды береміз – деп он баталарын берген екен ата-енесі. Сөйтіп, менің шешем тұрмысқа шығып, бірнеше бала өсірді. Жасы сексенге таяп, балаларының қызығын көру үстінде...”

- Бизура, әкенден қалған не бір сурет, я, жазған хаты сақталған жоқ па? -деп сұрадым. Сонда Бизура:

- Мынаны байқашы деп сарғайған, ортасынан бөлінген, сиясы бозарған екі-үш солдат хатын ұсынды. Ашып оқысам, өлеңмен жазылған хаттар сүйген жары Сақышқа арналған екен. Жалынды жүректен, достық тілекпен, сағынышты үмітпен арнаймын осы хатымды сәuletтай, Сақыш деген сөздерді үққандай болдық.

Баймұрат соңғы хатында былай дедті:

“Тіршілік болса, Сақыш, ұлы женіс тойында кездесерміз. Уәдеге берік бол. Сен әрқашан ойымнан кетпейсің. Хат күтемін! – дейді де, алған сөлемдемеге бір ауыз өлең жазыпты.

Алдым мен асты жағымды,

Өзің салған қағынды.
Қолыңмен әкеп бергендей
Сүйсініп жедім дәмінді.
Қазакта “Ауызға түкіру” деген де салт-дәстүр бар. Баймұрат нағашым сияқты өнерлі болдым деп айта алмаймын. Дегенмен домбырадан еттеп хабарым бар. Оған көмектескен елдегі жақын ағаларым Қабдол Сайдуұлы, Ғазез Әбілмажынұлы сияқты өнерлі азаматтар болатын. Солардың әсері болар, есім кірген соң Жаңажол ауылында тұратын шебер – Мәжен деген ақсақалдан екі қап бидайға домбыра сатып алдым. Ол домбыраны мектепті бітіргенше Өкеш екеуміз тартып тоздырыдық.

Енді өз жұртysma келетін болсам, алдымен Есет үйін айту керек. Есет деген кісіні өзім көргем жоқ. Отзынышы жылдардың ұлы дүрбеленінде “бай-кулақ” деп ұсталып, айдалып, содан із-түссіз кетіпті. Ал, сол үйдегі әжеміз - Үрзапия бертін қайтты. Осы жанұяны “атам үйі” дейді екен.

Үрзапия әжеміз жеті құрсақ көтереді. Сол – жеті баланың ішінде Ережеп пен Қапия егіз туған. Осы жетеудің соңғы тұяғы болып бүгінде жетпіс жастан асып отырған Ережеп қана қалды. Ережепті ауыл “Епел” деп кеткен.

Ұлы Отан соғысы басталардан бұрын біздің әке-шешеміз елге көшіп келеді. Онда мен үш-төрт жастамын. Әрі туыс, әрі пейілі кең болған соң осы Есет атаның үйіне орналасыптыз. Үкіштей ғана екі бөлмелі үй жанға да, малға да тарлық етпеді. Ол кездері жаңа туған мал төлі қысайларында үйде ұсталатын.

Баланың аты бала ғой. Сол қыын күндердің өзінде біз

тұрмыс тауқыметін сезіне қойғамыз жоқ. Жазда Есілден балық аулап ойнап-күле жүріп, ауыл мектебінен сауатымызды аштық.

Қыншылық үлкендердің қабырғасын қайыстырады фой! Элі есімде - сол отты соғыс жылдары ауылда ер-азаматтар некен-саяқ қана қалған тұс, көбіне шаруашылықтың ауыр жүгі әйелдердің, қарттардың иығына түскен кез. Таңың атысы, күннің батысы бел шешіп отыруы аз, соқа айдал, жер жыртып, шөп шауып, егін жинап әурешілік көрген де солар. Әжем де (Ережептің шешесі) ел қорғауға аттанған екі ұлын есінен бір сәт шығармай, қолы ұршық үйіргенімен көнілі қобалжып, ыңырысып ән салама-ау, әйтеуір терезе алдында көзін сығырайтып күн ұзаққа отырады. Қарт аданың көніл-күйіндегі құбылысты пішінінен анғарамыз да аяқты еппен басып, саябыр табамыз.

Соғыс өмірдің қыл көпірі емес пе. Сол көпірден жанның бәрі аман-сau өте бермейді. Үрзәпия әжеміздің тетелес екі ұлы Нұрахмет пен Қасими сол соғыстан оралмады. Жүрегін жарып шыққан төл перзенттерін ойлай-ойлай әжеміздің белі бүгіліп, қайғының зілмауыр салмағы еңсесін езіп кетті. Содан беліне ақау тұсіп, таяққа сүйеніп жүретін болды.

Соғыстың қындығы ересектер мен қатар балалардың да жүрегін тырнады. Әжемнің егіздері Ережеп пен Қапия да жастайынан тұрмыс қыншылығын шекті.

Майданға кеткен әке-ағалардың орнын жоқтапаймыз деп ақ қар, көк мұзда еңбек етті, көптің ауыртпашилығын олар да көтерісті.

Қындық шынықтырады да, қындық булықтырады да. Сол ауыр күндер өз зардабын салмаушы ма еді, бүгінде Епел

де жетпістің жүгін арқалап, таяққа екі қолдан сүйенетін болды.

Жетпіске келген ағамызға жолығып, өткен өмір жайлары сыр шертуді өтіндім. Сол кезде бұрын қара нардай қайыспайтын Епел осалдық көрсетіп, ағыл-тегіл жылап жіберді.

- Әкемнен төрт-бес жасымда қалдым ғой. Түрі-түсін де білмеймін, білмегесін көз алдымға елестете де алмаймын. Бірге туған алты бауырымның бүтін бірі де қалмаған. Асқар тауға балаған екі ағамнан тірідей айрылдым. Нұрахмет - он алтыншы, Қисами - он сегізінші жылғы еді. Сүйектерінің қай жерде қалғанын да білмеймін. Елден топырақ бұйырмады. Арқамды аяздай қаритыны да осы. Адам қартайғанда туыс іздейді екен ғой, - деп ол жас үйірліген жанарын аударып әкетті.

Өмірдің соққысына тап болып, жас иініне ауыр жүк түскен Епел оқуды ерте тастап кетті. Мұндай, өмірдің өзі ерте есейткен балаларға ұжым жұмысынан басқа барап жол бар ма еді? Ол да жас басынан сол жүкті арқалады. Өзіндей балалармен бірге ол да ересектерге ілесіп, өмір жүгін өгіздей өрге сүйреді. Көнбістік, көнтерілік осы үйге бұйырған қасиет пе деп кейде таң қаламын. Бұған Епелдің кейінгі бүкіл ғұмыры айрықша айғақ болады. Тұмасынан тұйық, сөзге сараң, кеуде соққанды сүймейтін, төр тілеп тебінбейтін, адал еңбекті ғана білетін, ерінбейтін, тапсырғанды қанаты талса да тындырмай қоймайтын Епелді ел осы бір сипаты үшін сүйеді. Ол қырық алты жыл механизатор болып еңбек етіп, омырауына «Еңбек Қызыл Туы», «Октябрь Революциясы», «Ленин» ордендерін таққан еңбек жулдегері болған жан. Өзі

тұратын Сергеев (бұғінгі Шал ақын) ауданында осы бәстө оның алдына түсептіндер кемде-кем десек асыра мақтағандық бола қоймас. Біреудің делебесін қоздырып, төсін соққылататын медальдардың, мақтау грамоталарының неше атасы бар десем, ол да жалған емес. Соғыс басталарда алғашқы тракторға отырған ол техниканың неше түрін менгермеді.

Бір сөзбен айтқанда, оны «Қажымас қара нар!» дейді. Осының ақиқаттығына оны білетін ауылдастары, Шал ақын ауданындағы ЫІ. Үбыраев ауылының азаматтары айғақ болар еді. Оның есімін кезінде аудан басшылары да талай-талай ірі мінбелерден көпке үлгі қылып, елге өнеге етіп ауызға алғанды.

Бұл күнде шау тартып, ата болған Ережеп ағамыз өмірдің мына қындығын да көріп отыр. Бірақ табигатынан қайсар адам той, босқа нальи, зар илең отырған жоқ. «Көпшен көрген ұлы той» деп ел басындағы қазіргі қыншылыққа да төзіп келеді.

Осы жетпіс жасында талай сынды, өмірдің нешеме ауыртпалығын көрген Епел иманжүзді Дәкеш женгемізben бірге шаңырағына құт қонып, береке мен ырыс дарыған отбасы болып отыр. Олар тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Ұлы ұяға, қызы қияға қонған бақытқа кенелді. Атам үйіне құдай берген қасиет әлі де сырт айналып кетпеген. Ол - сабырлылық. Сөзге құмар емес, аузы ауыр десек те айтар болса нысанага дәп тигізетін өткір сөзді тұқым. Сол қасиет атадан балаға, баладан ұрпаққа дарыған.

Уақыт ұзақ болғанмен, өмір қысқа. Кешегі жарасы жазылмаған сұрапыл соғыстың аяқталғанына жарты

ғасырдан артық уақыт өтіпті. «Елу жылда - ел жаңа, жұз жылда - жер жаңа». Егде тартып елу емес, алпыстан астық. Сонда немерем «ата соғыста болдың ба, не көрдің, есінде қалды ма?» - деп сұрауы хақ.

- Жоқ, мен соғыста болмадым. Ол кезде сен сияқты бала едім, мектепке де барғам жоқ. Дегенмен соғыс тауқыметін ерте көрдім, ерте сездім. Баласынан айрылған аналардың көзінен сорғалаған қанды жасын көрдім. «Біреудің жоқ қой баласы, біреудің жоқ қой ағасы» деген әнді тындардым. Әже деген асыл зат балапанын қорғаған тауықтай қанатының астына немерелерін жиып алып қамқоршы болады. Таяғына сүйеніп: «құлым, құлым, қашан келесің» - деп бір айтқанын тағы-тағы қайталап, өзімен-өзі сөйлесіп жүрген әжелерді көрдім. Сиыр жегіп, соқа айдал, жер жыртқан аналарды, балаларды көрдім, сүйген жарынан айырылып азырагап жесіңдерді корлім. Түсінсің де осы, түсінбессің де осы, құлым. Міне, соғыс дегенің осы....

Ауылдың атқамінер ер-азаматтары соғысқа кетті. Елде балалар мен жас жеткіншектер, әйелдер мен кәрі-құртана, әскерге жарамсыз деген бірен-сарап ағалар қалды. Сол бірен-сарап ауылды басқарып, билік тізгінің қолдарына алғаннан кейін адамдардың бірін алдап жұмсаса, екіншісін зекіп ұрсып, боктап та алатын, тіпті шектен шыққандарын аттың бауырына алып сабап, дүре соғатын. Қайтсе де жұмыс жүрді.

Жастықта, әсіресе, балалық шақта дүние кен, қызығырақ сияқты, ал зауал шақта дүние тарылып кеткендей болады, бірақ адам өмірдің қызығына тоймайды екен. Ал өмірдің қызығы не? Соғыс па? Жоқ. Жегенімізге тоқ, ойнынызға

мәз болып жүрген балалар – біздер соғыс зардабын сөзбеппіз. Асқар бел азаматтардың соғыста жүріп еліне жазған сағыныш хаттары ауыл қарияларына сүйеніш үміт лебізін әкеледі. Бір кез қайғы сейіледі.

Жадыраған жаз да өтер, кіrbің тартқан күз келер, қылышын сүйретіп қыс та жетер. Ала жаздай сабылып, мандай терін төгіп алас ұрған біздің апа-женгелеріміз бар ауыртпалықты өз мойындарына алып еді. Егін егу, шөп жинау, жанұяны асырау бәрі де солардың қолында, міндегінде болды. Шау тартқан кемпір-шал да, ши борбай балалар да жаутаңдал соларға қарайды. Соғыс кезінде ауылды күйзелткен жоқтық, жетіспеушілік емес, әр жанұяның қабырғасын қайыстырып, жүрегін өртеген бір парақ «Қара қағаз». Соғыстың қызған кездерінде амандық хат аз келіп, қара қағаз жиі келетін болды. Енді біреулерден не өлі, не тірі деген хабар да жоқ. Халық соғыс жылдары қан жұтып, іштеріне шер боп қатты. Я, соғыс зардабы көпке дейін кетпеді, соғыс жарасы көпке дейін бітпеді.

Менің әкем соғысқа барған жоқ. Оған бір қолының кемдігі себеп болды. Ауыл балаларының көвшілігінің әкелері әскерге алынып, соғысқа кетті. Олардың көвшілігі оралмады. Бірақ қыншылықты жетім-жесірлермен бірдей көрдік. Қанды соғысқа қатыспаса да ерлігін елде көрсеткен Шөбек, Қабдірашит, Шал, Қажымұрат, Қажақмет, Бейсенбі, Уали, Есмағанбет, Сүлеймен, екі Садуақас, Майлан, Қадірәлі сияқты әкелерді атап өткен жөн. Қын-қысташау кезде елді қыншылықтан алып шықкан абзал адамдар еді. Әжелер болса соғыста жүрген балаларына жүннен қолғап, байпақ тоқып жатады. Жұмысқа жарамды ересек балалар мен қызы-

келіншектер құмырсқадай жапырылып, қыбырлап еңбек етті.

Сұрапыл соғыстың дүмпуі мен тұтіні әлі басылмай тұрганда мүгедек болып елге оралған азаматтарымыз да бір төбе. Оларды ақсақ, шолақ қол, басы-көзі тесілген, ауыр жаралы болса да жан олжа деп ел-жұрт қуана қарсы алып жатыр, тәубешілік деп әжелер көздерінің жасын сұртуде болды. Атап айтсақ, елге тірі оралған әкелеріміз: Ишанғабыл, Қабдол, Қази, Бекім, Бейсенбай, Әбу, Қабдышлбари, Зұлқарнай, Жұма, Кенжеғара т.б. Аз да болса ауылдың кемтігін толтырған осы жауынгерлер елдің еңсесін бір көтеріп тастады.

Соғыстың басталуы біздің бала кезімізге тұспа-тұс келді. Соның әсері ме – тез есейіп, буынымыз тез қатайды. Каршадай кезімізден үй шаруасына араласып қана қоймай, апаларымыз бер ағаларымызға, шешелеріміз бер аталарымызға көмектесіп, ұжымдық шаруашылықтың жұмысына араластық. Шынын айтсақ, сол соғыс кезінде 7-8 жастағы балалармыз. Сонда біз өзімізді үлкен кісідей сезінетін едік.

Ұйқылы-ояу, көзімізді тырнап ашып, таң сәріден аттың басына мінеміз. Осы жаста ат құлағында ойнадық. Бұны үйреткен өмір. Шөп алқасын бір айналып шыққанда да үйқы ашылып, бойымыз жазыла қоймайды. Дегенмен шабындық жерді бөлек-бөлек бөліп алып, орап шауып жүрген шалғышылар қатарласа таяп келгенде ат үстіндегі балалар шолақ қамшыларын жоғары үйіріп, мәз-мейрам болып қалады, ал шөп машинасының құлағын ұстап отырған үлкендер болса, бізге қосылып күлісіп рахаттанатын. Сейтіп осыдан қас қарайып, көз байланғанша үлкеніміз бар, кішіміз

бар дала жұмысынан қол үзбей қызу еңбек үстінде боламыз.

Ол кезде шөп шабатын агрегат өте жабайы еді. Шөп машинасын қос өгіз тартады, оның алдына ат жегіліп бағыттаушы қызметін атқарады, ат үстінде бала отырады. Машинаның үстінде отырған ересек адам екі өгізді айдаумен қатар шалғы агрегатын реттеп, бақылайды. Таңғы салқында, яғни күн арқан бойы көтерілгенше және кешкі салқында - күн еңкейген кезде жұмыс өнімді болады. Мал да, жан да қапаланбай еркін тыныстап жақсы жұмыс істей алады.

Шаңқай түсте дем аламыз. Алдымен күнімен күнге қызған денемізді салқыннату үшін Есілдің салқын сұына сұңғіп-сұңғіп аламыз, өзеннің аргы, бергі бетіне малтып етіп, рахаттанамыз. Бұл кезде өгіздер өлгенше су ішіп, қарындарын қампитып судан шығады да дөңдегі көгалды жотап оттай бастайды. Жылқы жануары су ішінде суланған құйрығымен жауыр арқасына қонған сона мен шыбындарды шыпылдатып соққылайды. Балалар әбден салқындал жандары кіргеннен кейін әрқайсысы өз аттарына қарғып мініп, әрлі берлі жүзітеді. Үсті-басы құлағынан бастап бүкіл жоны бойымен құйрығына дейін тазалап жуып терісін жылтыратады. Одан соң әр атты тұсаулап бозға айдал салады.

Дәл түсте тамаққа тойып, қымызға не сусын-айранга, я шэйға қанып ішкеннен кейін төбесі шошайған, жас шөптен жасалған қостың ішіне кіреміз. Жұпар исі аңқыған жұмакқа тап болғандайсың. Осында жатып әжептәуір ұйықтап дем аламыз. Кешке тұс ауғасын тағы жұмыс, одан соң, шаңнан тазару үшін тағы шомылу. Қас қараже бергенде (күн батысымен) төрт-бес шакырым жердегі ауылымызға атпен шаба жөнелеміз, ал үлкендер болса пар-пар өгіздерін арбага

жегіп, көк шөптің үстінде әңгіме-дүкен құрып келеді. Ат үстінде алдыңнан майда қоныр, салқын самал жел ескенде құні бойғы шаршаганың бірден басылып, бойың сергіп қалады. Шөп науқаны кезіндегі жұмыстың қыны да, қызығы да осы болатын біздер балалар үшін.

Әлі күнге дейін есімде 1951, 1952, 1953 жылдардың жаз айларында біздің ауылдың оқушы жас жеткіншектерін шаруашылық басшылары әдептегідей көмекке шақырады. Жұмыстың түрі мал азығын дайындау, яғни жемшөп дайындау науқаны болатын. Жасымыз 15-16-лар шамасында болғанмен, тепсе темір үзетіндей жағдайымыз бар сияқты сезінетінбіз. Шынында да буынның қатайып, бұлшық еттеріміз бұлтиып, өсіп қалған кез. Жастық жалын дегендей, бойымыз берілген ойымыз бірдей дамып, оның үстіне еңбекке ерте араласып шыныққан жастар едік. Біздермен жастар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасайтын Қабиден, Каражан, Рақымжан ағаларымыз еді. Рақымжан Әбілов ағамыз істің бас аяғына дейін бізben бірге болып, пішеншілер бригадасын өз қамқорлығына алды. Ракаң іскер, еңбекқор, білгір, сауатты, оқығанынан тоқығаны көп адам еді. Маяның төбесін шығаруды, оның массасын өлшеуді біз сол кісіден үйрендік. Кейде үйілген маяның, не шошактың массасын көзбен де анықтай алатын. Сондағы қателігі көп болса 4-5 центнер ғана болатын.

Сол кезде шөп трактормен шабылып, трактормен жиналады. Осы жиналған шөпті біз қолмен айырлап, маялаймыз. Ауылдың жас жеткіншектері осы жұмысты тиянақты әрі сапалы атқарып отырдық. Жұртшылық, бұл игі іске дән риза, істеген ісіміздің қаншаға бағаланғанын да

білмейгінбіз, әйтеуір жыл аяғында есеп жүргізіп еңбеккүнге бидай алатынбыз. Дегенмен, Рақан жүрген жерде қарнымыз аш болмайтынын білеміз. Мәселен, күніне 9-10 жігітке 40-50 литр қымыз, 4-5 кг ет, 2 кг сары май, 5-6 бөлкө нан келетін жұмыс басына. Қымыз алғашқы кездे бойды алып, маужыратып ұйқыны келтіріп жүрді. Соңынан қымызды жарыса ішетін болдық. Үлкен емен бөшкеде шайқалып келген қымыз ашуы қайтып дәмі жұмсара түседі. Одан соң ағаш көлеңкесіндегі салқын шұңқырға бөшкені түсіріп, қымызды салқыннатамыз. Кейін қымызды да, жұмысқа да үйреніп, шынығып алғаннан кейін ісіміз өнебастады. Күніне 350-400 центнер шөпті үйіп маялаймыз. Орта есеппен әр адам күніне 40-50 центнер шөп үйеді. Шындығына келгенде шөп қымыздың, тамақтың күшімен үйілді десе дұрыс болар. Эрі сусын, әрі тамақ, әрі қуат беретін қымыздың қасиетін сонда айқын байқаған едік.

Осы науқан кезінде тек тамақтың ғана қасиетін біліп қоймай, бірге өскен ауылдас замандастарымызды, жақын туыстарымызды білдік. Олар Ерғазы, Әбеш, Төкен, Кенес, Өкеш, Әскер, Ахметжан, Герольд, Тыныс, Жұмаш, Қабыш, Хамит, Қайыржан т.с.с. Алғашқы төртеуі бірлі-жарымды жасы кіші, сондықтан мектепте бір класс төмен оқыды. Ал соңғы жетеуі менімен жасты еді, бірге оқыдық. Қайран осы достарым-ай, көпшілігі бұл өмірде жоқ! О дүниеге ерте кетті! Герольд, Хамит, Тыныс деңсаулықтарына байланысты жұмысқа онша араласпады.

Осылардың ішінде Өкештің қолының қаруы бар еді. Жұмысқа тиянакты, қалжырамайтын. Төкен қарулы болса да тез алқынып қалады. Осы екеуі де тілге шорқақтау, сөзге

сараң болатын. Бірақ шөп айырлауда болсын, қымыз ішуде болсын, куресте болсын жеңіп шығатын. Ахметжанның айыр көтеруге қарағанда сөзі, қылжыны, құлкісі көп болатын, сондықтан оны маяның төбесіне шығаратынбыз, ал Әбештің жұмыс басында аузы құлкіден жиылмайтын, аңқылдаған ақжарқын адам еді. Әскер аздап түйіктау, жұмысқа бірден кіріп кетпейді, артын бақылап, андалап сөйлейтін. Бірақ темекі тарту, реті келсе аракты да тартып жіберу сияқты әдеті болатын. Сол әдетке жолдастарын да үйретуші еді. Әркімге әртүрлі мінез береді, әртүрлі қасиет береді. Осылардың ішіндегі марқұм Ерғазыны ерекше айта кеткен жөн болар.

Ерғазы толықша келген аксары жігіт болатын. Денесі тығыршық, құреске ыңғайлы, іштен шалса лып еткізіп қарсыласының жамбасын жерге тигізетін палуан еді. Есейген соң денесі еңгезердей боп жуандап өсіп кетті. Ерғазының екінші бір қасиеті іліп-қақпа әзілі мен қалжыны болатын. Ол шақпақ сөздің шебері, үлкенмен әзілдесе білетін, кішімен қалжындаса білетін, замандастымен жағаласа жүріп ойнайтын адам. Сөйтіп, отырған жерін ойын, барған жерін базар қылатын. Бір жәйт есіме түсті. Үйленіп, балалы болғаннан кейін жанұяммен елге келдім. Қарындастым - Сара мен жолдасы - Қайролла да қонақ болып жатыр екен елде. Көшеде Ерғазы кездесе кетті, амандықты сұраспай жатып ол:

- Қаланың қайыршылары келіп қалыпты-ғой! - деп іліп-қағып өтті.

- Я, келіп қалдық. Қайыршыға да бірдене беруші еді-ғой! – деп қарсы жауап бердім мен.

- Жарайды, айтуың дұрыс, - деп, амандықты сұрасқаннан кейін жөніне кете барды.

Кешке күн еңкейіп, батуға таянған кезде Ерғазы бізді үйіне шақырып, бір қойын сойып, арақ-шарабын қойып, қаланың “куларын” қатырып қонақ қылды. Шіркін, Ерғазы ер еді гой!

Балалық - бал дәурен, пәк көніл. Өмірдің ашы-түщісін, құлық-сұмдығын таңдамайтын ақ жүрек адад кез. Мен ауыл баласымын. Жастық шағым ауылда өткеніне қуанамын. Өйткені адалдықтың, адамдықтың төркіні ауылда жатыр. Ауылдан шықсаң – бір ірі академияны бітіріп шыққандай боласың. Мәселен, біздің ауылдың ақсақалдары көпті көрген, арабша діни оқыған, қиссалар мен шежірені жатқа билетін білімді адамдар еді. Олар Зікірия, Сералі, ақын Ерғали, бүркітші Әбілмәжін, Сәрсекей, Елемес, Жайлаубай, Тәжібай, Ырысбай, Бопат, Әлмағанбет, Құлмырза, Жұмағали, Таласпай, Бектүр, тағы басқалар. Осы ақсақалдар отызыншы жылдары құғын-сұргін көрген Үкілі Ыбырай, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин сияқты саңлақтарымызды айтып отыруышы еді. Шығармаларын, өлеңдерін естуші едік. Онымен қоса, қиссалар, жыраулар, ертегілер т.с.с. Қазақ қазынасының байлығынан сыр шертілетін. Олар дүниелерді қалай жаттап алған деп таңданатынбыз. Осы қариялардың ішіндегі аса алғыры да білгірі де Зікірия мен Ерғали болатын (екеуі де аталас ағайындар). Шіркін, солардың айтқандарын кезінде ұғып ала алмадық. Мүмкін мән де бермеген шығармыз. Дегенмен, рухани жағынан көмек берді деп айта аламыз.

Біздің үрпақ тез есейді. Оның шындалып, шынығып

өсуіне үлкен септігін тигізген алдыңғы толқын ағалар мен апалар себепкер болды. Дегенмен, солардың аттарын атап кету артық болмас:

Ағаларымыз Темірғали, Сәбит, Қабиден, Ережеп, Қаражан, Темеш, Аманжол, Қайнет, Қайыржан, Резиден, Ғазиз, Тарбақ, Қасым, Әшім, Сәлтәй, Хамза, Кейкуат, Зұлқан, Абылқайыр, Есләм, Сайран, Зият апаларымыз Қапия, Жамал. Соғыс кезінде осы бойжеткендер мен бозбалалар әкелерінің орнын басып, шаруашылықты мықтап ұстап тұрды. Әттең, осылардың біразы өмірден ерте кетті.

Осы аталған ағайын ағаларымның ішіндегі еті тірі, ең етene жақын бауырым Қаражанды айтпай кетуге болмайды. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес дегендей, мені сонау соғыс кезінен қасында ерте жүріп, тәлім-тәрбие берді. Ол Үкімет шаруасына беріліп, белі қайысып жұмыс істеген адам емес. Үнемі жеңіл жұмыстарды атқарды. Бірде шаруашылықтың кілтшісі, бірде ферма басшысы сияқты қызметтерді жүргізді. Сабактан басым босап кетсе сол ағамның жанында боламын. Ақылын тыңдаймын, жұмысына көмектесем, көбіне атын жегіп, божысын ұстаумен боламын. Стандарты жұмысшыларға нан жеткіземіз, тамағымыз да тоқ. Сол ағамыздың тәрбиесін, ақылын бүгінге дейін алып келдім. Мектепке соғыс қызған, от-жалынды жылда бардық. Көбіміз дәл оқуға барада жаста, ал кейбіріміздің жасымыз асып кеткен шақта білім ұясының табалдырығын алғаш аттаған едік.

1943 жылдың күзді болатын. Бір таба күлше нанды қолтығымызға қысып 3-4 шақырым жердегі станнан ауылға келдік. Мен әжем үйіне орналастым. Нан демекші, бидай

қамырынан иленіп, оқтаумен тегістелген дөңгелекше күлшені даға жаққан оттың астындағы құлғе тастайды. Ол пісті-ау деген кезде оттан алып, көк шөптің үстіне қоя береді. Суығасын олардың қарайып күйген тұстарын пышақпен қырып, тазалайды. Одан кейін оларға май-қаймақ жағады. Мұндай құлише бәтірдің дәмі ауыздан кетпейді, тамаша!

Егіс науқанының қызған шағы, 1-ші қыркүйек – оку жылының басы. Алғаш оқуга келген 1-ші сыныптың оқушылары парталарға отырып жатыр. Жоғары сыныптарда оқушылар бірен-сарап гана. Тұрмыс ауыртпалығына байланысты оқуга келмей қалғандар да баршылық. Көбімізде оқулық пен жазу дәптеріміз, қаламымыз бола бермейді. Бар «байлығымыз» – қара қарындаш пен жолдарының арасына жазу үшін әлде қайдан тауып, жинастырып алған орыс ертегілерінің сарғайып, тозған кітаптары.

Үсті-басымыз, киім-кешегіміз де онып тұрған жоқ-жұпны. Кигендеріміз бәрі дерлік жамау-жұмай, ескі-құсқылар. Бірақ бұған ренжіп, оған баса көніл бөліп жүрген ешкім жоқ. Қазіргі уақыттағыдай оку жылдарының басталуын алаулатып-жалаулатып, қоңыраулатып дүрлігіп жүрген адам жоқ. Ұстаздарымыз – орта мектепті өздері толық тәмамдал үлгермен жас бойжеткендер. Заку Шалқызы, Назика Көлдейқызы, Құлшара Қасымқызы, Шора Ақанова (соңғы екеудің бүгіндері дүние салған) сияқты елдің таныс өрімдей қыздары. Эрине, орта мектеп болған соң мұнда Сейпі, Ақия, Қажи сияқты тәжірибелі қартан мұғалімдер де болды. Өкінішке орай, олардың кейбірінің есімдері бүгіндері есте қалмапты.

Ең алғаш әліппені үйреткен, саусағымыз бен аяқтаратмызыдағы бәшәйләрімізді саната жүріп, есеп үйреткен сол жаны жайсан жандарға мен осы күнге дейін мың да бір алғыс айта жүремін. Басқа ауылдардан келіп оқитын балалар үшін мектеп-интернат ашылып, жұмыс істеді. Онда оларға үш мезгіл тегін тамак берілетін. Сондай-ақ мұнда жергілікті балалар үшін де түстік ас дайындалып, берілетін. Суы мен тұзы мол қара нанды қолмен сыйсан, саусақтарыңың арасынан су тамшылап тұратын сол нан кезінде талай баланың жанына қуат беретін. Соның арқасында ешкім аштан өліп, көштен қалған жоқ десек болады.

«Жыл деген ат басын бұрганша, «ай» деген аунап тұрганша»- дегендейін, сол айлар мен жылдардың зымырап өте шыққанын да кезінде байқамай қалдық-ау! Жастық шақта онша еленбекен көп жәйттерге ғұмыр жасың ортадан асканда басқаша қарап, сағынышпен еске алады екенсің! Бір қызығы - сол тәтті балалық дәуреннің қызықты күндері қазір компьютерде жазылып қалғандай көз алдыма жиі елестейді. Жүріп өткен жолың, сонында қалдырған ізің осы күні айна-қатесіз көлбендейді.

Менің алғашқы парталас дос-жарандарым Өкеш, Ахметжан, Болат, Хамит, Тыныс, Әскер, Маймақ, Герольд еді. Алғыр ойлы оку үздігі болған неміс баласы – Герольд кейін барлық пәндер бойынша жақсы үлгерімі себепті бір сыныпты аттап өтіп, мектепті бізден бір жыл бұрын тауысты.

Соғыс жылдарындағы жоқшылық пен жетіспеушілік зардабы халықты мәдени-рухани жағынан да күйзелтті. Пионер, комсомол ұйымдарының бірен-сарап жиындары мен шағын-шарпы концерт-ойындары болмаса, басқа көңіл

көтеретін мазмұнды шаралар жоқтың қасы болатын. Рас, айна 2 рет ауданнан кино әкелініп тұратын. Ол кезде қазіргідей жоғары вольтты электр желісі болмағандықтан киноны мотормен көретінбіз. Ол өзі жиі сөніп қала беретін, біз киноны аяғына дейін көру үшін оның құлағын кезек-кезек бұрап электенетінбіз. Сонда көп қызықтайтындарымыз: «Катюша», «Марина» сияқты соғыс туралы кинофильмдер. Эрине, біздер үшін олар өте қызықты көрінетін. Сондай-ақ жылына бір рет ауылымызға Қызылжар қаласы филармониясының әртістері концерт қойып кететін. Олардан менің есімде қалғандары: Ысқақ және Мархаба Иманқұловтар мен Игібай Әлібаев. Рас, өнерлі адамдар ауыл ішінде де болатын. Мысалы, Ерғали Асылтаев әнші, әрі суырып салма ақын еді. Түрлі жиын-тойларда біз оны сүйіп тындастынбыз. Кейін оның қызы – Зураш та өлең айтып, әншілігімен көзге түсті. Айтпақшы, ақын әрі жазушы Ғалым Малдыбаев та біздің ауылда тұрып, біраз жылдар мәдениет ошағына ұйытқы болды. Кейін ол Зураш апайымызға үйленді.

1942 жылы көшіп келген Бельгер Карл Федорович дәрігер ғана емес, музықадан да хабары бар адам екен. Ол бұрын біз онша көре қоймаған скрипка мен баянда қосылып айтатын отбасылық ансамбль ұйымдастырды. Әлі есімде бірде мектебімізде Молдахмет Тырбиевпен (оны Тырбидың Молдахметі дейтін) кездесу кеші болды. Оқушылар залға лық толды. Кішірек балалар алда, сәкі үстіне отырдық, ал үлкендер артында тұрды. Алдағы жақта тұрғындар төсөліп, оның үстіне Молдахметті қолтықтап әкеліп отырғызды. Ол кісі аласа бойлы, толық денелі, пысықша адам екен.

Есімі облысқа, республикаға таныла бастаған облыстың белгілі ақындарының бірі болатын. Ортаға шығысымен ол домбырасының құлағын бұрап, бабына келтірді де шертіп-шертіп жіберіп, домбыраға қосылып әнді әуелетіп әкетті. Әлден соң екі беті жайнап, дауысы ашылып, залдың ішін әсем әнмен дабылдатып жіберді. Тыңдаушылар «Әп, бәрекелді!» деп риза болып кетті. Әбден шабыттанған кезде ол ән әуенімен бірге қозғалақтап отырған күйі жылжылжи-жылжи біздің тіземізге келіп тірелді. Өнеріне тәнті болған халық қолпаштап, қолдарын аяусыз соғып жатыр. Бала болсам да ақынның халық алдындағы беделін, оның шеберлігіне деген шынайы ризашылықтарын анық сездім.

Міне, қазір алдында сол Молдахмет Тырбиевтың Кенен Әзірбаевпен түскен фотосуреті жатыр. Бұл оның облыстық, Республикалық ақындар айтысына қатысып, талай өнер көрсеткендігінің айғағы. Осындай тума дарын иесінен «бір мұра қалмады-ау» деген ойда жүргенімде, Молдекең туралы бір шағын естелік кітап (К.Салықовтікі) көзіме жарқ ете түсті. Қатты қуандым!

Қырқыншы жылдардың соңы. Жас жеткіншектердің окуға, білімге деген құштарлығы, еңбекке деген талпынысы аса арта түскен шақ. Мүмкін бұл соғыстан қалжыраған халықтың рухани қажеттігі ме, білмеймін. Әйтеуір, жаңа бетбұрыс басталғандай болды. Ауылдағы өмір бізді еңбекке ерте баулыды. Беліміз қатаймай жатып, қандай да болмасын жұмысты (үйдің, я қоғамның) тартынбай істейтін болдық.

Соғыстан оралған Шияп Садықов, Жанғали Құсайынов, Есім Смағұлов, Қалау Тайжанов, Ахметжан Қалиахметов, Сәден Байбатыров сияқты жарапанып қайтқан ардагер

ұстаздар мектепке оралып, ортамызды толтырды. Олар мектебіміздің іргелі білім ошағына айналуына сүбелі үлес қости.

Ленин ауылының сән-салтанаты мен мәдениеті ежелден сол аймақтағы елдерден оқ бойы жоғары болатын. Оның себебі географиялық орналасуы немесе халықтың шоғырлануы ғана емес. Бағызы - өнерлі адамдары. Нақтылап айтсақ, сол кездегі ауыл мәдениетінің үйіткесі - мұғалімдер. Ол кезде орта, арнаулы орта, жоғары білім тек мұғалімдерде ғана болатын. Есілдің қос қанатында қоныстанған біраз ауылдардың балалары осы Ленин орта мектебіне окуга келетін. Облыс бойынша орта білім беретін қазақ мектептері соғыс жылдары, одан кейінгі жылдары санаулы-ақ еді. Аулымызда бірлі-жарым басқа ұлт өкілдері де тұратын. Олар: орыс Журавлевтер мен Эльковичтердің жануялары және соғыс жылы көшіп келген неміс Бельгерлер жануясы. Олардың балалары қазақша оқып, қазақша сөйлейтін. Яғни олар жергілікті ұлтпен етene жақындасып, біте қайнап, сінісіп кеткен. Кейінгі жылдары басқа ұлттардың саны арта түсіп (тың көтеру кезінде), ауыл халқының ұлттық құрамы құрт өзгерді.

Ертеде ақсақалға сәлем берсөн, «молда бол» дейтін. Біз оны мұғалім бол дегендей түсінетінбіз.

«Ұстаздық қылған жалықпас... Баламды медресеге біл деп бердім...» деп Абай айтқандай, әрбір ата-ана баласын жақсы мектепке беріп, тәжірибелі ұстазға оқыткысы келеді. Мысалы, кезінде мұғалімдік қол жетпейтін мамандық болып саналатын. Олардың жүрісі де, сөзі де, ақылы да, киғен киімі де бізге үлкен үлгі, өнеге болатын. Сондықтан

да болар, 50-60 жылдардағы мектеп түлектерінің дені мұғалім мамандығын таңдайтын.

Мектебіміздің сол кездегі директоры Шияп Садықұлы орта бойлыдан сәл жоғары бойы бар, шашын артына қайырған ақ сары, арықша келген әдемі адам еді! Сырт бейнесіне қарасаң асқан сабырлықты, үстіне шаң жүқпазан тазалықты көресің, ал ішкі дүниесіне үңілсөң де бай-салдылық пен ақылдылықты байқайсың. Бұның өзі мұғалімдер ұжымын, балаларды, мектепті тәртіптілікке, жинақылыққа, творчестволық жұмысқа бағыттайды. Мектеп ішін былай қойғанда, көшеде жүріп келе жатып түкіруге, шемішке шағуға, дөрекі сөйлеуге болмайды! Ондай ерсі қылықты Шияп ағай көрсе немесе естісе қатты ренжитін. Ұрса ма? Жоқ! Ол ондай баланы кабинетіне апарып, екі көзін қысынқырап, жанына келіп, ақырын ғана «Осы ұят емес пе?» - деген сөзі етінен өтіп, сүйегіңе жетеді. Балаларды былай қойғанда, ауыл адамдары Шәкенді көргенде тоқтап, иіліп сәлем беретін. Ауылдың атқа мінер азаматтары, тіпті ауыл басшысы басқарма да мектеп директорымен ақылдасатын, санастып отыратын. Шіркін, Шияп ағайдың жұбайы Мұсәлім женгейді айтсаншы! Аса мәдениетті адам еді-ay! Сабакта да (тіл маманы), көшеде де өзінен үлкен-кішілермен, шәкірттерімен «Сіз» деп сөйлесіп өткен адам! Шияп Садықұлы математикадан сабак берді. Ол жоғары білімді Омбы қаласында алған. Мен ол кісіден көп дәріс алғамын жоқ. Себебі басқа мұғалімдерден оқыдым. Кей ретте ол бізге де сабак беретін. Бір теореманы айтады да, оның берілуін, дәлелденуін тақтаға әдемілеп жазады, суретін салады. Өз жазғаның арт жаққа барып қарайды. Сосын барып

окүшүлармен жұмыс істейді. Сабақ берудегі дәлдігі (сөйлеу, жазу мәнері) математика пәнінің талабына тұра сәйкес келуіне танданасын.

Тағы бір айтулы тұлға тарих пәнінің мұғалімі, директордың оку және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Жанғали Құсайынов. Соғыс ардагері. Шияп ағамыз соғыста бір бармағынан айрылып келсе, Жәкең бір қолын майдан шебіне қалдырган солдат – мұғалім.

Жуас, қыз мінезді, аңқаулығы да бар, бірақ мейлінше адаптадам болатын. Оның есесіне, зайыбы Нұрсұлу жеңгеміз - адудынды, өткір, ашық та, пысық кісі еді.

Кезінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің депутаты болғаны белгілі. Ол кезде мұғалімдерден депутат болып сайлану сирек құбылыс-тын. Бұл ретте озат диканшы, механизатор, сауыншыларға басымдылық беріліп, депутаттыққа жиі сайланатын.

Есімде қалғаны – Нұрсұлу жеңгемізді депутат болғанда маңайдағы ауылдарды пар ат жегіп, кәшәуа шанаға отырғызып арапатқаны, шаруашылық кеңессіне кілеммен көтеріп әкелгені. Ауылдас ағаларым, соғыс ардагерлері Ахметжан мен Сәден де осы мектепке көп қызмет етіп, ұлағатты ұстаздар атанды.

Елуінші жылдары мектебіміз (жоғары сыныптарда оқимыз) біздің бағымызға қарай жаңа бір толқын жігерлі, жаңашыл, білімді мұғалімдермен толықты. Олар: Жылкелді Мұқанов оның жұбайы Зура, Ермұқан Сейдахметов, Шаймұрат Қарабеков, Қажен Базарбеков, Жасұлан Қадыров, Есмақан Қожақов, Фазез Жахин, Құрмаш Баязиеv, Темірғали Бектұров, Шәкім Нұртазин, Кейқуат Асылтаев, Фазез

Әбілмәжінов, Қайрош Қоспанов, Жұмаш Сейітбеков, Дүйсө Әбілов сияқты ұстаздар еді. Алпысыншы жылдары Шекен Қасымов, Шалбай Смағұлов, Қағида Базарбаева, Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрқанов, Мейраш Әбілкәрімов, Әлім Шегенов алғашқы ағалардың ісін жалғастырады. Бұл аталғандардың көпшілігі осы мектептің тұлектері. Егер жақсы ұстаз ұстаздыққа тәрбиелесе, оның жақсы ұстаз екеніне кімнің дауы бар. Алғашқы ұстаздар кейінгі мұғалімдерге тәлімгер болды.

Мен өз ауылымдағы осы Ленин орта мектебінде оқып-тәрбиленгенімді өзіме мәртебе санаймын. Менің де кейін ұстаздықты қалауыма, өзім тәлім алған сол абзал жандардың білім беру саласына жан-тәндерімен берілген мұғалімдерімнің әсер еткені сөзсіз. Яғни Ленин орта мектебінің мақтаулы педагогикалық ұжымының шапағаты. Қандай да болсын мектеп данқын оның тұлектері шығарады, ал тұлектерінің есімін ұстаздар мақтан етеді. Бұкіл саналы өмірімді сол ұстаздарыммен өзімнің шәкірттеріммен, еңбектес әріптестеріммен қатар өткізгенімді бақыт деп санаймын. Көшеде кездескен бір шәкіртім шын көнілімен амандастып, жылы шырай берсе – еңбегімнің қайтқаны деп есептеймін.

Қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың басында мектебімізде Егорова Мария Петровна деген мұғалім орыс тілі мен әдебиетінен сабак берді. Орта жасқа келген кезі болатын. Өте жабайы, жұптыны киінетін адам еді. Бұл кісі жөнінде Герольд Бельгер өз шығармаларында жақсы жазды. Мария Петровна сонау Ресейдің Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербург) қаласынан келген. Ол бұл жерге тегіннен-тегін келген жоқ екен. Коммунистік партия

серкелерінің бірі Сергей Миронович Кировтің қаза болуына осы Егоровтар жанұясының да қатысы бар деп жер аударған. Сол үшін Мария Петровна Қазақстанға, ал оның жұбайы (оқымысты) Сібірдің бір қаласына кеткен. Сол жақта қалған екі ұлы кейін (оқымысты болып шыққан) елге шешесін іздең келіп кеткенін де көзім көрді. Бізге сол Мария Петровна сабак берді. Ол орыс жазушылары Гогольдың, Островскийдің (драматург), Чеховтың т.б. еңбектерін миымызға тесіп құйғандай жеткізетін. Мария Петровна сабак берген күннен бастап қалың дәптерлерге түсінгендерімді қалдырмай жазып отыратынмын. Соңан кейін ол жоғары оқу орнына түсуіме жап-жақсы септігін тигізді. Мария Петровна сабак бергенде көзі жайнап, айтып тұрған шығарманың кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін әртісше ойнап, олардың өндерін көз алдына елестете білетін.

Кей кездері сол кейіпкерлерінің бейнесіне беріле еніп, түсіндіру кезінде жүргегі қысып, тынысы тарылып, ауа жетпей орнына шаршап отыра кететін. Ондай сэтте біз дереу бетіне су бүркіп, бөлменің есік терезесін ашамыз, ауасын тазартамыз. Соңдағана есі кіріп, бойын жинайды.

Ие, жазықсыз жазаланған жандардың жүрекі қыспаганда қайтсін! Нәзік жүрек қанша шыдасын? Оның үстіне Мария Петровнаның алғашында тұрмысы да мәз болмады. Ауыл балалары кейде үйден жұмыртқа жинап апарып береміз. Біз ол кісіге сабактан тыс уақытта шаруасына қолқабыс етеміз. Небары екі-үш жылдың ішінде сол мейірімді де, білімді ұстаздың арқасында орыс әдебиетінен тәп-тәүір білім алдық, орысша сауатымызды көтердік. Келешек институтқа түсуге жол ашылды. Себебі ол кезде қай оқу орнына барсан да,

қай факультетке түссең де орыс тілінен емтихан тапсыру міндегі болатын.

Оқуга түскеннен кейін де кейбір пәндер (соның ішінде математика) орысша жүргізілетін. Сол Мария Петровнаның бізге сіңірген еңбегі арқасында біз орыс тілінен еш кемдік көрген жоқпызы. Аяулы осы ұстазыммен студенттік кездерден кейін де, қашан ол кісі еліне қайтқанша, хат жазысып тұрды.

Кезінде мектепте білім сусыннатқан қадірменді мұғалімдерімді еске алғанда Жылкелді Мұқановты атамай өте алмаймын. Өзі де осы мектептің тұлегі. Ол Алматыдан мұғалімдік институтты бітіріп, мектебімізге 1951 жылы оралған еді, Сол жылы күзде біздің 8 сыныптың жетекшісі және қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды.

Бірінші қыркүйек, бірінші сабак. Ұзын бойлы, арықша келген, тап-таза киінген, ақ көйлек, галстук, көк шалбарының қыры пышақтың жүзіндей. Журналды үстелдің үстіне тастай берді, балаларды көзімен түгендеп, бір шолып, сабакты бастап жіберді. Исатай-Махамбет көтерілісі жайындағы жырды тасытып, құлпыртып, түйдек-түйдегімен ойнатқанда бойымыздың үйіп қалғанын сезбей қалыптыз. Бір ғажабы, ертегіге тап болғандай сүйсініп тындағық. Қырық бес минут бір сэтте өте шықты. Тағы бір қызығы – ол кісі қонырау соғылысымен журналды алып, шығып жүре беретін. «Сабакта кім бар, кім жоқ» - деп тексермеді. Тіпті, сабакты түсіндін бе, түсінбедің бе, - деп те сұрамады, бізді қатты таң қалдырыды.

Япрай, бұл сабак басқаларға мұлде ұқсамайды, дегенмен бізге ұнап қалды.

Ауылда шляпа киетін екі адам болды: Шияп Садықов қара шляпа кисе, Жылкелді боз шляпа киетін. Сол кезде, шіркін біз де осындай шляпа киер кез туар ма екен деп ойлаушы едік. Сол кісілердей білімдар мұғалім болуды армандайтынбыз.

Ауыл мәдениетіне Жылкелдінің қосқан үлесі аз емес. Бойындағы бар білімімен ол халқына (жастарға) өнерін үйретуден жалықкан жоқ. Бас режиссері бола жүріп, жастар театрын үйымдастырды. Кейіннен осы ұжым халық театры атағын алды. Ол қол өнерінің де шебері еді. Эттең, денсаулығы төмен болып, өмірден ерте кетті.

Кезінде Абайдың рөлін ойнап, бүкіл Алматы студенттерін аузына қаратқан адам. Өмірінің соңғы жылдары өлең, әңгіме де жазды. Жылкелді нағыз сегіз қырлы жігіт болатын. Эрине, ол ең алдымен тамаша ұстаз еді. Сондай ұлағатты ұстаздардан дәріс алғанымды мақтан етемін.

Шынын айтсам ұстаз боламын деп ойлаған жоқпын. Әкешешем де кім болғың келеді деп сұраған емес. Он жыл оқығанда баламның жайы қалай деп мектепке де келген емес олар. Соған қарағанда оқуым да, тәртібім де нашар болмаган гой деп ойлаймын. Кейбір ата-аналар баласының қабілетін, табиғи сапасын анық байқамай жатып менің балам ғалым, ақын, суретші т.б. болады деп құні бұрын айдар тағып қояды. Бұл әрине, үлкен қателік деп есептеймін. Балаға мамандықты өмірдің өзі таңдайды.

Елу төрттің жайдарлы жазында мектепті бітірдік, 44 оқушы едік. Өгіз сойып, қаладан екі бөшкे сыра алдырып, бие байлап, қымыз ашытып, дурілдетіп той өткіздік. Әскер Жұматаев қымызыға арақ қосып бәрімізді мас қылғаны

есімде. Бұл есейіп, ер жетіп, арақты алғаш татқан күніміз болатын.

Аттестатты алғаннан кейін бәріміз де тарам-тарам жолға шықтық. Он бір қыз және арасындағы жалғыз жігіт - мен шахтерлар қаласы - көмірлі Қарағандыға тарттық. Шешелері «алдымен аллаға, сосын саған тапсырдық қыздарымызды» деп жылап-сықтап шығарып салды. Қарағанды – бай қала. Адамдары да ақжарқын, ниеті кең, көнілі ашық. Біздің елден шахтерлер де, студенттер де, қызметкерлер де аз болмай шықты. Бәрі де құшақ жая қарсы алды. Олар: Бірлік Ақанов, Еслем Ақбасов, Құймаш Мұкалиев, Бейсен Алжыганов, Қайрош Қоспанов, Қамзабай Бекетов, Базарбай Махметов, Қайыржан Бегенов (менің ағам), Қамия апамызың бен Үкійжан жездеміз т.б. Құдай сәтін салып, Педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсіп кеттім. Оқыдық. Бес жылымыз студенттік өмірге кетті. Қарағанды қаласының ауасы метан газымен (шахта астынан шығатын) араласып иіс-қоңыс болып тұрады. Оның үстіне жер астынан шыққан көмір қоқыстары күні-түні жанып жатады. Осының бәрі ескі Қарағандының берекесін кетіріп, адамның басын ауыртады. Бір сәт ауыл еске түседі. Ауылдың жасыл шөбін, ақ қайындарын, Есілдің мөлдір суын, жұпар иісті ауасын сағынышпен аңсайды адам. Әсіресе, алғашқы жылдары сағыныш сезімі жиі-жиі оянатын.

Уақыт деген жүйрік-ақ. Бес жыл лезде өте шықты. Студенттік өмірдің қызығы мол. Бірақ бұл өтпелі кезең. Біз мектепке баруымыз керек. Бізді педагогтікке дайындағы. Ұстаз болу үшін жалғыз оку жеткіліксіз, оған қоса тәжірибе қажет, тереңірек айтсақ, әр адамның бойына берген табиғи

педагогтік дарындылық қажет. «Педагогтік парызынды адал атқарсан, педагогтік мәдениетің жеткілікті болса, сондаған беделің артады» – деген еді Сәкен Балаубаев п.ғ.д. профессор, пед.практиканың жетекшісі, институтта бізге үлкен дәріс, ақыл-кеңес берген адам.

Ақылды қария – ағынды дария деген, Сәкен соңдай адам еді.

Ең алғаш журнал ұстап, сабакқа кіруім 3 курста жүргенде болды. Қарағанды қаласындағы № 2 қазақ мектебі болатын. 30-35 окушы бәрі жаутаңдап, мөлдір көздері саған қарайды. Оның үстіне, он шақты студент – әріптер артында отырып, ауыздан шыққан әр сөзінді андиды. Бар сенетініміз жетекші С. Балаубаев қана. Асықпа, саспа, бар ісінді жоспар бойынша орындалап шығуға тырыс, деп алдында ақыл-кеңес берген еді. “Жалғаймын деп үзіп алма, түзеймін деп бұзып алма” деген мақалды есінде мықтап ұста деген еді. Сөйтіп, бірінші және одан кейінгі сабактар да өтіп жатты. Бой үйренді. Сабак бере аласын деген пікірге разы болып қалдық.

Сонғы курс. Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданының орталығы Атасу жеріндеміз. Ондағы Ленин орта мектебіне 17 студент сонғы практикаға келдік. Құдайдың берісі ғой, мұнда менің апа-жездем тұратын. Тұрмысымыз да, құрметіміз де жаман болған жоқ. Осы мектептің мұғалімдеріне де, окушыларына да, ата-аналарына да мың бір рахмет. Сыйлады, үйретті, аса құрметтеп шығарып салды. Өзім оқыған Ленин орта мектебіме ұқсайтынына таң қалдым. Жігерлі жастар сабактан тыс жұмыстарда домбыра ансамбілін, спорт секцияларын құрып, түрлі кештер

өткіздік, пъесалар қойдық. Сол екі жарым айда оқытушылардың да, оқушылардың да, ата-аналардың да көнілін көтеріп, ойынан шықтық.

Институтты аяқтадық. Өмірге жолдама алдық. Содан бері талай-талай тағдырларға жолықтық. Қарағанды қаласындағы № 32 қазақ-орыс аралас мектебінде математика пәнінің мұғалімі және директордың өндірістік оқу ісі жөніндегі орынбасары болып алғаш еңбегімді бастадым. Онда бес жыл қызмет істеп, ауа райының әке-шешеме жақпауына байланысты Қызылжарға көшіп келдім. Іні-қарындастым окуға түсіп, қызметіне шығып, өз қолдары өз аузына жеткен кезі болатын.

Қызылжардағы № 2 мектеп-интернатына сол бұрынғы қызметім бойынша орналастым. Шіркін, елімнің ауасы да, топырағы да өзгеше ғой!

Ақыл-кеңес берген сол кездегі мектеп-интернат директоры Ғалым Хамзин және облыстық оқу бөлімінің басшысы Виталий Иванович Сакун болатын. «Елінді қайтесін, қалада қал, қызметсіз болмайсың, пәтер кешікпей болады» - деген соң келіспеуге шара болмады. Осы оку орнында табаны күректей сегіз жыл істеп, үлкен сыннан, үлкен өткелден өткенімді өзім де байқамаппын. Кемеліме келіп, толығып, ұстаздық шеберлігімді ұштап, Ғалым Хамзин, Бәрменбай Темірболатов, Гиззат Габбасов, Василий Петрович Курилов, Шәміл Құсайынов, Мұхаметқали Ибраев, Ескендер Дәрібаев сияқты агалардан Рашида Азаматова, Мәриям Мырзатаева, Құлбарам Қасымова, Қайнен Жаманбаева, Алма Сәдуақасова, Жәмилә Сүлейменова, Алма Ниязова сияқты апалардан улгі алғанымға аса куанып,

мақтаныш сезіммен қараймын. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы, біреудің ақылы мол, біреудің қасиеті зор дегендей, сол кезде әр түрлі, әр қылышадамдар бір ұжымға біріктік. “Өзінді зор тұтпа, өзгені қор тұтпа” дейді халық. Алғашқы толқын ағалар, одан соңғы құрдастар, соңғы толқын інілер бір-бірімізді толықтырып, қызмет іstedік. Солардың ішінде көнілдес достарым Ертай Оспановты, Шәйза Оспанованы, Алла Абдразақованы, талапты, талантты, кіші әріптестерім Сабыр Сеңкібаевті, Зәуреш Қайырбекованы, Серікбай Құсайыновты, Жақсылық Ғалиевті атап отпеуге болмайды. Ұстаз болдық, сонда да ұстаздардан үйрендік. Су ағады, тас қалады, кәрі кетеді, жас қалады деген сөз бар. Сол рас, кәрілердің көбі кетті. Бірақ олар біздің көкірекімізде көпке дейін сакталады.

Табаны қүректей сегіз жыл ұстаз болыппын осы аталмышты мектеп-интернатта. Өндірістік оқудың басқарушысы болғаннан кейін еңбекке тәрбиелеу басты міндетім болатын. Қыздарды тігіншілікке, үй шаруашылығына баулу, ұлдарды автомобиль жүргізушілікке үйрету, лагерь арқылы қол енбегіне тарту деген (ол кезде) үлкен іс болатын. Солардың бәріне оқушы да, ұстаз да шаршамайтын. Сүйіп істеген іс шаршатпайды. Қалың ағаштың қисығы болмайды дегендей, жастардың күш-қайраты болғандықтан еңбектен тайынбайды, бәрі де белсене бір кісідей еңбек етті. Өмірге үйренді. Өнерлі баланың он саусағы тең, өнерсіз баланың бір саусағы кем деп қазақ тегін айтпаган. Баланың бәрі өнерлі болып тумайды. Қолына балға, балта ұстап көрмеген балалар лагерьде асхана, жатақхана, клуб салып, ойын, шомылу аландарын жабдықтады, жеміс,

жидек ағаштарын отырғызды, картоп пен бидай өсірді. Осындай жан-жақты тәрбиенің арқасында түлесктер көп нәрсені үйреніп шықты. Солардың ішінен Шоанаев Қайырлы (Республикаға еңбек сіңірген құрылышыны, парламент депутаты болған), Гайсин Галымбек (облысқа белгілі қызметкер), Омаров Ербұлан (белгілі инженер), Есенбеков Теміргали (филология ғылымының докторы, профессор), кәсіпкерлер: Баймұқанов Дәстен және Қайрат Қадірәлин, өнер иелері: Омаров Ұлан, Әлтаев Жәдігер, Бердібеков Қайырлы сияқтыларды айтса да жеткілікті болар.

«Ұстазсыз шәкірт тұл». Бірақ бір адам бір шәкіртті де тәрбиелей алмайды. Ол көптің ісі. «Ақку құстың төресі, жалғыз жатып оттамас» деген мақал бар. Сондықтан «мынау менің шәкіртім, мен тәрбиелеп шығардым» деген ұстаздың астамшылық жасағандығы болады. «Бала тәрбиесі - ұлы өнер, оны менгеру үшін бір өмір аз болар» - деген екен бір ғұлама. Сол ұлы іске үлес қосқаныңа ғана мақтануға болады.

Мен педагогтік жолды таңдадым. Оған өкінбеймін. «Мен» десем өзіме тиеді. Ал осы жолда аз шығындалмадым. Макаренко, Сухомлинский, Бабанский, Алтынсарин сияқты ұлы педагогтардың енбектерін оқыдым. А.С. Макаренко жүйесін енгіземін деп екі-үш жыл әуреге де түстім. Оның «Педагогикалық поэма» деген кітабының басты кейіпкері Семен Калабалинмен (шын фамилиясы Карабалин) кездестім. Ол баяғыда (колонияда тәрбиеленіп жүргендे) көршілерінің шошқасын ұрлап, әйгілі ұры атанған еді. Соғысқа қатысып, жаралы болып оралады. Өмірінің соңғы күніне дейін жетім балалар (панасыз балалар) үйін

басқарады. Әрине босқын балаларды тәрбиелу жөнінде көп ақыл-кеңес алдық ол кісіден.

Еңбек жолым үш-ақ жерде өтті: Қарағандыдағы № 32 орта мектеп (5 жыл), Қызылжардағы № 2 облыстық қазақ мектеп-интернаты (8 жыл директордың орынбасары, 11 жыл осы мектептің директоры), облыстық оқу бөлімінің инспекторы (10 жыл). Оқу бөлімінде екі рет болып, мектеп-интернатқа екі рет ауыстым. Қызметімнің көпшілігі жетім, жартылай жетім балалармен, көбалаңы мен байланысты болды. Сондағы көкейде жүрген түрлі ойлар, болушы еді. Оның ең бастысы жетім балалар үйін жауып, балаларды жанұяларға таратып беру болатын. Бұл ой жалғыз менің ғана мақсатым болмайтын. Өмір талабынан туындаған жалпы арман болатын. Осылай орай үйымдастырылған Дудников, Гордеев, Корольков, Құлыбеков «Жанұялық балалар үйлерін» үйымдастыруға қатысқаныма қуаныштымын. Казармалық балалар үйінен жанұялық балалар үйіне көшу имандылықтың аса бағалы түрі деп есептеймін. Әттен, бұл жұмыс әлі күнге дейін аяқтала қойған жоқ. Өмір бойы басшылық жұмыста болдым. Бірақ балалардан алшақтап кетпедім. Қайта оларға жақындей түстім. Мәселен интернатта жүргенде мұғалім сабағын беріп кетеді, тәрбиеші сабактан кейін келеді, ал директор болса осы екі мезгілде де жұмыс істейді. Бөлменің жылуы, тамақтың дер кезінде дайын болып, дәмді дайындалуы, тәрбиеленушілердің таза жүріп, дұрыс дем алуы т.б., тікелей директордың бақылауында болады. Интернат жағдайында балалар директорды өз әкесіндей жақын көреді, онымен мұн-мұқтажы жайында сырласа алады. Өйткені директор алды-

мен ұстаз, әрі тәрбиеші, қолында билігі бар басшы-қамқоршы. Оған балалар үлкен үмітпен, сеніммен қарайды. Сол сенімді, сол үмітті актай алдық па деген сұрақ туады. Өйткені балаларға берген жақсы жылуың да, сүренсіз берген ызғарың да оның жадында жатталып қалатыны сөзсіз.

Менің түсінігім, көп жылдан алған іс-тәжірибем бойынша байқағаным – балаға ұрып-зеку дұрыс тәрбие бермейді, қайта оның адамгершілігіне иұқсан келтіреді. Ұстаз білімімен, жан-жақтылығымен, бүкіл болмысымен тәрбиелейді. Ұстаздың биязылдығы, әдептілігі, кішіпейілділігі, мәдениеттілігі тәрбиенің нағыз көзі болмақ.

Иә, «...қалдырған ізің мәңгілік» деген ән жолдарындағыдай 35 жылға тарта өмірімді балалар тәрбиесіне, педагогтық қызметке арнағын. Бұл менің артымда қалдырған ізім екені талассыз. Кеуделерінен жалын атқан, болашақтарынан үміт күттіретін арыстандай айбапты бүгінгі жас түлектердің арасында кезінде алдыннан дәріс алып, біліммен сусындал шықкан менің де окушыларымның бар екендігі қеудеме куаныш ұялатады.

Зейнетке шығып, қазіргідей арқа кеңіп, бос уақыт молая түскен шақта олардың өсу-өрлеу жолдарын әрдайым жіті қадағалап отырамын. Олардың бірі туралы қандай да бір жақсылық есть қалсам, төбем көкке жетіп, көңілім өсіп қалады. Окушыларымның алған биігіне өзім шыққандай күй кешемін ондай сэттерде. Ал, анда-санда, мерекелер тұсында олардан хат-хабар, құттықтаулар келген жағдайларда тіпті де мереійім тасып, маркайып қаламын! Мұндайда «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан» болады деген Абай атамыздың сөзі оралады көкейге.

Соңғы жылдары қалаға – Петропавлға бұрнағы жылдары облыстың әр аудандарында мұғалім, мектеп директоры болып қызмет істеген көптеген әріптестерім қоныс аударып келіп жатыр. Әрине, зейнетке шыққан олар қартайған шактарында кіндік қандары тамған тұған елін, жұртын тастап, қалаға бұлауға (ваннаға) түсіп, қалғып-шүлғып жан бағу үшін келіп жатқан жок. Бұл да болса, уақыт қыспағы, нарықтың ауыл өмірін тұмшалай түскен ауыртпалығының бір салдары деп ұққан жөн. Қартайған шактарында тұрмыстың қындық қамысты жүйкелерін қалжыратқан олардың қала, маңындағы балалары мен тұған-туыстарының қанаттарының астына жақындаулары, әрине, табиғи заңдылық.

Мектепте істеген жылдарымның, әсіресе басшылықта істеген мектептің педагогикалық ұжымын басқарған жылдарым айтарлықтай жемісті және қызықты болды десем жаңсақ айтпаймын. Себебі бұл жылдары мен негізгі міндетім - оқушыларға білім берумен қатар үлкен педагогтар ұжымын шығармашылық істерге жұмылдыруға жауапты болдым. Оқыту-тәrbие үрдісін біліктілікпен сапалы жолға қою, ұжымды қайтарымды еңбекке бастау көп ретте мектеп директорының іскерлік таланттына байланысты еkenі жасырын сыр емес. Осы орайда мен еңбектес әріптестерімді уақыт талабына, заман ағымына қарай бейімдей тұсу үшін басқа мектептермен тәжірибе алмасу, мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру мақсаттарында түрлі ашиқ сабактар, оқыту-тәrbие жұмысының өзекті проблемаларына арналған конференциялар ұйымдастыруды көнірек практикаға енгіздім.

Соның арқасында облыс аудандары мен қала

мектептерінің мақтаулы ұстаздары, тәжірибелі директорлары мен олардың оку және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары біздің мектепке жиі қатынап тұрды. Кезегі келгенде біздің мектеп мұғалімдері де аудандарға іссапарларға шығып тәжірибе алмасып жүрді. Өз басым ұйымдастыру, шаруашылық мәселелері бойынша облыс басшыларына, облыстық білім беру басқармасы басшылығына, мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының және педагогикалық институттың басшылығына жиі шығып, олармен қоян-қолтық жұмыс істедім. Мұндай екі жақты және үш жақты кездесулердің мектептің жалпы жұмысын жақсартумен қатар, адам таныстық-білістік үшін де он ықпалдар тигізгені даусыз. Тұрлі бұқаралық шараларға қатынасу барысында біз бір-бірімізді тереңірек тани түсетінбіз. Осындай жиі жолығысулар нәтижесінде жолдастарым мен достарымның адамгершілік парасат-пайымдары, олардың өмірге деген көзқарастары туралы тың ойлар қорытындылайтынмын. Ал, көп жүріп, мол байқау, аз сөйлеп көп түю мұғалімдер үшін де, басқалар үшін де маңызы зор.

Көніл қошын көркейте түсетін сондай кездесулерде мен облыстың таңдаулы мектептерінің бірінен саналатын Николаевка орыс-қазақ орта мектебінің директоры «Ленин» орденінің иегері Асқар Игібаевпен жүздесуге асығатынмын. Білім беру саласының тарланы саналатын Асекеңмен ой бөлісіп, пікір таластыру бір ғанибет-тін! Сондай-ақ, мен басшылық жетегіне жегілген сол кезеңдері осы салада көп жыл бойына адал да абырайлы еңбек етіп, шәкірттері мен халық алғысына бөленген талай мектеп директорларымен

достық көнілдегі қарым-қатынаста болдым. Олардың әрқайсысы өмір жолдарын кестелі істерімен көмкерген, мақтауға да, мақтануға тұрарлық ұстаздар болатын.

Мәселен, Шекен Қасымов (кезінде мен оқыған мектеп) Сергеев ауданындағы Ленин орта мектебінің директоры, шебер ұйымдастырушылық қабілеті, тәлімді тәрбиесі арқылы мектеп туын жоғары ұстаган директор. Ол кезінде осы мектепке басшылық еткен Шияп Садықов ағасының өнегелі де бай дәстүрін жетілдіре, өркендете түскен тынымсыз, ұйымдастыруши ретінде лениндіктердің есінде мәңгі сақталады.

Оқушылар алғысына бөленіп, түлектер жадында мәңгі жатталған тағы бір директор әріптесім – Қайрөш Қоспанов. Алғашында Кривошеково, кейін Арқан арнаулы мектеп-интернатының педагогикалық ұжымын басқарған ол тағдырлары жүрек жылуын мол қажет ететін, қайрымды да кең пейілді жандарға үміт артқан жәудір көздердің ыстық ілтипатына бөленген мерейлі ұстаз.

Қай мұғалім болмасын, бала оқытқанда оны жақсы етейін, оның санасына адамгершілік, ізгілік нұрын себейін деп талпынады. Алайда олардың табиғат сыйлаған таланттары әр түрлі. Сондықтан біреу қанша ұмтылса да шәкірттеріне жүрек шуағын жеткізе, бойындағы білімін оның түйсігіне қондыра алмағандықтан тез ұмытылады. Ал бәз біреулер, баланы шынайы сүйетіндіктерінен, оқыту ісін шебер менгергендіктен оқушыларды сабакта болсын, сабактан тыс шараларда болсын тез үйіріп, олардың білімге, ғылымға деген құштарлықтарын қапысыз оятып, жүрек қылын дәл шертетіндіктерімен шәкірттерінің көніл төрі-

нен орын алады. Шексіз алғысқа ие болады. Ал, ол дегенің педагогикалық өнердің шынын менгерді деген сөз.

Ал бала жүрегінің мұндай инженерлері зерделеп қарар болсақ, облысымызды тіпті де аз емес. Мен жоғарыда есімдері аталған педагогикалық еңбектің тамаша шеберлерінің қатарына, сол 60-80 жылдарда өзіммен еңбектес болған Магел Басыбаев, Елтай Жусіпов, Жасұлан Қадіров, Әбжан Қожабеков, Ғазез Жахин, Құрмаш Баязиев, Әбжан Ыбыраев сынды, т.б. бірқатар мектеп директорларын ойланбастан қосар едім.

Облысымыздың балаларға білім беру жүйесі саласында шаршамай-талмай татымды еңбек еткендер туралы ой қозғағанда, сол жылдары облыстық білім беру басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген, еңбек ардагері, осы саласын үздігі Қайролла Мұқанұлы туралы жылы сөз айтпай кету қыын. Ширек ғасыр өмірін ұстаздардың «ұстазы болып», басқару саласында тындырымды істерімен көзге түскен бұл азамат қазірде зейнеттік демалыста болса да, осы қүнге дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, оқыту-ағарту ісіне атсалысып келе жатыр.

Сөз соңын жақында ғана Алматы қаласында өткен Білім және ғылым қызметкерлерінің кезекті съезінде сөйлеген Елбасымыз – Н.Ә. Назарбаевтың «Заманның сыншысы да, тарихшысы да - бүгінгі жастар» деген баяндамасындағы мына сөздермен аяқтағым келеді:

“Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отанышыл, білгілерініз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады. Білім саласы қызметкерлерінің отаншылдығы халықтың басқа буындарымен салыстырғанда анағұрлым ауыр

қындықтарды бастаң кешіре отырып, жастарға өзінің бойындағы бар білімін беріп қана қоймай, оларды адалдық, адамдық, тазалық, гуманизм, Отанды сүйе білу секілді асқақ сезімдерге тәрбиеленуінен де танылады. Патриотизмнің биік бір белгісі осы емес пе?”

Міне, еңбек бағаланды деген осындай-ақ болар! Қатардағы мұғалімін Президенті ардақ тұтқан, көшедегі жастарды мақтаныш еткен осындай елде – Қазақстанда туып, еңбек еткенімді мен әрқашан да өзіме бақыт санаймын және мақтан етемін.



АТА ТЕГІМ – ТҮП-ТАМЫРЫМ

«Жеті атасын білген ұл, жеті жүрттың қамын жер...» деген халық мәтелі бар. Бұл жерде ата-бабалар дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру хақында болып отыр. Бұл дәстүрдің түп тамыры - шежіре. Сол шежірені тармақтап таратқан талай тарихшылар болған. Бірақ халқымыздың шимайланаған қалған тарихы, үзіліп қалған салт-дәстүрі шежіреге де әсер етпей қойған жоқ. Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі деген сөз де тегіннен айтылмаған. Сол жетімдікті 20-ғасырда көрдік. Жаңа ғасырда жаңарып, есімізді жиып, егемендікті алғаннан кейін ата тегімізді іздеуге кірісіп жатырмыз. Бір атамыз айтқан екен:

Атамыз Арғын, Қыпшақ, Қонрат, Найман,

Дүниенің төрт бұрышына қанат жайған.

Бабамыз Арғыннан Ақжол туып,

Тарадық он екі ата Атығайдан

(ел аузынан)

Бұл шумақ Орта жүздің біразын қамтып отыр. Оны жазған кісі Арғын ішіндегі Атығай елінен екендігі көрініп тұр. Бірақ Орта жүзден Керей, Уақ рулары айтылмаған. Шежіре зерттеп, ата қуған адамдар аз болған жоқ. Батыс пен Шығыс ғалымдары, оның ішінде Дулати, Шоқан одан соңғы Шәкәрім, Мұхаметжан, Мәшіһұр Жүсіп шежіре зерттеп жазды. Абай мен Марғұлан да көп мәселені айтып кетті. Әрине Араб, Грек, Қытай, Парсы т.б. жазу мәдениеті ерте дамыған елдерде тарихи шежірелер, түрлі тасқа басылған жазылымдар халқымыздың көне халық екендігін дәлелдейді.

Біздің ата тегіміз – қазақтар көшіп-қонып жүрсө де түркі тілдес тайпалардың негізінде пайды болған біртұтас қалың ел. Бұл Абай айтқандай жерінің аумағы ұланғайыр, өз жерінде өзі көшіп-қонып жүрген ел, жаз жайлалауы, қысқыстауы дегендей!

Қонысы, жер аумағы, ежелгі ру-тайпалар құрамы бойынша қазақ жері үш жүзге бөлінген.

1. Ұлы жүз - төрт ата: Қаңлы, Үйсін, Жалайыр, Шанышқылы.

«Ұлы жүз - Үйсін» деп атайды. Ақ Арыс, Төле би шыққан жер. Халық «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой» дейді.

2. Орта жүз - алты ата: Арғын, Қылышақ, Найман, Қонрат, Керей, Уақ. Оны «Орта жүз - Арғын» - деп атайды. Бек Арыс, Қазбек би шыққан жер. Халық «Орта жүзді қалам беріп, дауға қой» - дейді.

3. Кіші жүз - үш ата: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру. Оны «Кіші жүз - Алшын» - деп атайды. Жан Арыс, Әйтеке би шыққан жер. Халық «Кіші жүзді найза беріп, жауға қой» - дейді.

Осы үш жүздің ұрпақтарын жиып теріп, тізе берсең бірнеше миллионға кетері сөзсіз. Сондықтан осы көптің арасынан өз ата-бабаларымызды тауып алуға тырысайық. Шым-шытырық шежірені қаз-қалпына келтіру мүмкін емес. Мәселен, бір атадан тараған тұқымды әр түрлі атпен жазады, яғни не ағасын, не інісін, не баласын жиі атайды. Екінші біреуі керісінше ауыстырып қояды. Дегенмен екеуінде де қателік жоқ. Шындығында зерттеуші ғалымдардың жазып кеткен мұрасын (шежіресін) теріске шығаруға да болмайды, оған біздің шамамыз да келмес.

Сайып келгенде, аздал қалам тартып жұрген біздерге жеті атамызды дәлірек жазып кетсек, болашақ алдындағы борышымыз аз да болса ақталды деп айтуға болады.

Орта жүздің бір тармағы – Арғын. Оның қай жерлерді мекендейгені, қалай тарағаны туралы талай тарихи деректер мен аңыз, ертегілер бар. Арғыннан қанша бала туғаны жөнінде деректер көп емес. Алайда Арғыннан туған Дайырқожа (екінші балама аты Ақжол) екені көп жерлерде айтылады. Сол Дайырқожадан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы, Болатқожа, Мейрамсопы тарайды. Осы алты атадан он екі ұрпақ тарайды; Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек, Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ.

«Он екі ата Атығаймыз» дейтіні де осы туыстарының санына қарай айтылған шығар. Екінші бір деректерде Атығайдың өз балаларының саны он екі болған, сондықтан «Он екі ата Атығай» деп аталады делінген. Қалай десе де қателік жоқ.

Сонымен, Қарасопыдан Қарауыл, Сарысопыдан Атығай туады. Атығай мен Қарауыл Қазақстанның Солтүстік (Қызылжар, Кекшетау, Ақмола) өнірін мекендейген ел. Омбы жерінде де бар.

Ата тегіміз Арғыннан басталады деген сыйбада кейбір аталар жол-жөнекей қалып отырады. Осы тізбектен өз аталарымызды шығарып алу үшін жасалған бұл әдіс дұрыс та болар. Қабайдан тарайтын Айтқожа, Барғана, Натақ, Нарбота аталарымыздың осы сыйбасында көрсетілмеген бүтінгі ұрпактардың кейбірін атап өткен жөн болар.

1. Шабатайдан – Нөгербек, Әуілбек, Тоқтарбек туады.

Нөгербектен – Бәлкей, Нұрмақан, Жәнпейіс туады. Әуілбектен – Кәли, Қабас, Әллейіс, Үмітжан, Кәмел туады (соңғысы менің шешем). Кәлиден – Қабдірахман мен Қапия туады. Қабастан – Сәлім, ал одан Абай, Сәбит, Жұма, Бибігүл, Айгүл, Әлия туады.

Қалқадан – Бекмырза мен Тоқмырза туады. Тоқмырзадан – Нұрпейіс, Алғожа, Мұқан, Ғалымжан, Хамит туады (соңғысы менің жездем).

2. Бейсенбіден – Тәркеш, Дәуken, Қаби, Жібек, Марал туады.

Қабділбәриден – Төкен, Сәуле, Бақыт туады.

Жұмадан – Темірболат, Айдос, Жомарт және Құлбәршін, Қөгершін, Зере туады.

Ғазезден - Нұрлан, Нұрболат және бірнеше қыз.

Қабыштан (Зейнілғабиден) Ербол, Ерген туады.

3. Қазиден – Қеңес, Майраш, Бақыт туады. Садуақастан – Зият, Жәния туады.

4. Зікіриядан – Сәлтай, Ермағанбет (Ермөшке), Төлеген (Төлеш), Жиренше (Танта) және 4 қыз: Мәки, Шайзада, Мұхтар, Мәуеш туады.

5. Ақпанбеттен – Есқак, одан Мағауия, Ерғали, одан Шияп, Жар, одан Мұқаш пен Бекет, Әлмағанбет, одан Мереке, Уәп, одан Серік туады.

Мұқаштан – Есілгөл, Бекен, Сейдіғали, Қайыржан туады.

6. Қази мен Бәйтеннен ұрпақ жоқ. Рақымжаннан – Дулат, Талғат, Қанат, Талғар; қыздар – Раушан, Балғын, Құрақ, Әйгерім, Райхан, Айдын туады. Дүйседен – Болат, Марат және Алма мен Қөгершін туады.

7. Эміржаннан (Майлан) – Қаршыға, Сыздық, Қайрат, Қайыргелді және 2 қыз туады.

8. Имактан – Қабдуәли (Тарбак), Ахметжан, Мұқамедия (Мәтөк) және Дәрмен мен Бикеш туады. Қабдуәлиден – Қайыржан, Нұржан, Айгүл... туады. Ахметжаннан – Дәуренбек, Болатбек, Руслан және Сәуле, Баян, Әсем, Аққоян туады. Мұқамедиядан – 3 үл, 2 қыз туады.

9. Махметтөн – Қамаш пен Әйкеш туады.

10. Тәжібайдан – Өкеш пен Тойжан және Айжан туады. Өкештен – Манаrbек, Бауыржан, Қорған, Махамбет және Қарлығаш, Бұлбұл, Алмагүл, Орынша туады.

11. Ырысбайдан – Шопан, Шоқан және Бөпеш, Сәли туады.

12. Қаражаннан – Бораш, Амангелді, Аманжол және Ләzzат туады.

13. Ишанғабылдан – Бәйкеш туады.

14. Есеттен – Ережеп пен Қапия туады. Ережептен – Ербол мен Серік және Роза, Жуза, Ботагөз, Дәмеш, Үлболсын, Зоя, Айман, Шолпан, Раиса туады.

15. Мұсеттен – Әлти, Мағрипа туады.

16. Шалдан – Темеш, Игібай және Заку туады. Темештен – Дәulet, Думан, Қайрат, Қанат, Дәуренбек және Құләй, Бекзат, Самал туады. Игібайдан – Жанат пен Шота және Гүлнэр туады.

17. Жағыпардан – Мәруар мен Жамал туады.

18. Таласбайдан – Қуанышбай, Аманжол, Қайнет және Мәриям туады. Аманжолдан – Ғабиден, Димаш, Әлия, Ғалия және Бақыт туады. Қайнеттен – Ғаббас (Жарқын), Науқан, Еңбек және Нұрия, Ботагөз, Дина, Данагүл туады.

19. Нұртазадан – Қамия туды, одан Зейни туды.
20. Бегеннен – Естекен және Накия, Байшым, Сәмия туды. Естекеннен – Мәриям, Нагима, Бақыт деген үш қыз туды.
21. Шегеннен – Қадірәлі, Бәтия туды. Қадірәліден – Қайыржан, Галым, Әлім, Сара туды. Қайыржаннан – Қанат, Салауат және Салтанат туды. Галымнан – Қайрат, Азамат және Айман туды. Әлімнен – Бүркіт және Шолпан, Құнсұлу, Айгүл туды.
- Ауылым – түп қазығым, ата тегім – түп тамырым. Екеуі де маған, менен кейінгі балаларыма, немерелерім мен олардан кейінгі ұрпақтарыма қажет. Ата тегімізді ұзартып, ұрпақ жалғастырган женгеміз Үрымтай, келініміз Үмітжан, жұбайығым Рауза. Ендігі әulet жалғасымыз – қызыым - Айман, ұлдарым – Қайрат пен Азамат және олармен қосылып жануя құрып жатқан қүйеу балам – Абылайхан, келін балаларым – Гүлхан мен Жанат. Ал олардың балалары, мен үшін балдан тәтті немерелерім – Руслан, Жасұлан, Әйгерім, Мәдина, Темірлан да ертең-ақ ержетіп, ата даңқына сай азамат атанып, Қадірәлиндер әuletінің отын мәңгі маздата береді деп үміттенемін және сенемін. Құлыншақтарым тек өз атасын ғана емес, сондай-ақ арғы ата-тегін жан-жақты біліп жүрсін деген асыл оймен жаздым осы шежірені.

Ата-тегін түгендей жүрген жағдайда, балаларым мен немерелерім негізінен мына нұсқаны естерінде сақтаса аблаз:

Арғын – Дайырқожа (Ақжол) – Сарысопы – Атығай – Бәйімбет – Жоламан – Әділетей – Қалқас – Қабай – Нарбота – Мыңқара – Мыңбай – Бадана – Шеген – Қадірәлі – Галым.

Эрине, шежіре жазу жеңіл емес, ал оны тырнақтап жинау одан да ауыр жұмыс. Бұл тектік сызба өткен шежірелерге сүйене отырып, көнекөз адамдардың айтқандарын, жазып кеткендерін ескере отырып, құрастырылды.

Осы орайда, әсіресе бірқатар нақты деректер мен пайдалы кеңестер берген ағамыз Әміржан Әубәкірұлына үлкен алғыс білдіремін. Сонымен қатар осы еңбекті жазу барысында топырағы торқа болғыр, марқұм Рақымжан Әбілұлы мен Мәжит Мұқанұлының ұрпактарына тастап кеткен қолжазбалары да осы кітап үшін сүбелі септігін тигізгенін айта кету ләзім.

Талай жылдан бері ойға алып, марқайған шакта ғана сәті түсіп, оң шешімін тапқан осынау азын-аулақ еңбегімді, өз басым балаларым алдындағы орындалған көп парызымның бірі деп білемін. «Өлгендердің өлмей тірі қалуы – тірілердің жиі еске алуы» дегендейін, бастысы ұрпактар сабактастыры ұмытылмаса екен.

Көкірегі ояу, көзі ашық оқырман, сіздердің парыздарыңыз – атадан – балаға, баладан – немереге мұра болған қазаки шежіре тарату сырын терең ұғынып, мұлт кеткен жері болса, толықтыра жүріп, келесі ұрпакқа із тастау.



ҚАСИЕТТІ АҚОРДА ЕСІЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА ТҮР АУЫЛЫМ

*Бұл жарыққа аяқ басып туган жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей құган жер.*

Мағжан Жұмабаев

Ауылым ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың тогай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал жел, майда қоныр лебі бойға қуат, жанға ләззат. Өзен түбінде күмістей жарқырап түрлі-түсті жылтыр малта тастар жатса, бетінде күнмен шағылысқан су толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі тізбектеліп жалт-жұлт етіп жылжып барады.

Иә, біздің ауыл осы өзеннің оң қанатында, күнгей жағында орналасқан. Есіл бойы ойлы-қырлы болып келгенімен өлкеміз жалпы жазық дала. Жазық дегенде мидай дала емес, өрнектеп тоқылған текемет-кілем сияқты, жағалай өскен тал, тереқ, мойыл, шілік, ақ қайың ағаштары алыстан көз тартады. Соның ішінде, әсіресе көзге ерекше шалынатыны – қайың. Өңірімізді «Ақ қайыңдар өлкесі» деп атайдыны да сондықтан болар.

Ауыл маңында өркештенген тау, бүкірленген жон да жоқ. Дегенмен тастақты дөңестерден, Есілдің үлкенді-кішілі тармақтарынан сылдырап бұлақтар ағады. Олардың сұы

зәмзәмдай шипалы, ішсең бал-сусын жуынсан жүзің жа-сарады. Эттең, осы мөлдір бұлактардың көпшілігінің көздері бұл күндері жерді жаппай жыртудың нәтижесінде бітеліп қалды. Ал, көзі ашықтарының сұзы жолшыбай лайға қосылып Есілге агады. Аяусыз ластана бастаған судан жан-жануардың бәрі ішетіні жанға батады.

Маңайдың ластануы, табиғаттың бұзылуы бәрі де адамдарға байланысты. Бұл жөнінде жергілікті журналист-ақын Қойшыбай Шәниев былай жырлайды:

Орман жайлыштың ой-толғау

Бақтарым, Өуежаным, Сарыбелім,
Бір кезде көрікті едің, қалың едің,
Жайқалған жапырақтар саясында
Сан талай тыныстап дем алып едім.

Бақтарым, Өуежаным, Сарыбелім,
Жан-жақтан балта шапты-ау қалың елің.
Сырты бүтін орманның іші түбір,
Осыны көріп қайттым барып едім.

Жаппай ұжымдастыруға дейін біздің ел Есіл өнірінде қысталап, жазғы жайлауын Қекшетау, Қостанай, Түмен, Қорған шекарасында, Есіл жиегінде өткізілті. Қабай, Тұяқ, Жәнібек жұбы жазылмай бірге өсіп, біте қайнаған ел екен. Бірақ ұжымдастыру, кеңес үкіметіне бағындыру, кедей мен байды тенестіру науқаны қүшейген кезде ел әр жерге бөлініп кеткен. Бірі Жаманкөл жайлауында (Айыртау ауданындағы

Қарағаш ауылы), екіншісі Бөрліде (Шал ақын ауданындағы Неждановка селосы), үшіншісі Есіл қойнауына қоныс салып, табан тірейді. Осы рулардан бұл құндері басқа жерлерде тұратындары да аз емес. Атап айтқанда, Шал ақын ауданының Алқағаш ауылында, Қорған облысының Макушино селосында, Түмен облысының Есіл ауданында т.б. жерлерде тұрып жатқандары да жеткілікті.

Біздің ауыл ежелден «Бостау» атанған. Бірақ алғашқы карталарда, ежелгі құжаттарда «Бастау» болып, яғни “о”-ның орынына “а” әрпі жазылып қалған. Шындығында, “Бостау” екеніне ешкім қарсылық жасай қоймас. Бұл өнірде, Есіл өзенінің жиегінде біздің аталарымыз мекен еткен. Жиырмасыншы ғасыр келіп, ірі-ірі тарихи өзгерістер басталады. Елімізде саяси-экономикалық, таптық шиеленістер басталып, яғни соғысқа-революцияға жалғасты. Ресей империясының қарамағында отырған біздерге ондағы болып жатқан өзгерістер әсерін тигізбей қойған жоқ.

Жалпы алғанда, бұл елді Құдайберді, Бәйімбет рулары деп атайды. Есілдің екі қанатын алып жатқан қалың ел. Қазан төңкерісі, Кеңес үкіметі келген кезде тарыдай шашылып тарап, бет-бетімен бөлініп кеткен екен. Ұжымдастыру мен аштық жылдары (29-30) әркім өз күнкөрісін ойлап жаңаққа тағы бытыраған.

Ашаршылық пен құғындау кезеңдерінде әкелеріміз Қызылжар маңында, шойын жол бойында тұрып, құндерін көрген.

Қазан төңкерісіне дейін атам Шеген би болыпты. Аса үлкен бай болмағанымен, орта шаруадан жоғары ауқатты адам болған. Баданадан туған көп балалардың ішіндегі пысығы

да, жөн білетін ақылдысы да осы Шеген екен. Би болып сайлануы да содан болар. Ол кісіден қалған мұраны көзім көрді. Тың және тыңайған жерді игеру науқаны кезінде (Кеңес Үкіметі тұсында, елуінші жылдардың орта тұсы) ауылдың қақ ортасында үлкен жел диірмен тұратын. Оны кезінде атамыз салдырады. Одан соң Саумалкөлден ағаш бөренелер тасып, сегіз бөлмелі үй салдырыпты. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы жылдары ауыл белсендісұмақтары диірмен мен салдырған жаңа үйді, мал-мұлкін түгел кәмпескелеп, мемлекет меншігіне алып қойған. Үйді бұзып, 18 шақырым жердегі Дауымбай ауылына апарып, мектеп қылышпен қайта орнатады. Содан бері сол ауыл – “Мектеп” ауылы атанип кетеді, бүгін де солай аталады (Есіл ауданында орналасқан). Марқұм атамыз Шеген көп жасаса да өмірінің соңғы жылдары көп қуғынға ұшырайды, бай болған, би болған, “нағыз қулак” деп айып тағылады. Сол кезде ауруға шалдырып, қайтыс болады. Ал, Есет деген атамызды да ұстап алады, содан хабарсыз кеткен. Кулактың баласы деп отызыншы жылдары менің әкем - Қадірәліні де біраз әуре-сарсанға салыпты. Амалсыздықтан әкем қашып-пышып, қала маңында бойтасалай жүріп, отыз сегізінші жылдары ғана елге оралған екен.

Жиырмасыншы, отызыншы жылдар қазақ жеріне үлкен нәубет әкелді. Байды, молданы, қажыны, биді қуғындады. Сол нәубеттің соны 37 жылдың, соғыстың сұрапыл қырғынына жалғасты. Осы қасіреттің жалыны шарпымаған жанұя кемде-кем-ақ шығар біздің ауылда.

Сол кездегі ауылдың жайы қалай еді? Төңкерістен бұрын бөлініп отырған үш ауылдың жайлауы да, қыстауы да бөлек-

бөлек болған. Мәселен, Бостау ауылның қыстауы “Базарқажы”, Жәнібек ауылның жері – “Нұғыман қорасы”, Тұяқ ауылның жері – “Тұяқ қыстауы” деп аталған. Жайлаулары да бөлек. Бұл ел көшіп-қонып жүрсे де шаруашылықпен мықтап айналысқан: егін егу, мал өсіру, үй салу, сауда-саттық жасау. Әрине кедейлер күн көріс үшін байларға, орта шаруаларға жалданып малын бағу, шөбін шабу, үйін салу сияқты жұмыстармен айналысқан. Жиырмасынцы ғасырдың басында киіз үйді жазда, күзде ғана пайдаланып, қыста талдан тоқылған жылы үйде тұратын болған. Ол үйдің жылы болатыны екі қабат талдан тоқылған шарбақ қабыргалардың арасына құрғақ көң немесе құрғақ қара топырақ салады да екі жағын майлышы сары балшықпен сылайды, содан кейін ақ балшықпен актайды. Сонда іші-сырты көз тартатын әдемі үй болып шығады. Ол кезде шифер, қанылтыр деген болмаган, сондықтан шатырды шыммен (табақша ғып жерді шөбімен ойып алады, оны төңкеріп) қабаттастырып су өткізбейтіндей етіп дестерлеп салып жабады. Өзім сондай үйде тұрып көрдім.

Қазан төңкөрісіне дейін ауылдар жайы бұрынғы дәстүрмен жалғаса берген. Балалар сауатты ауыл молдаларынан дәріс алып, араб әріпімен хат таныған, діни сауатын ашқан. Ал, жетік азаматтар, қабілеті бар, қаражаты бар адамдар медреселерде оқыған. Біздің елге жақын медреселердің бірі – “Құдайберді” руындағы (атақты Жылғара елі) бүгінгі Өрнек ауылның маңындағы Қожахмет-Сейдахмет медресесі еді. Көп әулиелер, көп қажылар елі. Осында біздің аталарымыз, одан бергі Бадана - Бостау әuletінен – Жар, Шеген би, Зікірия, Жәнібектен – Бопат, Сәрсекей молда,

Тұяқтан – Ерғали, Елемес молда оқыпты. Міне, осылар елдің діни нанымын, сауатын ашқан адамдар. Бірақ, 1917 жыл, одан кейінгі 1918 жыл Қазақстан үшін де бір өзгерістің басы болды. Кеңес үкіметі орнай бастайды. 14 ауыл – Бәйімбет елі де жаңа үкіметтің қарамағына көшеді. Алғашқы ауылдық кеңес төрағасы болып Ысқақ Қыпшақпаев, одан соң Әбілмәжін Байкөбенов, Жайлаубай Баржақсин сайланады. 1926 жылы кедейлер комитеті құрылады. Оның алғашқы төрағасы Ергали Асылтаев, хатшысы Ләмәли Қонарбаев болады. Олар жер бөлісумен айналысады. “Қабай”, “Тұяқ”, “Жәнібек” ауылдарынан “Артель” деп аталатын үйым құрылады. Кейін 1929 жылы осы үш ауылдың негізінде үш ұжымдық шаруашылық (колхоз) құрылады. Онда Тұяқ колхозының төрағасы Жайлаубай Баржақсин, Қабайдан – Жұмағали Шонаев, Жәнібектен – Есмағанбет Нұғыманов сайланады.

1930 жылы осы үш шаруашылық біріктіріліп, бір ұжымдық шаруашылыққа көшкен, оны “Мәдениет” деп атайды. Аудан орталығы алғаш Казгородок болыпты.

Аудан басшылары “Мәдениет” колхозын қалашыққа айналдыру жөнінде шешім қабылдайды. Яғни 500 үй, 3 құдық, монша, аурухана, колхоз кеңесі, мектеп салу көзделіп, соған қызу кіріседі. Бұл іске колхоз басшылары және ауыл белсенділері Қарибек Жабагин, Құлмырза Кенжеғозин, Сыздық Есқожин, Қабдолла Елемесов білек сыбана кіріседі. Кейін Қабдолла Елемесов басқа қызметтерде істеп жүргенде кудаланып, “Халық жауы” деген атаққа ілігіп, нақақтан жазаланып, Жамбыл облысында ұсталады, атылады. Ал, Құлмырза он жыл отырып, “айыбын” өтеп келеді.

1932 жылды Мәдениет колхозының (ұжымдық шаруашылығының) атын ауыстырып, Исаев колхозы деп атайдын болады, ауылдық кеңестің аты да осылай аталатын болыпты. Исаев деген кім? Осы жөнінде айта кетсек артықшылығы болмас.

Исаев Ораз Жанұзақұлы (1899-1938ж. өмір сүрген) Орал (Батыс Қазақстан) облысының тумасы. Жаңа үкіметті құрысқан партия, кеңес лауазымды қызметтерін атқарған мемлекет және қоғам қайраткері. Мәселен, ол 1929 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған, Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына да бірнеше рет сайланады. Өкінішке орай 37-нің зобалаңына ілігіп, 1938 жылды атылады. Содан кейін Төңкеріс ауданы атқару комитетінің шешімі бойынша (29.06.1938п. №25 §11) және Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімі бойынша (23.03.1939) Исаев атындағы ұжымдық шаруашылық Ленин атына көшіріледі.

Сол бір аласапыран кездерде ел аттары, жер аттары, аудан аттары бірнеше рет ауысып, тіпті облыс аумағы да өзгеріп түрған, 1932-1936 жылдары біздің облыс Қарағанды облысы атанады. Тек 29.07.1936 жылды қайтадан Солтүстік Қазақстан облысына ауысады, орталығы Петропавл (Қызылжар) қаласы.

Мемлекеттік мұрагатта сақталған деректерге карасақ, Сергеевка бөлімшесі мына төмендегі жәйттерді айқындал кетеді (Ф98 ОК 22-49 Т.Н.).

Біздің елімізде 1929-1930 жылдары жаппай ұжымдық шаруашылыққа (колхоздастыруға) көшіру басталады. 1928

жылы (3.09) Петропавл округіне қарасты Пресногор болысы (Қазақстанның аумақтық жер бөлісі) бойынша Төңкеріс ауданы құрылады. Ал, Төңкеріс және Рыков аудандары бірігіп, Төңкеріс атымен қалады да, орталығы Марьевка селосы болады. 1940 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің Президиумы (21.05) Төңкеріс ауданын Октябрь ауданына өзгертеді. Тың тенізі деп аталған Сергеев су қоймасы құрылышының аяқталып, пайдалануға берілуіне байланысты аудан орталығы Сергеевка селосына кошіріледі. Соның нәтижесінде, шешім бойынша Октябрь ауданы 1963 жылдың 2 қантарынан бастап Сергеев ауданы атанады. Ал, бүгінгі таңда ауданымыз атақты жерлесіміз Шал ақын атында.

Аудан аты жетпіс-сексен жылда төрт рет өзгерді, ал осы мезгілде ауыл аты мен ауылдық кеңестің шекарасы бірнеше дүркін ауысты, ұжымдық шаруашылықтың жер қөлемі де бірде былай, бірде олай болып тұрған. Мәселен, осы ұжымшардың (колхоздың) алғашында 9 мың гектар жер аумағы болса, кейін ол 23 мыңға жеткен. Оның себебі бірнеше ұжымшарлар біріктіріліп, іріленген ұжымшарға айналған. 1951 жылы Ленин (ауыл Бостау), Көктерек (ауыл Тереңсай), Мектеп (ауыл Дауымбай) ұжымшарлары қосылып, орталығы да, аты да Ленин болып қалған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру, көтеру науқанының қызған кезінде, яғни 1957 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кенесінің шешімімен (№223, 18.04.) осы ұжымдық шаруашылықтар (колхоздар) Кеңес шаруашылықтарына (совхоздарға) ауыстырылады. Оның орталығы Торанғұл селосы, яғни Ново-Покровка кеншары болады. Тек

1962 жылы (24.12) Ново-Покровка, Заря, Марьевка кеңшарлары біріктіріліп, Торанғұл кеңшары атанады, жер көлемі 34 мың гектарға жетеді.

Дәл осы жылы Тереңсай ауылдық кеңесіне қарасты ауылдар бірігіп Ы. Ыбыраев атындағы кеңшар жеке шаруашылық болып құрылады. Оған Мектеп, Қарашоқ, Көктерек, Қаратал, Ленин ауылдары кірген. 1979 жылы (27.05) Министрлер Кеңесінің шешімімен Ысқақ Ыбыраев атындағы мал өсіру, семірту жөніндегі мемлекеттік коопeraçãoция бірлестігінің мамандандырылған шаруашылығы атанып бой көтереді. Бұл күндері, Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін, кеңес шаруашылығы өткен ғасырдың сонында (токсаныншы жылдары) тарап кетті. Еліміз нарықтық жүйеге көшіп, жер бөлшектеліп, жеке шаруа қожалықтарына таралылды. Ірі шаруашылықтар жойылғаннан кейін олардың аттары да айтылмайтын болды. Тек осы ауылдың аты ғана Ысқақ Ыбыраев болып қалды.

Бұл жерде Ысқақ Ыбыраев жөнінде айта кеткеніміз орынды болар. Ол Кеңес Одағының батыры. Ұлы Отан соғысында тамаша ерлік жасаған адам. Ысқақ Ыбыраев Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Қаратал (бұрынғы Приишим) аулында 1911 жылы туған. 16 жасында Қызылжардағы педтехникумға түсіп, оны 1930 жылы бітіріп шығады. Сол кездегі Ленин, Преснов аудандарында мұғалім болып істейді. 1942 жылы әскерге шақырылады. Горький қаласындағы Фрунзе атындағы әскери-саяси училищеде оқиды. Одан соң атқыштар ротасының саяси жетекшісі болады. Жаяу-әскерлік командалық училищені бітіреді. Бірінші Белорус майданының атқыштар дивизиясында,

атқыштар взводының командирі болады. Бүде-Агустов селосының маңында неміс танкілерін, дзоттарын қирату кезінде, Мало-Боже селосы маңында көрсеткен ерлігі, айлакерлігі және қарамағындағы жауынгерлерге дұрыс басшылық жасағандығы үшін СССР Жоғарғы Кенесі 1945 жылы 27 ақпандығы шешімімен ЫІсқақ Ыбыраевқа Кенес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыстар кейін облыстық партия комитетінде қызметкес орналасады. Партия мектебін бітіреді. Октябрь (бұғынгі Шал ақын) ауданында партия комитетінің хатшысы, Новопокровка кеңшарының партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарады. Соңғы қызметі Ленин ауылы, Теренсай ауылдық кеңесіне қарасты шаруашылықтың партия ұжымының хатшысы болады. 1965 жылы 16 шілдеде ауыр науқастан кейін қайтыс болған. Батырдың есімі мәңгі есте сақталуы үшін оған осы кеңшардың аты, кейін Кеңшар тарағаннан кейін ауылдың аты беріледі.

Қазан төңкерісінен кейін елдің саяси ахуалы, мәдени салт-санасы, жаңа жағдайға көшіріле бастағаны белгілі. Сол кездің ыстық-суығына төзіп, қыындығын басынан өткізген алдымен біздің аталарымыз болды. Олар: Тәжібай, Үрыспай, Әбіл, Бектұр, Әлмағанбет, Әбілмәжін, Жайлаубай, Сәрсекей, Сәйду, Балахмет, Елемес, Серәлі, Ерғали, Жұмағали, Таласпай, Бопат, Мұхаметжан, Естекен, Сұлеймен, Құлмырза, Әлміш Шал, Зікірия т.б. еді, Бұл аталардың бірін біліп, бірін еміс-еміс білемін. Ал қозім көрмегендерін жазып отырғаным жоқ.

Ауылдың соғыстар бұрынғы жағдайын естүмен ғана елестетесін, есінді білгеннен бастасаң әрине, айтту оцай. Бала

болсақтағы соғыс кезіндегі көптеген жәйттер есте қалыпты.
Сол кезден еттеп сыр шертайік.

Менің әкем соғысқа барған жоқ. Оған бір қолының
кемдігі себеп болды. Ауыл балаларының көвшілігінің
әкелері әскерге алынып, соғысқа кетті. Олардың көвшілігі
оралмады. Бірақ қыншылықты жетім-жесірлермен бірдей
көрдік. Қанды соғысқа қатыспаса да ерлігін елде көрсеткен
Шөбек, Баяхмет, Шал, Қажымұрат, Бейсенбі, Махмет, Уәли,
Сүлеймен, Садуақас, Майлан, Қадірәлі сияқты әкелерді атап
өткен жөн. Қын-қыстау кезде елді қыншылықтан алып
шыққан абзал адамдар еді. Әжелер болса соғыста жүрген
балаларына жүннен қолғап, байпақ тоқып жатады. Жұмысқа
жарамды ересек балалар мен қыз-келіншектер құмырсқадай
жапырылып, қыбырлап еңбек етті.

Сұрапыл соғыстың дүмпүі мен тұтіні әлі басылмай
түрғанда мүгедек болып елге оралған азаматтарымыз да бір
төбе. Оларды ақсақ, шолақ қол, басы-көзі тесілген, ауыр
жаралы болса да жан олжа деп ел-жүрт қуана қарсы алып
жатыр, тәубешілік деп әжелер көздерінің жасын сұртуде
болды. Атап айтсақ, елге тірі оралған әкелеріміз:
Ишанғабыл, Қабдол, Рахымжан, Есмағанбет, Кази, Бекім,
Хамит, Өсербай, Сәден, Садуақас, Қабдолла, Жанат, Қапан,
Қожахмет, Бейсенбай, Әбу, Қабдылбари, Зұлқарнай, Жұма,
Кенжеғара, Рахымжан, Қабдірашит т.б. Аз дә болса ауылдың
кемтігін толтырған осы жауынгерлер елдің еңсесін бір
көтеріп тастады.

Соғыстың басталуы біздің бала кезімізге тұспа-тұс
келді. Соның әсері ме тез есейіп, буыннымыз тез қатайды.
Қаршадай кезімізден үй шаруасына араласып қана қоймай,

апаларымыз бен агаларымызға, шешелеріміз бен аталарымызға көмектесіп, ұжымдық шаруашылықтың жұмысына араластық. Шынын айтсақ, сол соғыс кезінде 7-8 жастағы балалармыз. Сонда біз өзімізді үлкен кісідегі сезінетін едік.

Үйқылы ояу, көзімізді тырнап ашып, таң сәріден аттың басына мінеміз. Осы жаста ат құлағында ойнадық. Бұны үйреткен өмір.

Ол кезде шөп шабатын агрегат өте жабайы еді. Шөп машинасын қос өгіз тартады, оның алдына ат жегіліп бағыттаушы қызметін атқарады, ат үстінде бала отырады. Машинаның үстінде отырған ересек адам екі өгізді айдаумен қатар шалғы агрегатын реттеп бакылайды. Таңғы салқында, яғни күн арқан бойы көтерілгенше және кешкі салқында – күн еңкейген кезде жұмыс өнімді болады. Мал да, жан да қапаланбай еркін тыныстап жақсы жұмыс істей алады. Сөйтіп осыдан қас қарайып, көз байланғанша үлкеніміз бар, кішіміз бар дала жұмысынан қол үзбей қызу еңбек үстінде боламыз.

Әлі күнге дейін есімде 1951, 1952, 1953 жылдардың жаз айларында біздің ауылдың оқушы жас жеткіншектерін шаруашылық басшылары әдеттегідей көмекке шақырады. Жұмыстың түрі мал азығын дайындау, яғни жемшөп дайындау науқаны болатын. Жасымыз 15-16-лар шамасында болғанымен тепсе темір үзетіндей жағдайымыз бар сиякты сезінетінбіз. Шынында да, буынның қатайып, бұлшық еттеріміз бұлтиып, өсіп қалған кез. “Жастық-жалын” дегендегі, бойымыз бен ойымыз бірдей дамып, оның үстіне еңбекке ерте араласып шынықкан жастармыз. Біздерден

жастар бригадасын ұйымдастырып, басшылық жасайтын Қабиден, Қаражан, Рақымжан ағаларымыз еді. Рақымжан Эбілов ағамыз істің бас аяғына дейін бізben бірге болып, пішенишілер бригадасын өз қамқорлығына алды. Рақан іскер, еңбеккор, білгір, сауатты, оқығанынан тоқығаны көп адам еді. Маяның төбесін шығаруды, оның массасын өлшеуді біз сол кісіден үйрендік. Кейде үйілген маяның, не шошақтың массасын көзбен де дәл анықтай алатын.

Кейін шөп трактормен шабылып, трактормен жиналатын болды. Осы жиналған шөпті біз қолмен айырладап, маялаймыз. Ауылдың жас жеткіншектері осы жұмысты тиянақты, ері сапалы атқарып отырды. Жұртшылық бұл иғі іске дән риза, істеген ісіміздің қаншаға бағаланғанын да білмейтінбіз, әйтеуір жыл аяғында есеп жүргізіп, еңбеккүнге бидай алатынбыз. Дегенмен Рақан жүрген жерде қарнымыз аш болмайтынын білеміз. Мәселен, күніне 9-10 жігітке 40-50 литр қымыз, 4-5 кг ет, 2 кг сары май, 5-6 бөлкө нан келетін жұмыс басына. Қымыз алғашқы кездे бойды алып, мауҗыратып ұйқыны келтіріп жүрді. Соңынан оны жарыса ішетін болдық. Үлken емен бөшкеде шайқалып келген қымыз ашуы қайтып, дәмі жұмсара түседі. Одан соң ағаш көлеңкесіндегі салқын шұңқырға бөшкені түсіреді, сонда қымыз салқындайды. Кейін қымызға да, жұмысқа да үйреніп, шынығып алғаннан кейін ісіміз өне бастады. Күніне 350-400 центнер шөпті үйіп маялаймыз. Орта есеппен әр адам күніне 40-50 центнер шөп үйеді.

Жазғы демалыста, осы науқан кезінде бойымыз өсіп, бұлшық еттеріміз қатаяды, ең қымбаттысы аға-інілер, құрбы-замандастар бір-бірін біле түседі. Олар: Өкеш,

Ахметжан, Ерғазы, Әбеш, Төкен, Кеңес, Әскер, Тыныс, Нәжікен, Нәкен, Жұмаш, Қабыш, Векен, Қайыржан т.б. Осылардың көбі бүгінде арамызда жоқ ал, тірілері есейіп, ата болып отыр.

Балалық – бал дәурен, пәк көніл. Өмірдің аңы-тұщысын, қулық-сұмдығын таңдамайтын ақ жүрек адал кез. Мен ауыл баласымын. Жастық шағым ауылда өткеніне қуанамын. Әйткені адалдықтың, адамдықтың төркіні ауылда жатыр. Ауылдан шықсан – бір ірі академияны бітіріп шыққандай боласың. Мәселен, біздің ауылдың ақсақалдары көпті көрген, арабша діни оқыған, қиссалар мен шежірені жатқа билетін білімді адамдар еді. Солардың ішінде ерекше атап өтуге тұратындар Зікірия, ақын Ерғали, Елемес молда, Серәлі деген ақсақалдар. Олар отызыншы жылдары құғын-сүргін көріп, құрбан болған Үкілі Ыбырай, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин сияқты саңлақтарымыздың шығармаларын, өлеңдерін жатқа айтып отырушы еді. Онымен қоса бұрынғы өткен билер, Шал ақын, Сегіз сері, жыраулар т.б. туралы сыр шертетін. Олар осы дүниелерді қалай ұғып алған деп таңданатынбыз.

Біздің үрпақ тез есейді. Оның шындалып, шынығып өсуіне үлкен септігін тигізген алдыңғы толқын ағалар мен апалар себепкөр болды. Сондықтан солардың аттарын атап өткен жөн болар.

Ағаларымыз: Темірғали, Сәбит, Қабиден, Ережең, Қаражан, Темеш, Аманжол, Қайнет, Қайыржан, Резиден, Газез, Тарбақ, Қасым, Әшім, Сәлтәй, Хамза, Кейқуат, Зұлқан, Абылқайыр, Есләм, Сайран, Зият; апаларымыз: Қапия, Жамал, Зада, Бөпеш, Құлбара, Заку. Соғыс кезіндегі

осы бойжеткендер мен бозбалалар әкелерінің орнын басып, шаруашылықты мықтап ұстап түрдү. Әттең, осылардың біразы өмірден ерте кетті.

Ауылдың атқамінер ер-азаматтары соғысқа кетті. Елде балалар мен жас жеткіншектер, әйелдер мен кәрі-құртанаң, әскерге жарамсыз деген бірен-сарап ағалар қалды. Сол бірен-сарап ауылды басқарып, билік тізгінін қолдарына алғаннан кейін адамдардың бірін алдап жұмсаса, екіншісін зекіп ұрып, боктап та алатын, тіпті шектен шыққандарын аттың бауырына алып сабап, дүре соғатын. Қайтсе де жұмыс жүрді.

Жастықта, әсіресе, балалық шақта дүние кен, қызығырақ сияқты, ал зауал шақта дүние тарылып кеткендей болады, бірақ адам өмірдің қызығына тоймайды еken. Ал өмірдің қызығы не? Соғыс па? Жоқ. Жегенімізге тоқ, ойынымызға мәз болып жүрген балалар – біздер соғыс зардабын сезбеппіз. Асқар бел азаматтардың соғыста жүріп еліне жазған сағыныш хаттары ауыл қарияларына сүйеніш, үміт лебізін әкеледі. Бір кез қайғы сейіледі.

Қыншылық үлкендердің қабырғасын қайыстырады фой! Әлі есімде, сол отты соғыс жылдары ауылда ер-азаматтар некен-саяқ қана қалған тұс, көбіне шаруашылықтың ауыр жүгі әйелдердің, қарттардың иығына түскен кез. Таңың атысы, күннің батысы бел шешіп отыруы аз, соқа айдан, жер жыртып, шөп шауып, егін жинап әурешілік көрген де солар.

Өзім көрген апа-женгелердің соғыс кезіндегі сұрқы көз алдында. Атап өтсек: Магиша, Ұмсын, Мәйкең, Мағрипа, Сара, Қазкен, Әлпия, Шәку, Құлзипа, Мұқияш, Шәпия, Бибіш, Мәпа, Камел, Шәмшия т.б. (кейбірінің аттары

ұмытылыпты) ала жаздай сабылып, маңдай терін төгіп алас үрган осы үлкен шешелер, апа-женғелеріміз бар ауыртпалықты өз мойындарына алып еді. Егін егу, шөп жинау, жанұяны асырау бәрі де солардың қолында, міндептінде болды. Шау тартқан кемпір-шал да, ши борбай балалар да жаутаңдап соларға қарайды. Соғыс кезінде ауылды күйзелткен жоқтық, жетіспеушілік емес, әр жанұяның қабырғасын қайыстырып, жүргегін өртеген бір парап “Қара қағаз”. Соғыстың қызған кездерінде амандық хат аз келіп, “Қара қағаз” жиі келетін болды. Енді біреулерден не өлі, не тірі деген хабар да жоқ. Халық соғыс жылдары қан жұтып, іштеріне шер боп қатты. Ия, соғыс зардабы көпке дейін кетпеді, соғыс жарасы көпке дейін бітпеді.

Соғыс басталғанда ер адамдар жаппай аттанды. Эйтеуір, аяғы бүтін, қолына қару ұстай алатын болса жасына қарамай жіберілген.

Біздің, Ленин ауылыштан 70-тен аса адам соғысқа аттанады. Оның өлмей оралғаны – 23, ал қалғаны соғыс алаңында қаза болғандар. Ал, елге оралғандардың көбі жаразы еді, кәрілікке жете алмай олар да өмірден ерте кетті.

Елде жүріп ерлік көрсеткен ағалардың елеулілерін қысқаша атап өтейік. Жоғарыда аталған ағайын ағаларымның ішіндегі еті тірі, ең етene жақын бауырым – Қаражанды айтпай кетуге болмайды, “Ашаршылықта жеген күйканың дәмі кетпес” дегендей, мені сонау соғыс кезінен касына ертіп жүріп, тәлім-тәрбие берді. Ол үкімет шаруасына беріліп, белі қайысып жұмыс істеген адам емес. Үнемі же іл жұмыстарды атқарды. Бірде шаруашылықтың кілтінісі, бірде ферма басшысы сияқты қызметтерді жүргізді.

Сабактан басым босап кетсе сол ағамның жанында боламын. Ақылын тыңдаймын, жұмысына көмектесем, көбіне атын жегіп, божысын ұстаумен боламын. Стандарты жұмысшыларға нан жеткіземіз, тамағымыз да тоқ. Сол ағамыздың тәрбиесін, ақылын бүгінге дейін алып келдім.

Есетов Ережеп деген ағамызың жөнінде ерекше айтуды жөн көрдім. Әкесі ерте “Кулактарды жою” кезінде кеткен. Бірақ өмір оған теріс қараған жоқ. Талабы, еңбегі оны алысқа жетелеп, бақытты тұрмыс құрды. Өмірдің соққысына тап болып, жас иініне ауыр жүк түскен Епел оқуды ерте тастап кетті, өмірдің өзі ерте есейтті. Өзіндегі балалармен бірге ол да ересектерге ілесіп, өмір жүгін өгіздей өрге сүйреді. Көнбістік, көнтерлік осы тұқымға бұйырған қасиет пе десп ойлайсың. Бұған Енелдің кейінгі бүкіл ғұмыры айрықша айгақ болады. Тумысынан тұйық, сөзге сараң, кеуде соққанды сүймейтін, төр тілеп тебінбейтін, адал еңбекті ғана білетін, ерінбейтін, тапсырғанды қанаты талса да тындырмай қоймайтын Енелді сл осы бір сипаты үшін сүйеді. Ол қырық алты жыл механизатор болып еңбек етіп, омырауына “Еңбек Қызыл Ту”, “Октябрь Революциясы”, “Ленин” ордендерін тақкан еңбек жүлдегері. Өзі тұратын Шал ақын ауданында осы бәсте оның алдына түсетіндөр кемде-кем-ақ. Біреудің делебесін қоздырып, төсін соққылататын медальдардың, мақтау грамоталарының неше атасы бар десем, ол да жалған емес. Соғыс басталарда алғашқы тракторға отырған ол техниканың неше түрін менгермеді.

Бір сөзбен айтқанда, оны “Қажымас кара нар!” дейді. Осының ақиқаттығына оны білетін ауылдастары, Шал ақын ауданындағы Ыбыраев ауылының азаматтары айғақ болар

еді. Оның есімін кезінде аудан басшылары да талай-талай ірі мінбелерден көпке үлгі қылып, елге өнеге етіп ауызға алғанды. Тың өлкелік Кеңесінің депутаты да болды.

Елдегі елеулі ағаларымыздың бірі Қабиден Шаинов еді. Соғыс жылдары “Еңбек әскерінде” болып, өз үлесін қосты. Қалған уақытын ауылда егіс бригадирлігімен өткізді. Алғашқы еңбек жолын механизаторлықтан бастаған болса, сол мамандығынан таймай зейнеткерлікке шыққанға дейін ауылшаруашылығы техникасын, оның мамандарын басқарумен өтті. Қеудесіндегі “Ленин”, “Құрмет белгісі”, “Еңбек Қызыл Ту” ордендері сонын қуәсі болмақ.

Соғыс кезіндегі ауыртпалықтың зардабынан білімін аяқтамай, жастайыпшы жұмысқа араласқан механизаторлар Әбілхайыр Ысқақов (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері), Ахметжан Имақов (Бұқілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің “Қола медалінің” иегері), Темірбек Шалов әрі механизатор, әрі малшы (“Еңбек Қызыл Ту” орденінің иегері) ерен енбектің иегерлері. Соғыста жаумен айқасын, елде адаптациялық шаруашылық құрылған кезден бастап басқарма болған ағаларымызды атап отейік. Олар: Даулиев Сәрсенбай, Нұғманов Есмағанбет, Тоқпетов Қапез, Тапалов Сүлеймен, Құрманғожин Әлмағанбет, Сибанбаев Қарақоржын, Қалиев Қошқарбай, Ақпанбаев Салтай, Досымбеков Қази, Нұрғожин Еслімбек, Нұғыманов Сейсенбек, Қоспанов Бікан, Үрыспаев Қайыржан. Бұл жерде кімнің қай жылдан бастап, қай жылға дейінгі басқарма

болғандығы жөнінде жазбай отырмыз. Өйткені аздал ауытқышылық болса, құдік туары сөзсіз, бірақ осы аталған адамдардың болғаны және елімізге қызмет атқарғандығы анық.

Кейін колхоздар (ұжымшарлар) совхоздарға (кеңшарларға) айналды. Сол шаруашылықтың директорлары болып Қалихан Мәмбетов, Әскер Кенжеғозин (1956), Есен Керейбаев (1968), Серікбай Елемесов (1981), Маңабай Үмітбаев (1984), Талғат Теменов (1992) сияқты білікті азаматтар атқарды.

Осы басшылардың соңғысы - Теменов Талғат “Ұзын қайыңның” құлайтын кезінде, халықтың ауыр күйзеліске ұшыраған шағында елдің еңсесін түсірмей байыппен ұстаған ақылды азамат. Шынын айтсам, Талғат қаладағы қазақ мектеп-интернатын бітірген еді. Ол кезде мен мектеп-интернат директорының орынбасары едім. Аз да болса ақылымызды алып, бізден тәрбие алғандығы үшін мақтан етемін.



**ҒАЛЫМНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА
АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУЛАР**

МЕНИҢ ДОСЫМ

Әңгіме арқауы – менің досым Ғалым Қадірәліұлы. «Досым» дегенді жай ғана сыпайлышпен айтып отырганым жоқ. Дәл қай күні танысқанымыз, әлбетте, белгісіз, шамамен 1942 жылдың сәуірі болар.

Бір ауылда өстік, бір мектепте оқыдық. Есіл өнірінің төл перзентіміз. Көк шыбықты ат қылып мініп, қара жолдың шаңын бүркүратып, дүркіретіп шабатынбыз. Менің неміс, оның қазақ екенін ол кезде білмейтінмін. Жылдар өте екеуміз де қазақ болып шықтық. Бет-әлпетіміз де ұқсас сияқты.

Содан бірі 64 жыл өтті. Бауырласып кеттік. Ол – Қызылжарда, мен – Алматыдағын. Бірақ жиі кездесіп тұрамыз. Бәрі сол баяғыдай. Сол кездегі жалаң аяқ қазақ досым, ауылдасым Ғалым Қадірәліұлы бүгінде елге танымал ағартушы, ұстаз, өлкетанушы, бірнеше кітаптың авторы, Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайының қасындағы «Асыл мұра» әдеби-мәдени орталығының жетекшісі, шоқтығы биік тұлға – қадірлі Ғалеке атанып, жетпіске толып отыр.

Гажап! Таң қаламын. Өзім жетпіске келмегендей.

Қай жерде, қай кезде кездессек те, ең алдымен баяғы ауылымызды еске аламыз, «Таң өткелдің» жағасында, шыжыған ыстықта аяғымызды баяу аққан суға малып отырғандай күй кешіп, әңгіме-дүкен құрамыз.

«Қасиетті ақ орда» атты кітабында (2002) Ғалекен былай

дейді: «Ауылым ерке Есілдің жағасында жайғасқан, оның жиегі қалың төфай, көкорай шалғынмен көмкерілген, ауасы салқын самал жел, майда қоңыр лебі бойға қуат, жанға ләззат. Өзен түбінде құмістей жарқырап түрлі-түсті малта тастар жатса, бетінде құнмен шағылысқан су толқындары маржандай моншақталып, бірінен соң бірі тізбектеліп, жалтжулт етіп барады... Иә, біздің ауыл осы өзеннің он қапталында, құнгей жағында орналасқан».

Ал, мектебіміз – Ленин атындағы қазақ орта мектебі – бүкіл Қазақстанға белгілі еді. Ауылымыздан қаншама соғыс және еңбек ардагерлері, қаншама ұстаз, қоғам және мемлекет қайраткерлері, дипломат, ғалым, жазушы азаматтар шықты! Біздер, ауылдың түлектері, оларды әрдайым мақтан тұтамыз.

Ауылымыз, мектебіміз жайында Ғалым Қадірәліұлы «Қасиетті ақ орда» деген атпен еңбек жазып шықты. Онда келтірген дерек пен мәліметтер оқырманды, сез жоқ, қызықтырады. Кітаптың соңындағы «Ауыл тұрғындарының шежіресі» де назар аударады. Сол ауылдың тұрғындары, ата-әжелері, әкемнің қатарластары, балалық шағымның достары менің де әңгіме, хикаят, романдарымда сүйіспеншілікпен суреттелген.

Ауылымыздың тарихы, тағдырлас ел азаматтары, автордың Арғыннан басталған ата-тегі жайындағы хикая «Аңсаған менің ауылым» деген еңбегіне арқау болған.

«Арыс» қорының «Мәдени мұра» сериясы бойынша Ғалеке досымның тағы екі кітабы соңғы екі жыл шамасында жарық көрді. Біреуі – «Тарлан ақын» – облысымыздың халық ақыны Молдахмет Тырбиевтің шығармашылығына,

өмір жолына, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі қоғамдық жағдайлармен, облыс тарихымен шендестьре жазылған құнды еңбек болса, екіншісі – Орта жүзде аты шыққан, XIX ғасырда өмір сүрген би, болыс, аға сұлтан болған әйгілі Жылғара Байтөкин жайындағы тарихитанымдық шығарма. Бұл кітапты жазарда Галекеңнің көп еңбектенгеніне, әр түрлі әдебиеттерді көп пайдаланғанына, архив деректерін көз майын тауысып зерттегеніне өз басым қуәмін. Нәтижесінде, тарихымыздың олқылықтарын бұл кітапша біршама толтырып отыр.

Мамандығы бойынша Галым Қадірліұлы – математик, көп жылдар бойы мектепте ұстаздық еткен, сөйтіп жүріп, әдебиетпен, тарихпен, өлкетанумен, мәдениеттің басқа салаларымен кәсіби деңгейде шұғылданып, халықтың алғысына бөленіп отыр. Бірнеше жылдан бері «Асыл мұра» әдеби-ғылыми орталығының беделді бастығы бола жүріп, қазақ тілінің, қазақ тарихының, қазақ этнографиясының танымал жанашыры екеніне мен әрқашан мақтанамын. Мерейің ұstem, ғұмырын ұзақ, табысты болсын, қадірлі бауырым!



ҒАЛЫМ ІНІМЕ!

Арқалап зымыраған жылдар жүтін,
Жетпіске келіп қапты Ғалым інім.
Тынымсыз талай жылы өтіп келед,
Арналған дамытуға ғылым, білім.

Мерейтой құтты болсын, інім Ғалым,
Сөнбесін бойындағы ыстық жалын!
Ойға алған армандарың орындалып
Том-томдап шыға берсін кітаптарың.

Желіп өт жетпіс, сексен, тоқсандардан
Асып кет жүз жасаған Жамбылдардан.
Жанында Роза да бірге болсын
Көп қыздың арасынан таңдап алған.

Ер жетіп жиендер мен немерелер,
«Аталап» маңайында шөберелер,
Бақытты жүзден асқан шал атанып,
Көңілді куанышқа кенеле бер!

ТЫНДЫРЫМЫ КӨП ТЫНЫМСЫЗ ЖАН

Ғалым Қадырәліұлын ертеден білемін. Екеуміз де саналы ғұмырымызды жас ұрпақ тәрбиесіне арнағандықтан, бір-бірімізben етene араласып, ағалы-інідей болып кеттік. Содан бері Ғалекеннің еңбекқорлығына, тынымсыз ізденісіне тәнтімін. Үлкен-кішіні сыйлау оның бойына ұшқан ұядан, өскен ортадан қалыптасқан. Белгілі жазушы, жерлесіміз Герольд Бельгердің шығармаларына арқау болған Бостау деп аталатын түпкірдегі қазақ ауылында туған Ғалымның ізгі тағылымдарды жүргегіне құйып, көкірегіне тоқымай өсуі мүмкін емес еді. Қазақ мектебін бітірген зерек жас Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне еш қиналмай түседі. Еңбек жолын осы қалада бастап, қазақтың марқасқа ұлдарының бірі, тамаша ғалым Ебіней Бекетовтің шапағатын көп көреді. Ебекең оны туған інісіндей бауырына тартып, дәм-тұздары тез жарасып кетеді. Болашақ жары Розамен танысып, отау құрғанда Ебекең қолдан келген көмегін аямайды. Үлкен парасат иесінен ұмытылмастай әсер алған оның өмірге деген өзіндік көзқарасы орнығып, шындала түседі. Ебекең ақылымен туған жер төсіне оралып, жас ұрпақ тәрбиесіне білек сыйбана кіріседі. Ол кездері облыс орталығында бір ғана қазақ мектебі болатын. Осында оқу ісінің менгерушісі болып орналасады. Кейін облыстық оқу бөліміне қызметке жоғарылайды. Қайда жүрсе де ел сенімінен шығуды басты мұрат тұтады. Қазақ мектебіне басшылық еткен жылдары артына ұлагатты із қалдыра білді. Осылайша жарты ғасырга

жынық жас үрпақпен қоян-қолтық жұмыс атқарды, “ҚСРО ағарту ісінің үздігі”, “Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі” белгілерімен, “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталады. Басқа наградалары да жетерлік.

Шынында да, Ғалым – нағыз еңбектің адамы. Оның тікелей мұрындық болуымен Петропавл қаласында Е. Бекетовтің мұражайы ашылды. Кітапханаға, орталық көшелердің біріне ғалымның атын бергізуде де көп еңбек сініріп, тер төкті. Ебекеңнің шығармаларын, ғылыми еңбектерін, фотосуреттерін, небір естеліктерді, қолжазбаларды бір орталыққа жинастыруға ұйытқы болған-ды. Мұндай бейнеті көп істер Ғалекеңнің өз жүрек қалауымен әрі қоғамдық негізде атқарылады.

Ғалым зейнетке шықса да кейбіреулер құсан қол қусырып отырғанды әсте хош көрмейді. Ол облысымыздың тарихын талмай зерттеп, нәтижесінде тарихи-өлкетану мұражайы жанынан “Асыл мұра” орталығын құрды. Ондағы мақсат – ұлттық мәдениетімізге қатысты дүниелерді зерттеу, көпшілікке жеткізу, қомескі қалған тұстарын қайта жаңғыру. Негізгі мамандығы математик болса да, жазу-сызудан да қаражаяу емес. “Ойна да күл, жеткіншек”, “Математиканың даму зандалықтары” атты тағылымы мол кітаптарын кезінде оқырмандар жылы қабылдаса, бұдан кейін Е. Бекетов туралы “Есімі ел есінде” жинағын құрастырып шығарды. Оның тікелей қатысуымен “Академики североказахстанцы”, “Қожаберген жырау” жинақтары жарық көрді. Туған ауыльна арнап “Аңсаған менің ауылым” деген кітап жазды. “Қасиетті ақ орда” жинағы да күнды деректерге толы.

Ол жетекшілік еткен орталық атақты бабаларымыз

Қожаберген жыраудың бір томдығын, Сегіз серінің екі томдығын, Шал ақынның, Мағжан Жұмабаевтың, Ғабит Мұсіреповтің, тағы басқаларының жинақтарын күрастырып, көпшілікке ұсынды. Ал Ғалекен жеке өзі болса, есімі ескерусіз қалған халық ақыны Молдахмет Тырбиевтің өлеңдер жинағын дайындал, баспадан шығарды. Омбының, Алматының мұрағаттарында болып, XIX ғасырда өмір сүрген ділмар шешен Жылғара Байтоқин жайлыштың деректер тапты. Ұзақ жылғы ізденіс нәтижесінде нақты құжаттарға негізделген шығарма туып, өз оқырмандарымен қауышты. Қаламы жүйрік Ғалым облыстық энциклопедияның шығуына айтарлықтай үлес қосты. Әсіресе, облыс тарихының ұлттық тұрғыдан зерделенуін үнгілей зерттеді.

Ғ. Қадырліұлы – үлгілі шаңырақ иесі. Зайыбы Роза екеудің Қайрат, Азамат, Айман сынды тәрбиелі ұл-қызы өсіріп, олардан немере-жиендер сүйіп отыр. Келіндері мен күйеу баласы да кішілікті кісілік еткен.

Жетпіс атты асуға жетіп отырған Ғалекен әлі тұғырдан түсे қойған жоқ. Олай болса, ел игілігі жолында еңбек ете береріне сенімдіміз.

Қайролла МҰҚАНОВ,
халық ағарту ісінің үздігі



МӘРТ АҒАМЫЗ

Бойында шын адамдық, шын ағалық
Жаралған ізгі сипат тұна қалып.
Қайнары таусылмайтын мол қасиет –
Жатқандай сарқылмластай бұлақ ағып.

Көрмедім түйілгенін қабағының,
Кісілік ілтипатқа аға мығым.
Ағаның алақаны аялаган
Есімнен шықпас әсте бала күнім.

Байыппен айыратын ак, қараны,
Қазақтың қасиеті – сақтағаны.
Ұстаздық ұлағаттың жемісі ғой,
Қыранды ұясында баптағаны.

Жасымнан жырды сүйіп жүргегіміз,
Ақындық асу еді тілегіміз.
Баулыған бала-қыран секілденген
Біз дағы Ғалым-аға түлегіміз.

Сөз етпей жетпістегі жасын мына,
Еңбегін ел қамына асырды да.
Ұстаздық ұлағаттың жалғасы бол
Өмірден орын алды «Асыл мұра».

Келер-ау сексен, тоқсан... бір ғасырға,
Жақсыдан адам үміт қылмасын ба?
«Ғұлама» деген ұғым – ұлы сипат
Тұнып түр ағамыздың тұлғасында.

Кісілік нар келбеті ұнағасын,
Ағаның ізгілігін құп аласын.
Кемел күн – келер құнғе жалғаса бер,
Сен маған тәнті болған Ғұламасың!



Mуратбек МАҒЗҰМҰЛЫ

ҒАЛЫМ АҒАҒА!

Мерейтой құтты болсын, Ғалым аға!
Әлі талай іс атқарап дарын аға.
Көзіңізben көріп әркез жүріңіші,
Сізге деген сый-курметтің барын аға.

Өзініз қарт Есілдің бір баласы,
Кімнің бар оған бүгін дау-таласы.
Елінізге арнап кітап шығардыңыз,
Сіз үшін туысқанның жоқ аласы.

Төрімізге емін-еркін қонжиыныз,
Тығыз болсын пенсия салған қобдиыныз.
Зейнетте де бейнет іздеп жүресіз-ау,
Музей ашу Сіздің болды хобибыныз.

Деймін енді жұртқа ақылды Сізден сұра,
Жүретін ортақ іске көніл бұра.
Бір талай асыл жұмыс атқардыныз,
Ең соңғысы болмасын «Асыл мұра».

Атыңыз шыға берсін өр істермен,
Құттықтармыз әлі талай женістермен.
Достығыныз ұлғая берсін алда,
Қазақ, орыс, ногаймен, немістермен.

Ғалеке, құтты болсын – жетпісініз,
Аман-есен сексенді де өткізініз.
Талмастан тоқсанды да тойлайтын боп,
Тілектес елді сол тойға да жеткізініз.



АСЫЛ ЖАНҒА!

Жұрегіңе ізгілік ұялған,
Құтты болсын тойымыз, зиялы ағам.
Інініздің тілегі той үстінде
Тарту болсын құрметпен сый арнаған.

Ардақтысыз аймаққа, Ғалым ағам,
Ұстазым деп әлі де тәлім алам.
Жан емеспіз жақсыны жат көретін,
Топ жарғанның тұлғасын танымаған.

Жетпіс деген жайлаулы жасың мына,
Ақ селеулі етіпті басынды да.
Ізденістің жолында жүрсіз әлі,
Жан-журекті толқытып «Асыл мұра».

Ағасың ғой ұстаздық ізің қалған,
Қындықтың астарын бұзып-жарған.
Алматыдан Бельгер – дос тілек айтса,
Біз де соған ұқсадық Қызылжардан.

Сізге аян ғой жетпістің сырды мына,
Сексенге де жетініз суырыла.
Сонда-дағы сыр мінез осы күйде
Түспеніз Сіз кәрілік құрығына!

IHIM 70 ЖАСТА

70 жасың жалғассын еркін елде,
Дәл осындай заманды біз көрдік пе?
Көріп өстік өмірдің от жалынын,
Сол жалыннан шымыр боп үйрендік те.

Ата тектің тәлімін шашпай-төкпей,
Тар өмірдің жас шағын біліп көктей.
Жасыңдан білу үшін арпалыстың,
Білгенінді аямай шашып көпке.

Ұстаздықты таңдаған Ғалым едің,
Ізгілікті жасыңдан танып едің.
Жан-жарың Розаңмен көңіл қосып,
Ерекше сыйласқанға қанық елің.

Тойың тойға ұласар сәттер болғай,
Тілегіміз боп келер қыдыр қонғай.
Бала-шаға туыстар тегісімен,
Жылдан-жылға басымыз аман болғай.



ЕСТЕЛІКТЕР

Зейнолла ӘКІМЖАНОВ, ақын,
Қазақстан Жазуышылар одағының мүшесі

ҰЛАҒАТ

(Дастан)

Мынау өмір кейде талғам, кейде сын,
Естеліктер қозғайды кеп ой көшін.
Өткендерді алған кездे есіне
Елестетіп отырасың бейнесін.

Өткен күндер көне бермес тізгінге,
Сол шақтарда балаңбыз ғой біз мұлде..
Парақтары сарғыш тартқан өмір бұл,
Болашақтан күдерінді үздірме.

Шын ниетпен келер кейін бұрылғың,
Үркыменен өтіп кеткен күніңнің.
Бір тұлғасы кезігеді ағаның,
Бір бейнесі қылан берер ініңнің.

Естеліктер! Оларда өмір көші бар,
Осы көшке сағынышың қосылар.
Нұрлы тілек, жылы жүрек, ілтипат –
Тірі жанға ардақты ғой осылар.

Ия, сонда, сонау шақта балғынбыз,
Балғындықтың болжамаймыз алдын біз.
Аға болған, пана болған ізгілер
Тезге салып, тәлім беріп, қалдырыды із.

Ағаларға ақыл берген көнелер,
Көнелерден бізге жеткен көп өнер.
Ғибратымен жалғасатын өмір ғой,
Әдет жоқ қой өнегелер бөгелер.

Өзгеше өзі рухани әлемі,
Бұл аға да бір ерекше жан еді.
Әлі есімде – балғын бізбен жүздесіп,
Ортамызда жүрді жігіт әдемі.

Айтпаса да өзін аса мәлімдеп,
Ізгілігі мол еді оның таныр көп.
Ағамыздың есімі де әдемі,
Әріптестер айтушы еді «Ғалым» деп.

Баламыз ғой бір мүшелдің жасында,
Ойнақтаған, салып жүрген асыр да.
Жиырма бесте – тартқан сымдай сымбатты,
Ғалым-аға кескінді еді, расында.

Өңі жап-жас, сүйкімді әрі кескінді,
Биязы ол ренжітпейді ешкімді.
Аялайды біздей өңшең тентекті,
Бағбандаіын мәпелеген өскінді.

Әр қырыдан келіп жеткен сан ұлан,
Туған үйде әр қасиет дарыған.
Интернатта бір атаның ұлындаі,
Табыламыз ұстаздардың жанынан.

Танылмаған солымыз бен онымыз,
Бала едік ғой, кейін білдік оны біз.
Егер бізді баптамаса ағалар
Қандай болып шығар еді жөніміз?

Ғалым-ага, өзгеше еді ол, енді,
Білімімен, іскерлікпен еленді.
Ілтипаты ерекше еді шәкіртке,
Риясыз, шын құрметке бөленді.

Өз жолына сенімді әрі ісі нық,
Шәкірт жанын сезуші еді түсініп.
Менің онда мүлде балаң кезім ғой,
Шикі өлеңді мида жүрген пісіріп.

Қайдан сезіп, аңғарғанын атымды,
Бірде мені бөлмесіне шақырды.
- Радиодан өлең оқы бүгін сен,
Білсін мектеп біздегі жас ақынды!

Шимай, шимай шатпағымды алды да,
Таңдағанын іріктеп ап қалдыра,
Жетелеп ап ертіп келді мектептің
Радиолы кабинеті алдына.

Сонау күндер бүгін эсте шырғалан,
Кейбір сәті анық есте тұрмаған.
Өзі бастап сөз арнады мектепке:
- Жыр оқиды ақын болар бір балаң!

Тосын қимыл, тосын сезім, тосын өң,
«Ақын – бала!» болып шықтым осымен.
Ғалым-аға жыр ноқтасын кигізіп,
Ілеңтірді ақындардың көшімен.

* * *

Өтті жылдар сан тараулы – Ай-Күнді,
Жастық дәурен құшақ жайды айбынды.
Тұлеп ұштық болашақтың көгіне,
Енді жолдар әр кезеңге айрылды.

Біз де өткердік енді жолдың талайын,
Кезіктірдік өртін әрі арайын.
Ғалым-аға болды енді Ғалеке
Аппақ күміс қаумалаған самайын.

Асықпайтын, әдемі еді аяны,
Алақаны болды маған аялы.
Әдетімен күлім қағып тұратын,
Мен – шәкірті, ол – ұстазым баяғы.

Тіліп түсіп тағдырымды өткір мұн,
Тұңғылгенде «Бұл – пешенем» деп білдім.

Қайғы түскен жүргегімді қажыттым,
Өлкесіне өлеңімнің бет бұрдым.

Шырмауменен кештірді өмір шиырды,
Көрсettі ғой ауыры мен қынды.
Ғалым-ага әлі маған ұстаз бол,
Кезіккенде кәдімгідей бұйырды.

- Әр қыырға көз салғанша мұндайда,
Дарын қонған, сәнің болған жыр қайда?!
Кітап қылып шығарсаңшы өлеңді,
Әлде қаржың көнбей жүр ме ыңғайға?

Ол жағына қапа болма сен енді,
Бастыруға ыңғайлай бер өлеңді.
...Нак осыдан бұрындары – он бес жыл,
Кездескенде ол осылай деген-ді.

Өлең емес, қаржы жанға батпай ма,
Сөзді өткізу, көзді салар дат қайда?
Сонда мені ертіп алып Ғалекен
Алып келді Кеншінбаев Қаттайға.

- Деме, Қақа, неменеден жұғадың,
Мен ағаш ем, мына жігіт – бұтағым.
Нағыз – ақын, жазғанымен өлеңді,
Қиналып жүр шығара алмай кітабын.

Ертіп алып «Балам» деген жігітті,
Демеушінің тұла бойын жібітті.
- Бір жөніне келтірем, - деп Қақаң да
Жағып қойды жүректегі үмітті.

Тауып сонда жүдеп жүрген көңіл ем,
Бой жылынды шуақты сөз шоғымен.
Іс негізін салып беріп Ғалекен
Жыр кітабым шыға келді, сонымен.

* * *

Шуақты адам еді гой ол аспаны,
Асқақ еді өзгелерден аскары.
Ебінейдің өлтірмеске есімін
Мұражайын ашу ісін бастады.

Бірі құптаپ, бірі буып бұл істі,
Кейбіреулер кері бұрды дұрысты.
Ғұламаны көргендіктен көзімен
Ғалекен де шегінбеуге тырысты.

Шегінбеді, тайынбады жолында,
Болмаса да билік-бишік қолында.
Пейіл еді ыстығына күюге,
Дайын еді ызгарына тонуға.

Осы жолда қажытатын мұршаңды,
Үлкен еңбек, таудай қажыр жүмсалды.

Тоғышарлар беріп келді ту сыртын –
Немкеттілік болады екен мұнша әлді!

Өткізем деп сөзі менен өз үнін,
Талайлардың тезге салды төзімін.
Ебіней аға бір туатын ғұлама
Айғақтады бар Алашта озығын.

Әр жыында айтты мұны шегелеп,
«Ебінейді елемейміз неге?!» – деп
Ақырында мұражайын ашты оның,
Жігер женді тоңды бұзып, не керек!

Осы сәтте бұл үрдісті ел танып,
Орындалды Галекеңнің серті анық.
«Асыл мұра» орда құрды ту ұстап,
Қазақ үшін қажеті мол орталық.

Жас та болсам, ортақ еді сыр-мұны,
Ойлайтыны – елдің қамы, бірлігі.
- Шал ақынның жан-дүниесі дария-ау,
Осыны ұқтый, - дем жарылды бір күні.

- «Ұлт» дегеннен үркіп жүрген мезгілде,
Ұлыларды нақ осындай сездім бе?
Сонау жылдар санамызды сарқылтып,
Қайсар менен қатар жүрді-ау ез бірге.

Сезінуге жанға жарық нұр керек,
Езіп келді-ау «Ұлт ұлысын білме!» деп.
Егемендік келген мынау заманда
Енді тілді қандай бұғау күрмемек?

Сезгендік қой ұғым менен сол мәнді,
Зиялыштар тілдің қамын толғанды.
Қоғам құрып, бірі ашып орталық
Ата салтты тірлітуді қолға алды.

Ғалым-аға тыным табар кісің бе,
Әрқашанда болды сол топ ішінде.
Бар білімін, бар өнерін сарп етті
Қазақ үшін отқа, суға тұсуге.

Біз айтпаймыз тым мақтаумен асылық,
Тілдің жолы жатты енді ашылып.
Арамызда тоғышарлар кездесті –
Шын айттайық, қалмай оны жасырып.

Ондай жандар көрегенсіп, білгенсіп,
Белсенді боп, көппен бірге жүргенсіп,
Жалған сөйлеп, бастаған боп бірлікке
Белсенді боп білекті шын түргенсіп.

Ғалым-аға бұл қатарда болмады,
Қолдаса ол, ақиқатты қолдады.
Жалған құрмет бүрмады оның жүргегін
Жылтыраққа көз салмады жолдағы.

«Асыл мұра» орталығын құрғанда,
Одан лайық жан болмады бұл манда.
Жаңа тарих, тың ізденіс жол тапты –
Сол істерде Ғалым-аға жүрді алда.

Сүрлеу жолға түсіп алып бұрынғы,
Мұрағаттың парагына үнілді.
Сол еңбегі, төккен тері ақталып,
Тарту болды жазған қанша туынды.

Қарағанды, Алматыны шарлады,
Есімде жүр Омбы, Қорған барғаны.
«Бабаларды жалғаймын деп ұрпаққа!»
Маған айтқан осы еді ғой арманы.

Көп етуге қолындағы азынды,
Қоймады ол құпияны қазуды.
Жылғараның, Қекаралдың тарихы
Еліктірғен кітап болып жазылды.

Неткен күш бұл, неткен өршіл бұл сана,
Жігер-қайрат қайдан шыққап мұншама?
Алған беттен бір қайтпады Ғалекең
Осы жолда қанша бөгет тұрса да.

Асықластан, өзіне тән еппенен,
Анық басып, ағат қылышқа етпеген.
Таң қалдым мен лайық-ау деп ғылымға –
Аты «Ғалым» болғасын ба деп те мен.

Рас, анық, журуші едім таң қалып,
Артық айтсам қалама деп шамданып.
Алпысында алқынбай ма біреулер,
Жетпісінде отырмады ол жан бағып.

Жазу болды, еңбек еді алаңы,
Сүйсіндірген кәріні де баланы.
Орталыққа қашан кірсөң – орнында,
Жорғасынан жаңылмайды қаламы.

Бұл өнірдің ғұламасы, данасы,
Өзгелерден кем емесін қарашы.
Осыларды жинақ етіп басуға
Жетпей жүр ғой қалталылар санасы.

Осыларды бір бұтаққа қондырып,
Шығармақ қой әлденеше том қылып.
Әттең қаржы тапшылығын тартамыз,
Билік барлар қолдамайды жөн біліп.

Қынжыламын, кенімейді арқамыз,
Мұрша бермес кенуіне қалтамыз.
Серпілуге жол бермейді жоқшылық,
Қашанғы біз бұл азапты тартамыз?

Не көрсе де болушы еді көппенен,
Жан еді ол жанды өзекке теппеген.
Жомарт еді үйі – думан, түзі –той,
Естімедім жалғыз сөзін «Жоқ!» деген.

Болса деуші ек барлық аға Ғалымдай,
Тірлік кешкен жалынбай да тарылмай.
Той дегенде дариядай төгіліп,
Есігі оның тұрушы еді жабылмай.

Осындай ол, жаны жомарт, осындай,
Бұл лебізді айта аламыз тосылмай.
Жан біткенді баурайтын ол мінезben
Алаламай көруші еді досындай.

* * *

Жан-жары ғой ер жігіттің лайығы,
Ғалым-аға ізгілікпен байыды.
Жақсы жанға жан-жылуын төгетін
Ағамызға сай емес пе зайыбы.

Ғалым-аға ата-анасын қалдырып,
Білім қуып, соны бетке алды нық.
Көңілінде ізгі мақсат орнықты
Қызықтырмай дүние мен мал-мұлік.

Тандамады үстаздықтан жолды өзге,
Көп ішінен түсе білді ол көзге.
Қарағанды қаласы еді жастардың
Оқу іздеп баар жері сол кездे.

Парасатпен шешетұғын әр істі,
Сонда көрді Ебінейдей арысты.
Армандаған асыл-аға Ғалыммен
Құшак жайып осы жерде танысты.

- Ебінейден болған емес білмestіk, -
дейді Ғалым – қыындықты біr кештік.
Ол аға да, мен іні боп осында
Жолын тауып кете барды бұл достық.

Бірде отырып келін жайын сұрады,
Жан еді ғой Ебіней-аға қырағы.

- Роза ма өзі келінімнің есімі,
Енді, інім, көрсет маған құданы!

Келіп түр ғой, інім, қолды ұсынғым,
Құда болып барам өзім, түсінгін.
Аға десен – ағалыққа жарайтын,
Құда десен – құда болар кісінмін!

Ғалекеннің ойы он саққа бөлінді,
Ебіней-аға көрмек болды келінді.
«Адамбекке бас құда боп барам!» деп
Айтқан аға өзіне зор сенімді.

Ебіней онда қырыққа да толмаған,
Бірақ көп жан сексенде ондай болмаған.
Сендіреді сенімменен інісін
«Тойды өткізем, ол жағына болма алаң!»

Адамбектің үйлі-баран жаны ұнап,
Көтерілді осылай біr шаңырақ.
Ебіней-аға мәпеледі Ғалымды
Отау етіп шығарғандай жанына ап.

Ұлы ғалым тігіп берген сол орда,
Жолын салды жалғастырып соларға.
Бабалардың ақ батасы әлпештеп
Аялаған сол сыйластық солар ма?

Жылдар өтті, уақыт көшті сағымдай,
Кездер қайда, шіркін, жастық шағындей?
Адам қалар жоғын іздеп өмірден,
Мәңгі-бақи сағыныштан арылмай.

Тау тасындей берік болған тоқтамы,
Замананың шыдатпаған оқтары.
Ебіней-ага өте шықты өмірден
Егіл-тегіл елі-жұрты жоқтады.

Кім жеңе алар ажал деген бәленді,
Жадырап кеп кім алады сәлемді?
Топырақтан Ғалекен де тыс қалмай,
Өтті сол жан дүниеден, ал, енді.

Өзі жақсы, жақсы да оны таныды,
Тамаша еді көргені мен тәлімі.
Көңілінің домбырасы шертетін
Бебеулейді аңсау-куйдің сарыны.

Есімдері – ел аузында біз білер,
Небір жақсы, жайсандар мен ізгілер.
Ғалекенмен шын пейілмен достасқан
Дегендейін мактанашибен «Бізді көр!»

Ғалекенің пейілі кең, досы анық,
Сол жандарды осы жырға қосалық.
Герольд Бельгер – қаламгері немістің,
Академик досы – Аманжол Қошанов.

Сол сезімді айғақ болған ел көрді,
Сыйластығы екеуіне дем берді.
Қазақ – Ғалым туысына балады
Саратовтан келген неміс Бельгерді.

Теренсайдың ардақ тұтқан мекенін,
Тәнір солай туыстырган екеуін.
Қыл өтпейтін дос болды ғой білместен
Бірі – қазақ, бірі – неміс екенін!

Көңілі оның жайсандармен жаразты,
(Сол жандар ғой ардақ тұтқан Алашты).
Қарсы алатын Қызылжарға келгенде
Академик Қозыбаев Манашты.

Болмайтұғын кейістігі, кеюі,
Жақсы еді ғой жан біткенге пейілі.
Ізгіліктің ізін көрмес жасырып,
Нұрын төгіп тұрушы еді-ау мейірі.

Отбасына тарап, дарып бұл шуақ,
Ордасында жанушы еді нұр-шырақ.
Мұқтаж жанның қолын қағып көрмеген
Нендей көмек келсе-дағы кім сұрап.

Жөнін біліп жомарттық пен әрненің,
Адамдықтың айғақтаған пәрменін.
«Келе берден!», «Ала берден!» жаңылмай,
Талайларға берді көмек, жәрдемін.

Сол қасиет балаларға дарыпты,
Үш баласы әке атын танытты.
Айман, Қайрат, Азаматы өзіндей
Жақсылықты, парасатты жаны ұқты.

Ушеуі де кіслікпен еленді,
Сол сипатпен мейірімге бөленді.
Айғақтап жүр Қайрат пенен Азамат
«Әке көрген оқ жонады» дегенді.

Дәлелдеген әuletінің өскенін,
Жұымайды тәлімдігे әсте мін.
Ата-әжеге немерелер сүйгізді
Гүлхан менен Жанат атты қос келін.

Алшандаган анық басып еркін-ақ,
Галекенің тұрушы еді көркі ұнап.
Қоңыр қаздай мамыр басып жүретін
Немерелер, жиендерін ертіп ап.

* * *

Көзін көрген абыздар мен көненің,
Ғалым-аға білуші еді кемелін.
Бірде отырып тілек айтты Қайратқа:
«Теренсайда мешіт ашсам деп едім!»

Әке сөзін есті бала көрді құт,
Сол сөзден соң мешіт қалды орнығып.
Бабалардан қалған ақыл – тәбәрік,
Іс тындырды елге орайлы, жөн біліп.

Айналага тарап оның атағы,
Ақсакалдар берді игі батаны.
Әкесінің ақылымен салса да
«Бадананың мешіті» деп атады.

Ертең оны ауыл көріп, сынамақ,
Ойлады ол кетпесін деп бір ағат.
Баданада тұрып жатыр үш ата,
«Бөлінбесін, болсыншы – деп – ұлагат!»

Үш бөлініп, дауға айналса әр үндер,
Ондай дауды тоқтата алмас тәлімгер.
Ол сондықтан «Бадананы» қалады,
Әуелгіде болса да ойы «Ғалым» дер.

* * *

Көтеруге елге түскен ауырды,
Еңбегімен елеңдеткен қауымды.
Ел тарихын Ғалым-аға ардақтап,
Кітап жазды өзек етіп ауылды.

Тұла бойдан тағы қуат ашылды,
Елестетіп найзагайдай жасынды.
Арқау етіп небір дүлдүл, асылды,
Кемі – ондаган кітаптары басылды.

Батырлар бар онда, билер дана тым,
Жылгара мен күміс көмей Шал-ақын.
Молдахмет пен Уахит ақын асыл ғой
Қырандардай қомдал кеткен қанатын.

Даналармен аты мәшһүр бұрынғы
Өшкен жанып, дәстүр, сана тірілді.
Ол танытты ұлыларын қазақтың,
Есімдері ұмыт қалған ұлынды.

Бұл еңбектер көп тарихты қамтыды,
Сыр ашылды сол шындықтар арқылы.
Сағ алтындей салмағы бар солардың –
Ғалекенің кейінгіге тартуы.

Жарты ғасыр кенін қазған білімнің,
Ұстазымның зор тұлғасын ұғындым.
Бағбандайын мәпелеген өзімді,
Тәлім алған мен де көптей ұлыңмын.

Елеңдейді елегзумен көніл құр,
Сағыныштың үрлегенде шоғын бір.
Жақсы адамның аты өлмесі – ақиқат,
Ақиқатты аңсататын өмір бұл.

Өтті өмірден ата болған қалпында,
Ағат болмай ата дәстүр-салтында.
Асыл жанның ұзақ жолын жалғайтын
Өзі құрған ордасы бар артында.

Алтын қанжар қын түбінде жатпайды,
Сағынышты алтынға ешкім сатпайды.
Құдай қосқан қосағы мен үш бала,
Немерелер мәнгі есінде сақтайды.

Болашақтың кеші ме өлде таңы ма,
Інірі ме келген түнді жамыла.
Есте жүрер Ғалым-аға елінде
Келер күннің көмілмestен шаңына!



ХАЛҚЫНА СЫЙЛЫ, БАУЫРМАЛ

Мен Ғалым Қадірәліұлымен 1972 жылдың басында Қызылжар қаласында таныстым. Бұл менің облыстық оқу бөлімі төрағасының орынбасары болып жаңа ғана іске кірісken кезім болатын. Бұл кезде Ғалым облыстық № 2 қазақ мектеп-интернатында оқу ісінің менгерушісі болып істеп жүр екен. Ол алғашқылардың бірі болып мені облононың бастығының орынбасары болып келуіммен құттықгады және көп ұзамай қазақтың байырғы дәстүрімен үйіне шақырып қонақ қылды.

Ол кезде облыстық оқу бөлімі аудандық оқу бөлімдерінің, мектеп ұжымдарының жұмысын жиі-жиі тексеріп, олардың жақсы істерін, озық тәжрибелерін анықтап басқаларға тарататын, ал кемшіліктері болса, оларын түзетуге көмектесетін. Облононың өз аппаратындағы мамандар 5-6 адамнан аспайтын. Сондықтан әр пәннің мамандарын қала және аудан мектептерінің тәжірибелі мұғалімдерінен шақырып тексеруге баратын комиссияға қосып алғатынбыз.

Мен облоноға келгесін осындай бір комиссияны басқарып сол кездегі Ленин ауданына қарасты «Бұлақ», «Ақтас», «Қарағай» мектептерін тексеруге шығатын болдым. Осы комиссияның құрамына физика-математика сабағынан тәжірибесі мол, әрі мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ғалымды да қостым. Міне, сол тексеріс кезінде мен Ғалымның өз пәндері бойынша да, мектеп басқару

жұмысы бойынша да білікті маман екендігіне ден қойдым. Сол кезде облоно аппаратына осындай білімді қазақ ұлтының маманы керек еді. Мен облононың менгерушісі В.И. Сақунге Ғалымның кандидатурасын ұсындым.

Ол кісі қарсы болған жоқ. Сөйтіп, біз Ғалымды сол 1972 жылғы шілденің 3-інен бастап инспектор қылып алдық.

Облонода инспектор болып бес жыл қызмет істегенде Ғалым өзін білікті маман және қабілетті ұйымдастыруыш ретінде көрсетті. Ол мектептерге, аудандық оқу бөлімдеріне барғанда әрдайым олардың жұмысын мүқият зерттеп, кемшіліктері болса түзетуге көмектесіп, жақсы жағы болса, басқаларға үлгі ретінде айтып жүретін.

1977 жылы облыстық мектеп-интернаттың директоры Хамзин Ғалым Даниярұлы кенеттен қайтыс болғаннан кейін облыстық оқу бөлімі сол мектептің жайын жақсы білетін Ғалым Қадіреліұлын директор етіп жіберді. Директорлық қызметте істеген жылдары (1977-1986) ол мектеп-интернат жұмысын бірқатар жоғары сатыға көтерді. Мектептің материалдық базасын нығайтты, мұғалімдер ұжымының оқыту сапасын жоғарылатты, интернаттың енбек және шынығу лагерінің жұмысын дұрыс жолға қойды. Мектеп оқушыларының білім дәрежесі көтерілді. Ғалым осы жұмыстардың берін мұғалімдер ұжымымен ақылдасып, мектептің демеушілерімен, ата-аналармен тіл табыса отырып орындады.

1987-1989 жылдары Ғалым Қадіреліұлы облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер болып қызмет атқарды. Осы қызметте жүріп ол облыс мұғалімдерімен өзінің көпжылдық ұстаздық тәжірибесімен бөлісті.

1990 жылғы қаңтар айынан бастап облыстық оку бөлімі Ғалымды қайта шақырып алғып, облыстағы мектеп-интернаттар мен мектеп жанындағы интернаттар жұмысын бақылайтын инспектор етіп тағайындалды. Осы қызметті ол 1994 жылғы шілдеде зейнеткерлікке шыққанша атқарды. Осы төртжарым жыл ішінде Ғалым көп жұмыс тындырды. Барлық мектеп жанындағы интернаттар, мектеп-интернаттар жұмысын жақсартты. Жетім балаларға қамқорлықты күшетті. Семьялық балалар үйлеріне де көп көмек жасады. Оларға көмектесуге жүртшылықты қатыстырды.

Ғалым осы қызметті атқарып жүріп облыстық «Ленин туы» газетіне интернаттардың жұмысы туралы, жалпы оку-ағарту жұмысы жөнінде мақалалар жариялада отырды.

Ғалым зейнеткерлікке шыққанға дейін 35 жылдай өмірін жас үрпақты оқытып, тәрбиелеуге жұмсады. Оку-тәрбие жұмысының ыстығы мен суығына бірдей төзіп, «ұстаз» деген қызығы мен қызындығы мол, ауыр да, абыройлы еңбек төрінен көрінді. Осынау ұзақ еңбек жылдарында ол алдынан дәріс алғып, тәрбие мектебінен өткен оқушыларын білім-құмарлыққа, отансұйгіштікке, қазактың төл дәстүрлеріне баули жүріп, жас үрпақ санасына ұлттық намыс, азаматтық парыз сияқты биік адами қасиеттерді бойларына сіңіруге өрелі білім, өнегелі ісімен шуақ шашқан ұлағатты ұстаз еді. Осындағы ерен еңбегі бағаланып, Ғалым «ҚСРО ағарту ісінің үздігі», «Қазақ ССР оку-ағарту ісінің үздігі» белгілерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен бірнеше мақтау грамоталармен марапатталды.

Ғалым зейнеткерлікке шыққасын да қол қусырып қарап отырған жоқ. Оның тікелей бастауымен Петропавл

қаласында даңқты жерлесіміз академик Ебіней Арыстанұлы Бекетовтің мұражайы ашылды. Осы қаладағы ғылмитехникалық кітапханаға, бұрынғы Красноармейская көшесіне Е.А. Бекетовтің аты берілді. Бұл айтуға ғана оңай. Ал осы жұмыстарды тиянактап жеріне жеткізу үшін ол қаншама терін төгіп еңбек етті! Ебекенің шығармаларын, фотосуреттерін, қолжазбаларын, ол туралы естеліктер жинауға қанша күш жұмсады. Оның бастауымен Ебекен туралы естелік кітап құрастырылып, баспадан шықты.

Ғалым мамандығы математик болса да әдебиетке, жазуға бейімі мол еді. Ол зейнеткерлікке шықпай тұрып, облонода қызмет істеп жүрген кезінде «Ойна да құл, жеткіншек», «Математиканың даму занұлықтары» атты кітаптар жазып шығарған болатын.

Е.А.Бекетов мұражайын ашқаннан кейін Ғалым енді облысымыздың басқа да атақты адамдарының өмірін зерттейтін бір орталық ашуды қолға алды. Ол үшін көп адамдармен ақылдасты.

Ғалымның бұл идеясын өлкеміздің көптеген зиялы азаматтары қолдады. Ақыры, сол кездегі облыс әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановтың қолдауымен 2001 жылғы 1-ші ақпанда облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жанынан «Асыл мұра» ғылыми-әдістемелік орталығы ашылды. Осы орталықта көп еңбектеніп Ғалым бірнеше кітаптар шығарды. Ең алдымен ол 2001 жылы өзінің туған ауылы (бұрынғы Ленин, қазіргі Ибраев атындағы) туралы «Аңсаған менің ауылым» атты тамаша кітап жазып шығарды. Бұл кітапта ол туған ауылы, оның көрнекті адамдары, табиғаты туралы жазды. Сонымен қатар, ата-

тегінің шежіресін де берген. Кітаптың танымдық, тәрбиелік маңызы зор.

Ғалекен осы кітаптың оқырмандарына мынадай ұлағатты сөздер арнапты:

«Қадірмәнді оқырман!

Кімнің болмасын туган елін, өскен жерін, ауылын ансауы занды құбылыс. Алайда, жүректен ұшқындаған сағыныш сезімін өрнекті сөзбен жеткізу екінің бірінің пешенесіне жазылған сый емес. Десек те, өздерінізге ұсынылып отырган осы шағын кітабымды кіндік қаным тамған, еліме, жақсылығымды асырып, кемшілігіме мұнайып жүретін ауылдастарыма деген жүрекжарды ыстық көніл, көрікті көкей сазы ретінде қабылдарсыздар. Кең жүртшылықты аса қызықтыра қоймаса да, бұл еңбек осы жинақта есімдері аталған жақын жұрагаттарым, ағайын-туыстарым және балаларым мен немерелерім үшін естелік-кәде жүгін толық көтереді деп сенемін. Откен күндерден белгі ретінде ізгі ниетті көздеген алғашқы қолтумамды түсіністікпен қабылдаған әр оқырманға нұрлы да сырлы болашақ тілеймін.

Галым Қадірліұлы».

Сонымен бірге ол ауылы туралы, өзінің әuletі туралы, отбасы туралы айта келіп балалары мен немерелеріне мынадай атальқ сөзін де айтып қалдырыпты:

«Ауылым – түп-қазығым, ата-тегім – түп-тамырым. Екеуі де маған, менен кейінгі балаларыма, немерелерім мен олардан кейінгі үрпақтарыма қажет. Ата-тегімізді ұзартып, үрпақ жалғастырған женгеміз Ырымтай, келініміз Үмітжан, жұбайым Рауза. Ендігі әulet жалғасымыз – қызыым Айман,

ұлдарым – Қайрат пен Азамат және олармен қосылып жануя құрып жатқан күйеу балам – Абылайхан, келін балаларым – Гүлхан мен Жанат. Ал олардың балалары, мен үшін балдан тәтті немерелерім – Руслан, Жасұлан, Әйгерім, Темірлан, Мәдина да ертең-ақ ер жетіп, ата даңқына сай азамат атанып, Қадірәлиндер әзулетінің отын мәңгі маздата береді деп үміттенемін және сенемін. Құлыншақтарым тек өз атасынғана емес, сондай-ақ арғы ататегін жан-жақты біліп жүрсін деген асыл оймен жаздым осы шежірені.

Ататегін түгендей жүрген жағдайда, балаларым мен немерелерім негізінен мына нұсқаны естерінде сақтаса аблаз:

Арғын – Дайырқожа – (Ақжол) – Сарысопы – Атығай – Бәйімбет – Жоламан – Дәулетей – Қалқас – Қабай – Нарбота – Мыңқара – Мыңбай – Бадана – Шеген – Қадірлі – Ғалым».

Келесі – 2002 жылды Ғалым «Қасиетті Ақ Орда» атты кітап шығарды. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туған ауылдының және осы ауылдағы бір кезде өзі оқыған мектебінің қысқаша тарихы баяндалады. Мұнда автор ауылдың құрметті азаматтары мен мектеп ұстаздарын, өзімен бірге оқып, жастық шағын бірге өткізген замандастарын зор ілтифатпен атап өтеді. «Ұстаздар мен шәкірттер сөйлейді» деген екінші бөлімде осы мектепте қызмет істеген, оқыған және осы мектеп пен оның ұстаздарын жақсы білетін азаматтардың естеліктерін көлтірген. Үшінші бөлімде ауыл тұрғындарының біршама толық шежіресі берілген.

Бұл кітаптарды жазу барысында Галекең коп ізденіп, коп толғанған еді. Ол көптеген адамдармен кездесіп,

әңгімелесіп, естеліктер жинағында. Ауыл тұрғындарының шежіресін жинау үшін қаншама еңбек етті. Ауыл тарихына байланысты анық деректер алу үшін талай уақытын архивтерде өткізді. Әлі есімде: Алматыдағы Қазақстан Республикасының Орталық архивінде бір папканы актарып отырып өзінің Бадана деген бір атасы туралы мәлімет тауып алғанда балаша қуанғаны. Кейін осы оқиға туралы, сол атасы туралы біраз адамдарға зор мақтанышпен айтып жүрді.

Аталған архивтен Ғалым бір кезде Қекшетау дуанындағы аға сұлтан болған, патша үкіметінен дворян атағын алған біздің жерлесіміз Жылғара Байтоқин туралы мол деректер тауып алып, кейін «Жылғара Байтоқин (тарихи танымдық шығарма)» атты кітап жазып шығарды. Кітапты жазу барысында ол архив деректерінен басқа өзіміздің облыстық тарихи-өлкетану мұражайының біраз материалдарын және кейбір естеліктерді пайдаланды. Жылғара Байтоқин туралы шыққан бұл тұңғыш толыққанды кітап. Сондықтан оның танымдық маңызы зор.

Бұдан басқа Ғалекең облысымызға белгілі айтыскер ақындар Уахит Темірбеков, Молдахмет Тырбиев, Ленин орта мектебінің бұрынғы директоры, Қазақстанға еңбек сінірген ұстаз Шияп Садықов, көп жыл «Союзцелинвод» тресін басқарған азамат Қаттай Кеншінбаев, «Ұлағатты ұстаз» Қайреш Қоспанов туралы кітаптар құрастырып шығарды.

Сонымен қатар Ғалым «Асыл мұраның» басқа мүшеслерімен бірге Серіз сері, Қожаберген жырау, Шал ақын, т.б. шығармаларды құрастыруға қатысты.

2006 жылы Ғалым Қадірәліұлы «Ұлылар туралы ойлар» атты көлемді (310 бет) кітап шығарды. Кітап автордың

өзінің ауылы туралы жазылған «Елім Есілдің жағасында» атты толғаумен ашылады. Одан әрі өнірімізден шыққан ұлы тұлғалар, атақты азаматтар туралы зерттеу мақалалары, естеліктері берілген. Кітапта Құлеке, Құлсары батырлар, Шал ақын туралы зерттеулер, Е. Бекетов, Г. Бельгер, С. Мұқанов, Ш. Садықов, М. Тырбиев, У. Темірбеков, С. Құсайынов, Қ. Кеншінбаев, У. Рахымжанов, Ф. Хамзин, Қ. Қоспанов туралы естеліктер бар. Кітаптың соңғы бөлімінде Ғалекеңнің 70 жылдық мерейтойына арналған достарының, туыстарының құттықтаулары, жүрек жарды сөздері жазылған.

Ғалым өніріміздің 20-30 жылдары құғын-сүргін көріп жер аударылып, түрмеге қамалып, атылып кеткен азаматтары туралы да көп зерттеді. Нәтижесінде, 2007 жылы «Көкарап» деген кітап жазып бастырып шығарды. Мұнда облысымыздың бірсыптыра тумаларының басынан кешкен қынқыстау кезендері суреттеледі. Бұл Ғалекеңнің соңғы кітабы болды. Әлде де жазам деген жоспарлары бар еді, бірақ сүм ажал оған жеткізбеді. Соның өзінде ол артына мол мұра қалдырып кетті. Әсіресе оның өзінің ауылы, ататегі, жолдастары туралы жазғандары балалары мен немерелеріне, ағайын-туғандарына әрқашан қарап, оқып оны еске алып отыратын жәдігерлер.

Мен Ғалыммен 35 жыл жолдас болған екенмін. Осы жылдар ішінде біз бірталай жұмысты бірге атқардық. Ібіней Бекетов ағамыздың мұражайын бірге құрдық. Алматыға бірнеше рет бірге барып сондағы біздің өлкеден шыққан ғалымдармен, ақын, жазушылармен кездесіп әңгімелестік. Республикалық Орталық архивте талай күн бірге жұмыс істедік. «Асыл мұра» орталығын ашуға бірге күш салдық.

Осы орталық ашылғалы Ғалекеңнің өмірден озғанына дейін сонда бірге қызмет атқардық. Бірнеше кітаптарды бірге құрастырыдық.

Біз онымен қайда бірге болсақ та (облоно да, мұғалімдер білімін жетілдіру институтында, Е.А. Бекетов мұражайында, «Асыл мұра» орталығында) бір-бірімізге қатты сөз айтып, ренжісken кезіміз болған емес. Ол мені үнемі атымды да тұра атамай «Қайреке» деуші еді, үлкен деп сыйлайтын. Үй-ішімізben араласып, дәмдес болдық.

Ғалымның тағы бір адам таңғаларлық мінезі - өте бауырмал еді. Жұмыста отырғанда, әсіресе соңғы жылдары, үйіне жұбайы Розага телефон шалып, оның халін біліп, үйге бірдене керек пе, дүкеннен не ала келейін? – деп сұрайды. Балалары, келіндерімен, қызы Айманмен сөйлесіп, жағдайларын біледі. Тіпті немерелері Жасұлан, Мәдина, Әйгеріммен, жиендері Руслан, Темірланмен сөйлесіп, олардың немен айналысып жатқанын сұрап, оку оқытындарынан оку жайын сұрап, ақылын айтады. Өзі ылғи Жасұланды мектепке алып барып, алып келеді. Оның мұғалімімен кездесіп, әңгімелеседі, класс жиналышынан қалмайды. Руслан жиенінің университетке оқуға түсіп, студент болғанына қандай қуанды десеңші!

Ол өз балаларының отбасымен ғана емес, інісі Әлімнің, немере ағасы Қайнеттің, жиендері Тайжан, Қыдырма, Шәкеннің отбасыларымен де осылай жиі хабарласып, амандықтарын біліп тұрды. Інісі Әлімді отбасымен қалаға көшіріп алып, көмектесті. Оның достары мен жолдастары да көп еді. Бәрімен де емен-жарқын амандасып, әңгімелесіп жүретін. Ол, әсіресе, өзімен мектепте бірге оқыған қазіргі

белгілі жазушы Герольд Бельгермен жақсы дос болды. Екеуміз Алматыға барған сайын Герольдтің үйіне соқпай кетпейтінбіз. Ғалым арқылы мен де Герольдпен жақындастып, достасып кеттім.

Ғалымның тағы бір ерекшелігі ақжарқын, ашықтығы, жеңіл әзіл-қалжыңшылдығы болатын. Ол кездескен адамдармен зілсіз жеңіл әзіл айтып күлдіріп отыратын. Сондықтан ешкім оның әзіліне ренжімейтін, қайта ықыласпен тыңдал, құліп, бір жасап қалатын. Оның осындай жақсы қасиеттері көп еді.

Ғалым көп ауырған жоқ. Айналасы бір айдай ғана ауырып, ойламаған жерден 2007 жылғы 21-ші қарашада бұл фәниден өтіп бақылыққа жол тартты. Осылайша сүм ажал азаматты, жақсы жолдасымызды арамыздан алғып кетті. Артында сүйікті жан-жары Роза, балалары Айман, Қайрат, Азамат, немерелері мен жиендері Жасұлан, Әйгерім, Мәдина, Руслан, Темірлан қалды.

Ғалекенді соңғы сапарға шығарып салуға, жетісі мен қырқына көп адам жиналды. Солардың барлығында да оның замандастары, әріптестері, шәкірттері, ағайын-туыстары жүректен шыққан қимастық сөздер айтты. Мұның өзі Ғалекенді көпшіліктің сыйлайтынының анық көрінісі еді.

Ажалға дауа жоқ. Енді тек оның жатқан жері жайлы, топырагы торқа, иманы жолдас болсын дейміз. Артында қалған зайыбы, балалары, немерелері мен жиендері аман-сау болсын, Ғалымның көре алмай кеткен өмір қызығын көрсін.

Біз Ғалекенің жолдас-әріптестері оны ұмытпаймыз, оның ақжарқын бейнесі әрқашан біздің көз алдымызда тұрады.

АҒДАРИҒА АЗАМАТ

Осы уақытқа дейін талай адамдармен дос-жолдас болдық, қарап отырсақ солардың біразы бақылық болған екен. Біразы емес, көпшілігі өмірде жоқ екен. Жыл өткен сайын дос-жолдастар ғана емес, өзіміз тенденс қатарымыз барған сайын селдіреп барады. Талай қимастарымызды жер қойнына тапсырдық, солардың бәрі жүрекке сыват салып кетті. Бір кезде ойнап-құліп жүрген жақын достар елестерімен ғана есте қалды. Бір уақыт сол достарды көзге елестетіп, қадір-қасиеттерін ойға оралтып отырсан, кино лентасындағы кадрлардай бір кездегі қатар жүрген уақыт бәрі көз алдыңған өтеді. Сол уақытты сағынасын, бірақ табиғаттың ісіне қарсы шараң жоқ, бәріне көнеспін. Бәрі де көз алдыңда елеске айналып, естелік болып сананда қалады екен. Осындай азаматтың бірі Ғалым Қадірәлі.

Ғалекеңмен таныс-білістігіміз 1972 жылдан басталып еді. Осы жылы Қызылорда қаласында Қазақстан оқу министрлігінің ұйымдастыруымен оқу-ағарту қызметкерлерінің Республикалық кеңесі болып, кеңеске біздің облыстан 9 адам бардық. Облыс делегациясын Қайролла Мұқанов басқарып барды. Делегация құрамында қаламыздығы жалғыз қазақ мектебінің оқу ісін менгерушісі болып істейтін Ғалым Қадірәлі және сол кезде Жамбыл аудандық оқу бөлімінде инспектор болып істеп жүрген мен болдым. Ғалекеңмен жолдастық жібі осы уақыттан бастап байланды деуге болады. Барып-қайтар жолда бір купеде,

қонақ үйдің бір нөмірінде бірге болып, бір жұмадай уақыт ішінде арамыздағы таныс-білістікten басталған әңгіме сырласуға дейін барды. Сол уақыттан бастап оның өмірінің соңына дейін арамыздағы жолдастық қарым-катаңас үзілген емес.

Ұлағатты ұстаз еді

Институттан кейін бес жылдай Қарағанды қаласының мектебінде істеген Галекең облысқа танымал білікті ұстаз ретінде Петропавл қаласындағы қазақ мектебінде сегіз жыл оку ісінің менгерушісі, он бір жыл мектеп директоры болып істеп жүрген уақытта танылды.

Оқушылары облыстың барлық түкпір-түкпірінен келіп оқитын бұл мектепті басқару оңай емес-ті. Ол уақытта мектеп жанындағы интернатта жүзден астам балалар тәрбиеленетін. Бірде жетіп, бірде жетпей жататын кезенде осыншама оқушылардың киімін, тамактарын ұйымдастыру үлкен іскерлікті қажет ететін.

Галекең, әсіресе, жаңа салынған қазіргі Әбу Досмұхамбетов атындағы қазақ дарынды балалар мектебінің үйін қабылдап алғып, оны өмір талабына сай жабдықтауда терін төгіп еңбек етті. Жаңа салынған мектеп үйіне болінген қаржыны мезгілінде орынды жұмсал, пән кабинеттерін, спорт залын жабдықтап безендірді. Галекең басқарған жылдары мектептің көрсеткіштері де жоғары болды. Мектепте ыстық тамақ және интернатта тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы республикалық байқауларда жүлделі орынды жеңіп алғып отырды. Пән бойынша жүргізілетін

олимпиадалардың көрсеткіштері де жоғары болды. Мектептің еңбек және демалыс лагерін жоғары дәрежеде ұйымдастырды. Ұстаздар және оқушылар арасында үлкен беделге ие болды. Облысымыздың қай жеріне барсақ та бүрынғы оқушыларының құшақтасып амандастып жатқанын көретінбіз.

Өлкетануышы еді

Зейнеткерлік жасқа келгенде де Галекең қол қусырып отырмады, өзінің сүйікті ісі - өлкетану ісімен түбегейлі айналысты. Бұл саладағы ісін атақты жерлес ғалым Ебіней Бекетовтің ғылыми және әдеби мұрасын зерттеуден және қаламыздығы ғылыми-техникалық кітапханада ғалымның мұражайын ұйымдастырудан бастады деуге болады. Өзінің тікелей бастамашылығымен қаржы қындығын жеңіп, мұражайын заман талабына сай жабдықтады деуге болады.

Галекең Ебіней Бекетов туралы көп билетін. Өйткені, Қарағанды қаласында оқыған, қызмет еткен жылдары жерлес, ағайын ретінде жиі араласқан. Ағалық ақыл-кеңесін көп тындалап, отбасыларымен араласып тұрды. Бекетовтың сексен жылдық мерейтойы қарсанында «Жарқыраған жүлдyz еді» деген тақырыппен көлемді естелік жазып, ғалым ағасымен алғаш кездесуінен бастап, өмірдеректері жайында көп деректер келтірді. Әдеби шығармаларына, ғылыми еңбектеріне шолу жасады. Қаламыздың орталық көшесіне ғалымның есімін беру туралы алғаш ұсыныс жасағандардың да бірі Галекең еді.

Жыл сайын туган күні қарсанында мұражайы белмесінде

студенттер мен оқушылар алдында ғалымның өмірдеректері мен ғылымға сінірген еңбектері жайында әңгіме өткізіп отыратын. Сексен жылдық мерекесі қарсанында естелік кітабын шығаруға да белсене араласты.

Ғалекенің өлкетану ісіндегі ең көлемді еңбегі туған елінің тарихы туралы жазылған «Аңсаған менің ауылым» атты кітабы болатын. Кітаптың арнау бөлімінде өзі былай деп жазды «Өздерінізге ұсынылып отырган «Аңсаған менің ауылым» атты осы шағын кітабымды кіндік қаным тамған, еліме, жақсылығымды асырып, кемшілігіме мұңайып жүретін ауылдастарыма деген жүрекжарды ыстық лебіз, көрікті көңіл сазы ретінде қабылдарсыздар. Кең жұртшылықты аса қызықтыра қоймаса да, бұл еңбек осы жинақта есімдері аталған жақын жұрагаттарым, ағайын туыстарым және балаларым мен немерелерім үшін естелік-кәде жүгін толық көтереді деп сенемін».

Ғалекенің бұл кітабы туған елі, ауылдастары, жақын жолдастары туралы өзі айтқандай естелік қана емес, өзінің ескерткіші сияқты болды. Әлі есімде, осы кітабы баспадан шыққанда қуанышында шек болмады. Жақын жолдастарын, туыстарын үйіне шақырып кітаптың тұсаукесер тойын өткізді. Екінші рет өзінің туған ауылы – Шал ақын ауданындағы Ы. Үбыраев атындағы ауылда ауылдастарына тағы бір жүйе той өткізді. Қайролла Мұқанұлы екеумізді бірге алып барып еді. Әлім үйінде өткізген осы тойға жақын жолдастарын шақырды. Ауылдағы бірге өскен жолдастарының көбі бакильтік болып жесірлері қалған екен. Ойын-қалжынды ұнататын Ғалекен бәрін бізбен та-ныстырып: - «Бұлардың бәрі күйеулерін дұрыс күтпегесін

өлтіріп алған әйелдер» – деп бәрімізді күлдіріп алып еді. Тұні бойы Әлімнің үйін әнге толтырып, Есмақан ағамызға опералық арияларды айтқызып көнілді кеш өткізіп едік.

Ғалекең өмірден өтерін сезгендей соңғы жылдары кітаптарын жеделдете жазып құрастырды. Кітап жазу хоббиіне айналған сияқты болды.

Молдахмет Тырбиев ақын туралы «Тарлан ақын», Уахит Темірбеков ақын туралы «Бір өліп, бір тірілдім», «Жылгара Байтоқин», Шияп Садықов туралы «Қалдыրған ізі мәңгілік», Қаттай Кеншінбаев туралы «Асыл азamat», «Ұлылар туралы ойлар», «Көкарап» атты кітаптарды құрастырды.

Ғалым, қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы мектепте көп жыл директор болып істеген Шияп Садықов туралы көп айтып отыратын. Ол кісі туралы көрген, білген адамдардан естелік жинап, кітап қылып шығаруға көп еңбек етті. Кітаптың сапалы шығуына Қайролла Мұқанұлы екеуміз де араластық. Кітап жақсы да шықты, бірақ балаларының раҳмет айтуға да жарамағандығына ренішін айтып отырушы еді.

Молдахмет Тырбиев ақын туралы шыққан «Тарлан ақын» атты кітаптың да ақынның кейінгі ұрпақтарының тұсаукесер рәсімін өткізуге де мән бермегеніне қатты ренжіген еді.

Өмірден қашан өтерін кім білген, алға қойған жоспары көп еді. Ауруханаға жатар алдында көптен жинап жүрген Құлеке мен Құлсары батырлар туралы материалдарын бір бумаға салып жатып маған: «Бұлар туралы жаңа жылдан бастап жазуға кірісемін» – деп еді, ойлағанына жете алмады.

«Тортай Садуақасовтың «Ел мен жер» атты кітабында кезінде болыс болған Бадана атам туралы жазылған.

Мұрағаттардан іздестіріп, кітапша шығарғым келеді», - деп отырушы еді.

Ғалекен алдағы жоспарында облысымызда тұрып жатқан Атығай атасының шежіресін жазу да бар еді. Біразын жинастырып та қойып еді, ол мақсатына жете алмады.

Жаны жомарт еді

Ғалым екеуміздің туған жылдарымыздың арасын бір жыл ғана бөліп тұр, ол 1936 жылы туса, мен 1937 жылы туғанмын. Солай бола тұра мені «бала» дейтін.

- Эй, сен осы қазақ емеспісің? Менің жасым үлкен «ассалау мағалейкім» деп сәлем беруің керек қой, – деді бірде.

- Айға салып есептесең арамыз бір жасқа да жетпейді. «Ассалауынды» қоя тұр, «Сәләмәт пе?» дегеннің өзі дұрыс. Арамыздагы бір жасты бөлісейік те құрдас болайық, - дедім.

Табиғатында ойнап-куліп, қалжынұдасып отыруды жақсы көретін ол тез келісіп еді. Көбіне өз аталарымызды мактап, бір-біріміздің аталарымызды жамандайтынбыз. Бұл зілсіз қалжынымыз сыртқа ыңғайсыз естілгенімен, өзіміз мәзмәйрам болатынбыз. Ол бірде Петерфельд селосына тойға барып келді.

- Ал, той қалай өтті, кімдерді кездестірдің? – деп сүрадым.

- Ой, несін айтасың, той жақсы өтіп жатыр еді, бір кісі тойдың шырқын бұзды. Ішімдікке тойып алып тиіспеген адамы болмады. Айтпаған сөзі жоқ, маған да тиісті, осындауда адам болады екен, – деді. Элгі адамды

жамандағаны сондай, қандай оңбаған адам деп жамандауға өзім де қосылып кеттім. Оның күткені де осы екен, қарқылдан құлді.

-Әй, оның аты кім? – дедім күлгенинен сезіктеніп.

-Әй, соның атын сұраған жоқпын, бірақ руы Уақ екені анық, сенің тұқымың, - деді.

-Ну, заяц, погоди! – дедім не айтарымды білмей.

Осындай қалжындарға шебер еді. Кабинетімізге Зейнолла Олжабаев ағамыз келе қалса, орнынан тұрып барып құшақтап;

-Ой, Зеке, сізден басқа уақтарды қоя тұр, - деп маған естірте құлуші еді.

Қандай ғана ортада болмасын жүргіттің күлдіріп отыратын. Өзінің туған аулындағы бұрынғы Ленин, қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы мектепте ұстаздық еткен өнерпаз ұстаз Жылкелді Мұқанов пен көп жыл осы мектепте директор болған Шияп Садықов туралы көп әңгіме айтып отырушы еді. Соның бірі есте қалыпты. Бірде аудан орталығына жұмысымен келе қалған Жылкелдіден біреу Ленин ауылдың амандығын сұрайды. Сонда Жылкелді:

Совхоз директоры қаз-қалпында,

Замдиректоры таз қалпында.

Мектеп директоры сал қалпында,

Совет басқармасы мәз қалпында, - деген екен.

Расында да замдиректорының басы таз, мектеп директоры Шияп сал адам болған, селолық советінің бастығы үнемі қуліп жүретін адам болған екен.

Осы әңгімені тындаушысын күлдіріп отырып айтушы еді.

Ғалекенің ауылдында Шемішбай дейтін бір азамат

денсаулығына байланысты Ұлы Отан соғысына алынбай, ауылда қалады. Соғыс кезінде соғыс туралы бір әңгіме бола қалса, Шемішбайдың әйелі: «Шемішбайым үйде болғасын соғыстың не болып жатқанын білмеймін», - дейтін көрінеді. Осы әңгімені де мысал қылып, жиі айтатын.

Жаздың ыстық құндері жұмыс соңына қарай мұражай үйінің қарсысындағы «Вознесенск» дүкеніне барып салқын сыра ішіп әңгімелесіп отыруши едік. Жазып жатқан кітаптарымыз бойынша пікір алысатынбыз. Бұл дүкенді кейін «суат» деп атап кеттік. «Суатқа» бару жиіленіп кетсе, қатар отырган Қайрекең мен Нұржамалдан жасырын кете-міз. Біреуміз мұражайдың негізгі есігінен шықсақ, біреу-міз аулаға шығатын есіктен шығып, «суат» ішінде кездесетінбіз.

Галекең жетпіс жылдық мерейтойын дүркіретіп өткізді. Үш жерде: өзі көп жыл ұстаздық еткен қазақ мектебінде, облыстық мұражайда және өзінің туыстары мен жолдастарына Астана мейрамханасында өткізді. Бұл Галымның бір жұлдызды шағы еді. Тойда туыстары, жақын жолдастары Галымның қадір-қасиеті, қоғамға сінірген енбегі жайлы жүрек жарды сөздерін айтты. «Асыл мұра» орталығы жайлы да жылды-жылды сөздер айтылды. Тойда Қекшетау қаласында тұратын жиені Шабдан Галымның үлкен қылып салынған суретін сыйлағанда Галымның қуанышында шек болмады. Той соңында балалары: Қайрат, Азамат, Айман әкелеріне құттықтау сөздерін айтты. Балаларының, әсіресе, Айманның әкесінеге деген ыстық сезімге толы сөзін естігенде Галым шыдай алмай көзінен жас шығып, қорс-қорс ете бастағанда, жүрттан ұят болар

деп: «Әй, сен немене, доңыз болып кеттің бе?» – деп ойын бөліп жіберіп едім.

Жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында Қайролла Мұқанулы «Солтүстік Қазақстан» газетіне Фалымның өмір-деректері, еңбек жолдары туралы көлемді мақала жазды.

Фалымның бірге өскен досы халық жазушысы, қоғам қайраткері Героль Бельгер құттықтау сөзін жазып жіберді.

Жетпіс жылдық тойы қарсаңында газетке мақала жазу туралы сөз болғанда Фалым маған: - Саган, Қайрекен тұрғанда жол келмейді сен менің жетпіс бес жылдық тойымда жазатын боласың, сен соған дайын бол, - деді.

-Жарайды келістік, мен сенің жүріс-тұрысынды бүгіннен бастап тізе берейін, бірақ сен сол мақала қаламақысы бүгіннен бастап төлей бер, «суат» басына апарып отырсан да қарсы болмаймын, - деп әзілдесіп алып едік-ая!

Фалымның жан дүниесі кен, жомарт адам еді. Кімге болсын көмектесуге дайын тұратын. Өзінің ұнататын адамдарымен тезірек достасуға жақын тұрушы еді. Өзін үлкендермен де, кішілермен де тең ұстап, тең сөйлесетін. Оның бойындағы тамаша адами қасиеттерді бір-екі параққа жазылған естеліктегі түгел қамту мүмкін емес. Құдай қаласа алдағы уақытта айта да, жаза да жүрерміз.

Үрпақтарына амандық тілеймін.






Фалым Қадірәліұлы



Әкесі - Кадірәлі, шешесі - Қамелі



Агасы - Қайыржан



Інісі-Әлім



Кайролла мен карындасы Сара, кызы - Динара



Қайрат пен
Гүлхан,
ұлы -
Жасұлан



Азamat пен
Жанат



Алғашқы ұстаздармен кездесу





Өлкетану мұражайында



Роза, Фалым, Рая



Фалым мен
Роза



Бәйкен Әшімовпен бірге



Қамзабай Бекетовпен бірге



Қаратай Бигожин, Манаш Қозыбаев және Галым



Шота Уәлихановпен кездесу



А. Қошанов, С. Құрманғожинмен кездесу



Алматы.
М. Айтхожиннің
мұражайында



Ғалым,
Аманжол Қошанов,
Әлімжан Ахмадин



Фалым және Оразгелді Баймұратов



Мұхтар Шахановпен кездесу



Герольд Бельгер



Ғалия Әскерқызы мен Ғалым кітапханада



Қабанбай батыр
кесенесінің
қасында



Генерал-майор
Марат Мәжитовпен
кездесу



Құдасы Үкітай Рамазановпен



Жиені Шабданмен бірге



Қазақ
мектеп-
интернатында



Қазақ мектеп-интернатында



Мектеп-интернаттың 50 жылдығында. 1985 ж.



Мектеп-интернат ұжымы



“Асыл-мұра” орталығында





Е. Бекетов мұражайында



Мектеп-интернат ұжымымен



70 жылдык торкапты той. Мұражай үйінші



70 жылдық мұражайда



Мұражайда: Фалым, Социал



Астанада. 2001 жыл






Фалым мен Роза 70 жылдық тойда



Ұлы Қайрат, келіні Гүлхан, немересі Мәдина



Ғалымның балалары отбасырымен



Фальм және немересі Жасулан



Немерелері Әйгерім мен Мәдина



Руслан,
Жасұлан,
Темірлан
атасымен



70 жылдық тойда.
Жиені Болат Фалымға
сыйлық беріп тұр



“Асыл мұра”
орталығында.
Ш. Уәлихановпен,
О. Эшімовпен кездесу



70 жылдық той. Игорь, Қайрат, Дәстен



Бір топ ақсақалдар Торанғұл көлінің жағасында




Айман мен Абылайхан



Айман, Гүлхан, Эйгерім, Мәдина



Фалым мен Роза Сарығаш санаторийінде





ФАЛЫМ СОНГЫ СУРГЕТТЕРИНІҢ БІРІ

ДОСТАР, ДОСТАР, КЕТТИҢ ҚАЙДА...?

Бір күні жұмыс соңында Зейнолла дос телефон шалды. Зейнолла деп отырғаным Байқадамов Зейнолла ол кезде вагон депосы партия ұйымының хатшысы болатын. Сөйлескен соң шұғыл бір жерге баратын болдық, кездескен соң айтамын деді. Сол кездегі Карл Маркс көшесінде кездесіп, солтүстікке қарай тарттық. Екі қабат үйдін тұсына келгенде, осы үйде бір жас нәресте дүниеге келіп жатыр, соған барамыз деді. Мұндайды әйелдер жиналып өткізуші еді ғой. Зейнолла тура тілді, көп жағдайларда төтелеп соғатын жігіт еді. Оның қандай айырмашылығы бар, еркексіз әйел бала тумайды ғой. Сондықтан да айда кеттік, деді. Шынын айтқанда, ол кезде анау-мынауга онша мән берे бермейтін кез ғой. Үйдің екінші қабатына шыққанда азан-қазан дабыралай шуласқан дауыс бізді қарсы алды. Есікті ашып қалғанда дауыс араның ұясындай ду ете түсті. Кірсек, үй тола жан қабырғаны керіп жібере жаздағандай, еркек-әйелдер атаулы әлде неге келісе алмай дауласып жатыр. Оның үстіне арғы бөлмеден інгәлаған жас нәрестенің дауысы жетеді. Даулы таласқа құлақ тұрсек, жас нәрестенің атын қоюға бір бәтуаға келмей жатыр екен. Қызу екпіндеріне қарағанда барлығы да ат үстінен келе сала түсіріп алғанға ұқсайды.

- Эй тоқтатындар таласты, атын мен қоямын, - деп салды Зейнолла бірден.

- Сен кім едің сонша келе сала ат қоятын, - деп салды біреу.

- Мен Галымның бірінші нөмірлі досымын.

Сондықтан нәрестеге ат қою құрметі ең алдымен маған тиеді. Оның үстіне мен нәрестенің кіндік-атасы боламын, дейді Зейнолла зор дауысын көтере түсіп.

- Оныңды әлі көре алмай тұрмыз, құр сөз бізге дәлел бола алмайды – дейді әлгі дұр.

- Зейнолла бір литрліктен екі шыныны қойнынан сурып алып, ортадағы стол үстіне тоқ еткізді.

Осы кездे біреуі өзеурей әй өзің бір азамат екенсің, кіндік ата болсаң боларсың, деп мақтап салды.

Осы сөзді кім айтса сол айтсын, менің де ойланып келгенім осы еді. Нәрестенің аты Азамат болсын. Қалай? Қойған атым ұнай ма? – деп Галымды құшақтады.

Қап-қара шашын бір жағына қайырган акқұба, ашаң жузді, қыр мұрынды, арықша да бойшаң келген жап-жас жігітте ес жоқ, ақ маржандай тістерін жарқыратады, езуін жимай қуле береді, құле береді.

Айхай жастық шақ-ай десейші! Барың алдында, жоғың артында ештеңені ойламай ұрып-періп данғаза думанмен өткізген сол бір күндердің парқын бағаламаппиз да. Есіл сүзы жұлықтан келмей есіле-көсіле журіп бейқунәлік жолда талай жолдастармен кездестік. Талайынан айрылып қалдық. Жолдастың да жолдасы бар. Солардың арасынан сирек болса да достар таптық. Сол алғашқы кездесуден бастап Галым – Роза мен араласа келе мінезіміз үйлескендіктен де үй-ішімізбен араласып дос болып кеттік. Ал сол бір өткен шілдеҳанада көп болып таласа қойған Азамат нәресте, бұл күндері отыз беске шығып, жігіт ағасы болып қалғанын анғармаппиз да. Осы Азаматтың алды-артында үл-қыздары

дүниеге келіп, олар да бұл қундері үйлі-баранды болып, Фалым-Роза қара шанырағының айналасына жағалай ақ отаулар көтерілді.

Құдай жаратқан әр пенденің басына шағындал беретін өз қасиеттері болады. Солардың ең жоғарғы сатысында орын алған атауды адамгершілік деп атайды. Фалымды еске алғанда ең алдымен құдай берген адамгершілігі ойға оралады. Ол Караганды университетінде педагогика саласынан білім алғып, сол қаланың бір мектебінде физика-математика сияқты қызын пәндерден дәріс беруден бастаған. Осында Роза сынды сұлумен отау көтерді. Фалым осы кезеңді жиі еске алғып, ерекше шабыттана іздегенін тапқандай ықыластана айтЫП отыратын. «Ебіней аға университетте ректор, ұстаз бола жүріп, менің үй болып, отау көтеріп, аяғымнан қаз тұрып кетуіме тікелей себепші болған адам еді. Сонда қазақтың дәстүрі бойынша жерлес ағам ретінде бас құда болып, Розамен үйлену тойымызда үлкен лауазымды басымен асабалықты басынан аяғына дейін дүрілдетіп тұрып өткізгенін қалай ғана ұмыта алармыз. Сонда деймін-ау, қазақтың дәстүрлі сөз өнерінің пернелерін дәл басып, салт-саналарын айшықтай ашып, бұл салада да ғұламалық танытып, көпшіліктің көз айымына айналғаны біздерді қайран қалдырыды. Қазақтың салт-дәстүрі дегеніннің өзі әлі де болса айқара ашылмай келе жатқан өз алдына «Сыр сандық» екенін барша жұртқа ұқтырғаны бар. Бұл той Роза екеумізге өмір бойы ұмытпай үлгі ретінде айтЫП жүрер мектеп болып қалды деп, Ебінейді жиі-жиі еске алушы еді. Қазақ «диірменшіге ұн жүқпай қоймайды» дейді. Сірә, Фалымға адамгершілік дегенің ана сүтімен пайда болып,

оның үстінен ұстазы Ебінейден жүққан қасиет болса керекті дәп ойлаймын.

Оның Ебіней ұстазы туралы сыр ашуына қарағанда Ғалымды ғылым жолына тартқанға ұқсайды. Университетті үздік бағамен бітірген. Ғылым жолын жалғастырушылар ізdegенде, Ғалым Қадірәлингे де назар аударған. Оның былайғы өмірі ғылым жолына бұрылып кетерме еді қайтер еді, қартайған әке-шешесі елге шақырмаданда.

Ғалым елге оралып Петропавлдағы № 5 орта мектепте оқу ісінің менгерушісі болып істеген. Мектеп директоры Ғалым Хамзин. Қос Ғалым осы мектепті басқарған жылдары осы мектептің атағы аспандап, басқалар үлгі-өнеге тұтар мектепке айналды. Кейін Ғалым Қадіралин директор болды, сондагы оның ұстаздығы мен қатар мектеп ұжымын шебер басқарудагы ұйымдастырушылық қабілеті ойға оралады. Бір кездері химияның терен білгірі академик Ебіней Бекетов студенттерді көл-көсір білім дариясынан сусындалса, оны жан дүниесімен түсінген Ғалым енді кластағы әрбір шәкіртті абзал арман, асыл мұрат шуағына өзі ғана бөлеп қоймай ұжымдағы бүкіл ұстаздардың шәкірттерді кіслік пен ізгіліктің кіршіксіз әлеміне бастарлықтай ұйымдастырушылығымен таныла білді. Ұстаздықты басқару іскерлігімен шебер ұштастырудың арқасында қатардағы мектеп көп ұзамай «Дарын» мектебінә айналды.

Ғалым саналы ғұмырының алғашқы жартысын ұстаздық, тәрбиелік сияқты абзал да қасиетті жұмысқа арнаған адам. Бұл ізгілік жолға отыз алты жыл ғұмырын арнапты. Осы уақыт ішінде алдынан мындаған шәкірт тәрбиеленіп өмір жолына аттанған. Олардың ішінде

құрылышы, архитектор, инженер, зоотехник, дәрігер, мұғалім, әр алуан бизнес өкілдері өсіп шығып, егеменді еліміздегі болып жатқан өзгерістерге өз үlestерін қосуда. Олардың ішінде онға тарта адам ғылым кандидаты, докторлар бар. Бұлар бір кездері өзі армандаған ғылымның алуан саласында жемісті қызмет етіп, өмірге лайық татымды табыстарымен көзге түсті.

Адамның биік мақсаты мен мереілі мұратын болашаққа баянды ететін асыл байлығы шығармашылық ойы. Осы асыл байлыққа талмай талпыныс жасаған нағыз еңбеккер бейнетқорғана өзінің білімі мен ойы жеткен деңгейге дейін көтере алады, өзінің ғұмыр бойына жансерік ете алады.

Өткен бір күндерде қалалық бақты аралай жүре бір ашық сырласқанымыз бар. Жазда салқын сыра, қыстыға жылы сыра-мен сусындауды ұнатқан кездер де болған. Ал бақ ішінде мұндай орындар баршылық. Осындай бір отырыста Галым жаңа үйді қалай алғанын айтты. Ол үй әне, қалалық бақ қакпасының дәл қарсысында, жетінші қабатта деді. Есік ашып табалдырық аттаудың реті келді. Әр уақытта қонақжай жан жолдасы Роза ақ дастарханды тез жайып біздерді құдасы келгендей күтіп жатыр. Дастарханнан көнілді көтеріліп үш бөлмелі жаңа үйді аралауға кірістік. Соның бір бөлмесінің үш қабырғасына стеллаж орнатылты. «Бір үйде жинаулы екен қазына мал» демекші, «ақсақал шал» стеллажда сіресе тұрган кітаптарды көрсетіп жатыр. Алғашқы қатарда «ЖЗЛ» сериялы әлемдік әйдіктердің кітаптары тізілген. Одан әрі өздері қол қойып, арнайы тапсырған ақын-жазушылардың кітаптары. Бірнеше қатарлар оку құрал әдістемелік тұрғыдағы жиһаздар. Солардың ішінен бір қоңырлау мұқабалы

кітапты суырып алып маған көрсетті. Ашып, парақтап қарасам физика мен химия пәнін оқытуға арнап өзі жазған әдістемелік кітап екен. Уш жұз бетке тарта түзілген бұл кітапта физика, химия сияқты іргелі қыын пәнді оқушыларға түсіндірудің женіл жолдары арқылы тез игерудің әдістері қарастырылған екен. Әрбір тақырыпты талдаپ, үйретуде оқушыларға, ұстаздарға таптырмайтын кітап болып шықты. Мұны, деді Галым, кезінде республика Оку министрлігіне ұсынған да едім. Алайда Министрліктегі көз салып көңіл аударатын адам болмай шықты. Бірнеше рет артынан хатта жаздым, ақыры осы еңбегім министрліктегі ізім-қайым жоқ болып кетті деп реніш білдірді.

Бұл кітап Галымның шығармашылық түрғыда бастап жазған тұнғыш, тырнақалды еңбегі екен. Галымның белсенді түрде шығармашылыққа шұғыл бет бұрған кезеңі зейнеткерлікке шыққаннан кейін басталды. Мұны адами заңдылық түрғысынан қарағанда әбден түсінуге болады. Біріншіден, ұстаз болғандықтан да оның үстіне мектеп директорын күн сайын мың түрлі мәселе тосып тұратыны белгілі. Екіншіден, шығармашылық деген ауқымды дуниеге жан-жақты үлкен дайындықпен келу керек. Мұны жақсы түсінген ол ұстаздық ете жүріп, баспасөз беттерінде әртүрлі жанрлармен дайындықтан өтті. Ол уақыттарда облыстық, республикалық газет-журнал беттерінен оның есімін жиі көретін едік. Дәйекті түрде жазудың әліппесін сонда үйренген болатын. Академик ұстазының алдында қарыздар болғаннан ба Ебіней Бекетовтің әмір жолдарын талдаپ тарқата жазатын. Оның жетіктігін ту ете отырып, облыс орталығы Қызылжарда оның мұражайын ашу жөнінде

мәселені бірінші болып көтерді. Сөйтіп, облыстағы қауымдастықтың араласуына мұрындық болды. Осы мәселенің соңында қалмай жүріп мұражай залын ашуға қол жеткізді. Содан кейін мұражайды жәдігерлермен толтыруға өзі бас болып кірісті. Ол үшін Қарағанды, Алматы аралығын шиырлауға тура келді.

Бірде мынадай жағдайдың қуәгері болғаным бар. Бір жағдаймен вокзал алаңында болғанымда Ғалым мен Роза Алматыдан келетін поездан түсіп жатыр екен. Өздерімен бірге үш қапты түсірді. Мәнісін Ғалымның өзі айтты. Мына екі қаптағы Бекетовке байланысты кітаптар, ал үшіншісінде ол зерттеп жинастырган тау жыныстарының үлгілері, деді. Мұражайды жабдықтауға, міне, осылай бейнетке белшеден бата жүріп айналасы бір жылда мұражай залын жәдігерлермен толтырды. Толтырып ғана қойған жоқ, ғылыми әдістемелер негізіне сай етіп рет-ретімен жиһаздады. Осының негізінде мұражай жанынан академик есімімен аталатын ғылыми кітапхана ашылды.

Осыдан кейін Ғалым ізін суытпай Красноармейский көшесін Ебіней Бекетовтің есімімен ауыстырудың машикатына кірісті. Бұл қыын-қыстауға қарамай соңынан қалмай жүріп ақыры арада екі жыл өткенде бұл игілікті іске де қолы жетті-ау! Ебіней Бекетов көшесінің ашылу салтанаты Коммунист көшесі мен Бекетов көшесінің қызылсында өтті. Ебіней Бекетов жайлы Ғалым қысқаша баяндама жасады. Қогамдық өкілдер сөйледі.

Ебіней Бекетов көшесінің осы тұсында столдар қойылып ақ дастанархандар жайылды үсті тағамдарға толтырылды. Кез-көрген қариялар Ебіней туралы естеліктерін баяндады.

Концерт қойылып ән айтылды, оқу орындары жастары би билеп көшені думанға бір толтырған.

Осымен қалып қоймай, шешінген судан тайынбас дегендей Ғалым сол екпінмен одан әрі құлаш үрды. Облыс орталығында әдеби-мәдени мұраларды зерттеп жазатын бір орталық ашу жөнінде ой қозғады. Осы ойын маған бөліскені әлі есімде. Мен оған бұл жайында ең алдымен қоғамдық пікір тудырудың қажеттігін айттым. Солай жасалды да, Ғалым іле-шала облыстық газет бетінде осы жайында мақала жариялады. Әдеби-мәдени орталық қажет екенін өзімше дәлелдеп мен мақала жаздым оның атын «Қожаберген жырау орталығы» болғаны дұрыс деп ұсыныс та жасадым. Өйткені Қожаберген жырау әлі ашылмай жатқан өз алдына біртұтас мектеп. Қазақтың үш жүз жылдық тарихынан хабардар еткен бірден бір қайталаңбас тұлға екенін тілге тиек еттім. Бұл мақаланы республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне де жібердім. Осы тұрғыда бірнеше адамдар облыстық газет бетінде тілек-талаптарын айтып қолдау көрсетті. Шынында да қоғамдық пікірдің аяғы жай қалмады. Арада екі жылдан астам уақыт өткеннен кейін бұл орталық облыстық өлкетану мұражайы жаңынан ашылды. Ғалым қозғау салып бастаған бұл әдеби-мәдени орталықтың аты, көп болып ұсыныс жасаудың арқасында бір мәмілеге тоқтап, «Асыл мұра» атауы берілді. Бұл атау әкімшілік тараپынан занды түрде бекітілді.

«Асыл мұра» ашылысымен Ғалым өзімен зейнеткерлікке қатарлас шыққан Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев сияқты еңбеккор, бейнеткор қос қанатын тауып алды. Тауып алды да «самғай ұшып» көрші Омбы, Тобыл, Алматы, Астана

архивтерінің астын үстіне шығара актарып жеті қабат жер астынан алтын іздегендей белшеден бата тер төкті. Архивтердің бытқыл қойнауларында шаң жұгып, төгілген тер тегін кеппеді. Қазақтың өткен тарихын сығалай зерттеп керек деген дүнилерді сыйымдай тартып әкеліп, термелей жазғандарын баспаҳана конвейеріне бірінен соң бірін тізбектей қойды. Осындай ойлы да үрдіс қимылдардың арқасында «Асыл мұрадағы» үш азаматымыз 7 жыл ішінде тарихи танымы мол да зор да 40-тай кітапты жазып жарыққа шығарды. Соның бірсыптырасы Ғалым Қадірәлиннің үлесіне тиеді. Атап айтқанда, Ғалым зерделей зерттеп көз майын тауыса ақ қағазға жорғалай түскен жолдардан «Аңсаған менің ауылым», «Қасиетті ақ орда», «Жылғара Байтоқин», «Қөкарап» сияқты кітаптар оқушыларға жол тартты.

Талант бап талғайды, бабы табылмаса толыспай жатып солады, не кеш туатын кездері де болады. Ғалымның алда атқарар жоба-жоралғы ойлары да көп еді. Ойлағанына жеткен кім бар? Нағыз орамды ой кемеліне келіп толысып піскен кезде ол кенеттеп дүние салды. Қош бақұл бол аяулы дос! Топырағың торқа, мәнгілік жатқан жерің жайлыш болғай, Әумин!

Осыдан не бары екі-ақ жыл бұрын 70 жылдық мерейтойын дурілдетіп-ақ тойлап өткен еді. Онда өзінің туғантуыс, дос-жарандары қуана құшақтай жиналған еді. Еліміздің тұс-тұсынан, Ресейден, жақын шет елдерде қызмет істеп жатқан бұрынғы жұздеген оқушылардан құттықтау телеграммалар бұрқырап түсіп жатты. Сол жиында Ғалым досыма арнаған мына бір өлең шумақтарын оқып берген едім:

Бұл Ғалым ортамызда мына отырған,
Түнінді жарық етіп, таң атырған.
Жайдан-жай жасамаған жетпісінді,
«Алтынды» аршып алған күл-қоқырдан.

Ақжарқын анқылдаған мына Ғалым,
Ақтарған аямаған қолда барын.
Отыз жыл ұстаздықты айтпағанда,
Зерттеуші, зерделеуші әрі ғалым.

Аютас, Бағанаты жүрген жері,
Тарихтың тамырынан жөргем ілді.
Алматы, Қызылжардың пойызымен,
Жүргенін кітап тасып көрген едім.

Жол алыс әуре-сарсаң болды жайы
Болмады әуелінде тұрақ жайы.
Киядан қисын тауып ақырында,
Ашылды-ау Ебінейдің мұражайы.

Әр тұстан тасымалдап жиып бәрін
Ашқанда Ебінейдің мұражайын.
Қасына Розасын ертіп алып,
Тер төгіп аямады шыбын жанын.

Сонан соң ат қоюға көшесіне
Жүгірген үш-төрт жылдай есесіне.
Іздесен мұражайды Қызылжардан,
Табасың Бекетовтің көшесінде.

Ебіней Бекетовтің мұражайы,
Бұл күнде бар ғылымның кең сарайы.
Химия алхимия әлеміне,
Апарар өз алдына бір ғаламы.

Бұл Галым жай отырмай тағы ойланды,
Ашуға бір орталық тағы ой салды.
Талай есік қағылып ақырында,
Сірескен бюрократ мұз қозғалды.

Тарихтың тәркіленген басын бұра,
Өнірден жинады ғой асыл мұра.
Көп болып ақылдасып орталыққа,
Ат қойды ақ үкілеп «Асыл мұра».

Аттанса айға сапар алатындей,
Социал, Қайролламен баратындей.
Асылын «Асыл мұра» аспандатар,
Екеуі бұл Галымның қанатындей.

Бауырды бәйге атындей жазып жатыр,
Тарихтың қабаттарын қазып жатыр.
Қойғандай кітаптарды конвейерге,
Үшеуі бұрқыратып жазып жатыр.

Істерін айтар болсақ сөз түйіндей,
Бұл күнде қалғаны жоқ ел сүйінбей.
Бірі аға, бірі іні боп бауыр басқан
Үшеуі солтустіктің үш биіндей.

Жетпісің мына келген құтты болсын,
Іргесі отаулардың мықты болсын.
Розамен жүздің жалын ұстағанда,
Жиналып дәл осындай орта толсын!



Сапар ДУЙСЕНОВ

ҚАДІРЛІ ІНІМ

Галым ініммен таныс-білістігім оның қаладағы жалғыз қазақ мектебінің директоры болып қызмет атқарған уақытынан басталды деуге болады. Облыстық прокурордың орынбасары қызметін атқара жүре прокуратураның жастар ісі туралы бөлімі жұмысын қадағалап отыруға тұра келді. Әсіресе, мектептерде қоғамдық тәртіптің сақталуы, зан талаптарының орындалуы туралы істерді қадағалап, оқушылармен кездесіп, осы тақырыпта зан қызметкерлері лекция оқыды. Осындай істерді басқара жүре мен Галым Қадірліұлы басқарған қазақ мектебінде жиі болып журдім. Менің Галыммен аға-іні ретінде сыйластығым осы уақыттан бастап қалыптасты деуге болады. Галымның бойындағы жасы үлкен адамға деген кішіпейілдігі, ізеттілігі екеуміздің арамыздағы сыйластық сезімге ұласты. Оқушылармен кездесуге жиі шақырылдым. Кездесуден кейінгі дастархан басындағы әңгімелер екеуміздің арамызды тіпті жақындастырыды. Осындай бір әңгіменің үстінде: - “Сапар Дүйсен-

ұлы, бұл мектепке осы уақытқа дейін ешкімнің аты берілмей келеді. Біз мектептің мұғалімдер ұжымымен ақылдаса келе мектепке Ұлы Отан соғысының Батыры Әбу Досмұхамбетовтің атын беруді жоғарғы жақтан сұрағалы отырмыз. Бұл адамның сізге де бөтен еместігін естіп жатырмыз. Сондықтан сіздің де қарсы болмайтындығыңызды білеміз. Сізден жоғары жаққа ықпал етіп, осы іске көмектесуінізді сұраймыз”, - деді. Әрине, менің қуанышымда шек болған жоқ. Осы әнгіме болған күннің ертеңінде Галым екеуміз жанымызға мектептің бір-екі мұғалімін алып Мамлют ауданының “Красный октябрь” селосында тұратын Әбу Досмұхамбетовтің туған інісі Қапардың үйіне барып келген шаруамызды айттық. Қатты риза болған Қапар малын сойып, көрші-көлемдерін шақырып той жасады.

Мектепке Әбудін атын беру ісінде Галым екеуміз қатар жүріп, жоғары жақтың есігін бірге қақтық. Сөйтіп, мектепке Әбу Досмұхамбетовтің есімін алдық. Бұл 1985 жыл болатын. Мен осы жылдан бастап мектептің қадірлі қонағының бірі болып, жиі қатынасып отырдым.

Галым осы мектепте директор болып істеп жүргенде бір ойлап жүрген ісі – мектеп алдында батырдың ескерткішін орнатқызу болатын. Бірақ, ол уақытта мұндай істі орындау қын болатын.

Осы уақыттарда басталған арамыздағы аға-іні ретіндегі сыйластық жібі кейін де ол өмірден өткенше үзілген емес. Адам мәнгілік емес, өмірге келеді, кетеді. Бірақ ұрпақтар сабактастығы жалғаса береді. Құдайға шүкір, Галымның артында тамаша ұрпақтары қалды. Бұл Галымның өмірі жалғасып жатыр деген сөз.

ЕСІМДЕСІҢ, ҒАЛЫМ, ЕСІМДЕСІҢ

Ғалыммен тым кеш аралас-құралас болдым. Егде тартып кетсек те жас жігіттерше жанымыз жарасып, қоңіл-күйіміз жаһасып кетті.

Білісе келе құрдас боп шықтық. Үніміз үйлесті. Әзіл-қалжынымыз ара-қатынасымызды мәнді де сәнді қылып тұрушы еді. Есіктен кіріп келгенімде: «О, балақай, аман-саумысың? Төрлет!» – деп құшақ жая қарсы алатын да, бөлме іші базар болып шыға келетін-ді.

Сол күндерді сағынамын. Ертерек неғып Ғалекенді біл-медім деп өкінемін. Аз күн болса да ол нәрлі өткеніне ризамын. Асыл да абзал азаматқа мына өлең жолдарын арнадым:

Жетпіс бірде өмірден өттің, Ғалым!

Есіміңді еліңе еттің мәлім.

Ұстаздыққа бағыштап ғұмырынды

Мындаған шәкірттерге бердің тәлім.

Зейнетте де таппадың жанға тыным,

Менгердің өлкетану қырын-сырын.

Еліңің асылдарын зерттеп, білдің,

Тарихтың ашып қойып ақ сандығын.

Өркенді өткендерді қаза білдің,

Тапқанынды мәнерлеп жаза білдің.

Қаламынан қалдырдың қанша кітап,

Болмасаң да маманы қазақ тілдің.

Ғұлама әз ғалымы даламыздың,
Асыл, абзал Ебіней ағамыздың.
Есімін беруге сен өнбектендің,
Көшесіне Қызылжар қаламыздың.

Білсе де үлесінді жүрт-ағайын,
Ісінді айтпай қалай тұра алайын.
Басында, қасында да жүрдің өзің,
Аштырып Бекетовтің мұражайын.

Өмірдің талабына талғамы шақ,
Рухани сара жолды салғаны нақ.
Ел есінде жүрері айдай анық,
«Асыл мұра» – ескерткіш қалғаны хақ.

Ғалеке, отыратын орның бөлек,
Қымбатсың, бір жыл туған екі төл ек.
Әзіл-қалжың жарасып ойнаушы едік,
Дуылдатып, думанға бойды бөлеп.

Достығымыз қартайған тұста болды,
Ойнап-құлғен кезіміз қысқа болды.
Өкінбеймін өз басым өткен күнге,
Әзіңмен өткен күндер болды онды.

Есімдесің, Ғалеке, есімдесің,
Білемін жаман атың естілмесін.
Біргесің жанымда да, жадымда да,
Той-думан, ойын-сауық кешімдесің.

АЛҒАШҚЫ ШӘКІРТТЕРДІҢ БІРІ

Мен тақырыпты осылай атап отырған себебім, 1946 жылы Қоктөрбек ауданындағы Ленин орта мектебін бітіргеннен кейін осы мектепте аға пионер вожатый болып жұмыс істедім. Ғалым сол кезде осы мектептің үшінші сынып оқушысы болатын. Мен бір ауылда тұрғандықтан әкесі Қадірәліні шешесі Камалды, ағасы Қайыржанды, інісі Әлімді, қарындасы Сараны бес саусақтай білетінмін. (осы мектеп қазіргі – Шал ақын ауданындағы Ыскәк Үбраев ауылындағы М. Ахметбеков атындағы мектеп).

Ол кезде мектепте октябряттар, пионер, комсомол, оқушылар комитеті болатын. Ғалым үшінші сыныпта оқып жүргендеган сапта тұрған пионерлер алдында «Мен Советтік Социалистер Одағының жас пионері Ленин, Сталин ісі үшін әр қашанда дайынмын» – деп оң қолымен маңдайдан асырып салют бергеннен кейін пионер қатарына алынды.

«Тәртіптің тамаша мектебі – отбасы» - демекші, Ғалым жас кезінен бастап әке-шешесінің тәрбиесін құлаққа сініріп, окуы жақсы, үлгілі тәртіпті, қоғам жұмысына белсене араласа отырып, оныншы сыныпты жақсы бітіріп шықты. Әке-шешесі де текті туқымнан екенін кездесіп қалғанда сөз арасында атасы Шегеннің болыс, би болғанын айтып отыратын. Осындағы отбасынан шыққан азамат, ел ағасының туыстары өмірден өз орындарын тауып, қоғамның әр

саласында қызмет істеп, зейнеткерлікке шығып, ата, әже болып ұрпақтарының қызығын көрін отырған жандар.

Ғалым екеуміз ол 1976 жылы облыстық-мектеп интернатқа оқу ісінің менгерушісі, осы мектептің директоры, мен 1970-1988 жылдар арасында облыстық мұғалімдер білім жетілдіру институтында қызмет істегенімізде бұрынғыдан да тығыз байланыста болдық. Одан кейін ол облыстық оқу бөлімінде инспектор болды зейнеткерлікке шыққаннан кейін, өмірінің сонына дейін өзі ұйымдастырған «Асыл мұраны» басқарды.

Ғалым Қадірәліұлының еңбегі облыс тұрғындарына жақсы таныс. Ол өзіне тапсырылған жұмыстардың қайсысында болмасын сенім биігінен көрінген айтуды азамат еді. Ғалым халық қамын ойлаған. Қандай жұмыс болмасын, ақжарқын адал берілетін, мәселені уақытында шешуге тырысатын жан еді. Мектепте, іссапарларда бірге болғанда байқағанымыз, Ғалым адамға жақын, ашық-жарқын, жұмсақ мінезі, адамды өзіне тартып алатын турашылдығы, жауапкершілігі, тиянақтылығы, тұла бойына табиғаттың берген сыйын еді.

Ағаш-ағаштан рең алады, адам-адамнан тәрбие алады демекші, адамның өсіп-жетілуіне қоршаган ортасының яғни өмірдегі алған тәжірибесінің әсері болады. Менің бұлай деп отырғаным, өзі оқып бітіргендегі Қазақ ССР-ына еңбек сінірген, соғыс еңбек ардагері Садықов Шияптің мектеп директоры, оқу ісінің менгерушісі Құсайынов Жангалидын, Смағұлов Есімнің, Қалиахметов Ахметжанның т.б. мұғалімдердің отырыс-тұрысынан, жүрісінен, айтқан сөздерінде тұратын адамгершілік қасиеттерінен, рес-

публика, облыс төнірегенде танымал болған ұстаздардан үлгі алып шықты. Осыдан да болуы керек мұғалімдік мамандық таңдаған талғамы мұлт кетпеді. Осы мұғалімдердегі мұғалім болсам еken деп ойлады.

Ғалым Қадірәліұлы директор болған кездегі мектеп бітіріп шыққан тұлектерінің әр салада қызмет істеп жүргендегі сол мектеп мұғалімдерімен бірлесіп істеген жұмыстарының жемісі.

«Асыл мұра» ұйымында жүргенде «Әлеке, сіз үйініздегі «Қазақстан генералдары» деген кітабынызды әкелінізші, біз өзіміздің облыс генералдарының стендін жасаймыз ба, - деп едік деп, кітапты алып, өзі мектеп директоры болып істеген кездегі тұлектері – генерал-майор Тайжанов Ерлік Серікбайұлы, Мәжитов Марат Әлімжанұлының өмір баяндарын ксерокопияға түсіріп алған еді.

Адамдардың бір-біріне жақындасуында, меніңше, бір үлкен мағына бар деп ойлаймын. Ғалым мен Герольд Бельгер Ленин мектебінде бір сыныпта оқып сол кезден ақыр демі біткенше дос болып өтті.

Қандай да болмасын мәжілістің көркі болатын бір адамдар болады. Соның бірі осы Ғалекен. Олай дейтінім – өзінің жетпіс жылдық мерейтойында Ғалекенің іс-са-пардағы, басқа бас қосудағы қызықты әңгімелері, істері айтылып жатқанда Социал: Ғалеке-ау, осы сөздерді Роза естіп қалмасын байқаңыз десе, Ғалым біздің Роза ана-мынаны көңіліне ала бермейтін адам емес пе, қазақтың кең қолтық адамы емес пе деп бір көтеріп, күлдіріп отыратын мәжіліс көркі еді.

Ғалым ең алдымен үлгілі отбасының иесі болды. Жұбайы,

құдай қосқан қосағы Роза екеуі тату-тәтті өмір кешіп келді. Екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бірнеше немере, жиен сүйді. Ұл-қыздары тәрбиелі, қай қызметте де абыройлы екенін көріп жүрміз.

Қорыта келгенде Ғалым қадірлі шәкіртерімнің бірі ретінде есімде ұзак сақталады.



Есмақан ҚОЖАХМЕТҰЛЫ

ТҰЛА БОЙЫ ТҮНГАН АДАМГЕРШІЛК БОЛАТЫН

Мен Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданындағы Ленин (қазіргі Мәркен Ахметбеков) атындағы орта мектепте мұғалім болдым. Қызылжар қаласына келген сайын, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қасынан ашылған «Асыл мұра» деген орталыққа соқпай кетпеймін. Бұл орталықта бұрын халық ағарту саласында көп жыл қызмет еткен Қайролла Мұқанов, Ғалым Қадірәліұлы, Социал Жұмабаев деген үш зейнеткер істейді.

Олар орталықтың «Асыл мұра» деген атына сай облыстың атақты адамдарының өмір жолдарын зерттеп, жас ұрпаққа таныстыру үшін кітап шығарумен айналысады. Бұл орталық ашылғаннан бері қырықтан астам кітап шығарды. Олар кітаптарға материал іздел Ресейдің Омбы, Тобыл және Алматы, Көкшетау, Қызылжар мұрағаттарында бірнеше рет

болды. Бұл кітаптардың көбі кезінде ескерілмей қалған атақты адамдар туралы еді.

Жоғарыда аталған үшеуінің еңбегінің ішіндегі шоқтығы биігі 1921 жылы актвардияшылар мен қулактардың көтерілісі кезінде арманда кеткен жас ақын Баймағанбет Ізтөлинге арналған кітап, Сегіз серінің екі томдық шыгармалар жинағы, Қожаберген жыраудың таңдамалы шыгармалары, Шал ақынның Алматыдағы «Арыс» баспасынан шығарылған өлеңдер жинағы. Сонымен бірге, олар елімізге еңбектері сіңген, талай жастарды оқытып тәрбиелеп шыгарған Ебіней Бекетов, Шияп Садықов, Қағида Базарбаева, Қайреш Қоспанов туралы кітаптар жазып шығарды.

Ғалым Қадірлұлы Қарағанды пед.институтын бітіргеннен кейін, Қызылжарға келіп, № 5 қазақ мектеп-интернатында мектеп директоры болып қызмет істеген кезде, Ғалыммен жиі кездесіп жүрдік. Мен Ленин орта мектебінде оқушылардың көркемөнерпаздары үйірмесіне жетекшілік еттім. Мектеп оқушылары аудандық байқауларда жүлделі бірінші орындарды жеңіп алды. Оқушылар хоры, жеке әншілер, домбырашылар оқушылардың облыстық қорытынды концертіне қатынасты.

Ғ.Мұсіреповтің «Амангелді» пьесасы облыстық теледидардан көрсетілді. Қағида бірінші дәрежелі дипломмен, үйірме мүшелері грамоталармен наградталды. Оқушыларды қалаға алып келген сайын, қазақ мектеп-интернатына орналасамыз. Келген сайын Ғалым бізben кездесіп, Қағида екеуімізben амандасып, елдің амандығын сұрап білетін. Елден келген оқушылар асханада тамақтанып жатқанда, Ғалым келіп көріп кететін.

-Балалар тамақтанып болғасын бөлмелеріне барып, балалармен дойбы, шахмат ойнасын, содан кейін де дем алуға уақыт жетеді ғой, - дейді бізге.

Қағида екеумізді үйіне алып келіп, қонақ қылатын келген сайын, сөз арасында күлімсіреп қарап қойып бізге, әзіл-қалжың айтып, күлдіріп отырушы еді!

Ғалым Қадірәліұлы туған елін, жерін сүйген азамат. «Аңсаған менің ауылым» атты кітап және» Қасиетті ақ орда» атты ауылдағы мектептің қысқаша тарихын, ауыл азаматтары мен мектеп ұстаздарын және өзімен бірге оқыған балаларды зор ілтипатпен атап өтеді. Көкшетау дуанының аға сұлтаны, патшадан дворян атағын алған, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Макттай Рамазанұлы Сағдиевтің арғы атасы Жылғара Байтоқин туралы Ғалым Қадірәліұлы «Жылғара Байтоқин» атты кітап шығарды.

Көкшетаудан арнайы Ғалымға келіп, Қағида туралы кітап шығарам ба деген ойым бар, сол болашақ кітап туралы сенімен ақылдасайын деп келдім – дедім Ғалымға. Мен Қайролла, Социал, Зікірин Тоқтармен ақылдасайын. Оларда Қағиданы жақсы біледі ғой, - деді ол.

Қағиданың алдынан қаншама шәкірт қазақ тілі мен әдебиетінен терен де, сапалы-білім алып шықты. Қағиданың артында мол мұрасы қалды. Соларды бізге жинап, жиып тапсырыныз, біз оларды қарап шығайық, - деді Ғалым.

Кітап Ғалымның қамқорлығының, жана шырлығының арқасында ғана дайын болды. Кітаптың авторы – Қайролла Мұқанов «Ұстаз тағылымы» деген атпен кітап Көкшетау университетінің баспаханасынан басылып шықты.

Ғалымның тұла бойы тұнып тұрған адамгершілік бо-

латын, оның еңбексүйгіштік қасиеті өзгеге өнеге тұтарлықтай болушы еді. Оның бойындағы тағы бір қасиеті кішіпейіл, дауыс көтеріп сөйлемейтіні Фалым ел қатарлы балаларын ержеткізіп, өмірдің бұйырган қызық-қуанышын көрді.

Фалым, жатқан жерінің жайлы, орныңыз пейіштің төрінде болып, өмірде қалған жақсы атыңыз, жарқын ізіңіз ол жакта да, алдыңыздан еселеп қайтсын демекпін.



АРДАҚТЫ ІНІМІЗ

Ғалымды осы қалада ой қалада тұратын бір жиен апайдың үйінде (жұбайы Роза екеуінің қосылғанына онша көп бола қойған жоқ еді) бірінші рет көріп танысқан едім.

Бұл 1963 жылдардың шамасы болар, екеуміз бір-бірімізді сұрастыра келе туып шықтық. Арғы атамыз Атығай одан бергі атамыз Тұяқ, Қонақай Бәйімбеттен тараған болып шықтық. Оның еңбек жолы мұғалімнен басталса, мен ол кезде заводта токарь мамандығына ие болдым. Осыған байланысты Қадірәліұлы Ғалыммен арамыз алшақтау болды. Дегенмен мен оны ең бірінші көргеннің өзінде оның жүзінде жас болса да адамгершілік қасиеттері сезініп түргандай еді.

Сол өзінің талапкерлігі мен әр түрлі қызметтерінде істеп жүргенін естіп жүрдім. Мен заводта 45-жыл істеп 23-съезге катысқаныма ол өте ризашылығын білдіріп талай жиналыстарда кездескенде өзінің жақсы лебіздерін білдіруші еді. Өйткені мен еңбек адамы болғандықтан ба ол өзінің саяси мағлұматтары мен таныстыруға жалықпайтын еді. Оның іскерлігі өзінің көз алдында түрган танысын-таныма-сын қандай адам болса да ақыл кеңесін айта бастаушы еді. Облысымызға жақсы бірнеше кітап шығаруына байланысты бүкіл Қазақстанға танымал журналистер одағының мүшесі болуының себебі де Ғалымға лайық па дерсің.

Менің тағы бір айтайын дегенім «Асыл мұрада»

ақсақалдар егер бастарын қосып әңгімелесе бастаса, солардың әнгімесін тыңдал бізден жасы кіші болса да өз қорытындысын айтып, ақсақалдар Ғалымның айтқанына көніп ризашылықтарын білдіруші еді.



Жұмаش СЕЙІТБЕКҰЛЫ,
зейнеткер-мұғалім

«ҚАШАНДА ҚӨНІЛІ – ДАРИЯ»

Ерек кіндік келдің ұлым жарыққа,
Келгеннен соң жақсы іске жалықпа.
Мен жаарармын саған әке болуға,

Елдің ұлы болып өскін халыққа, – деп ақылды әке, елдің ақылшысы Қадірәлі Ғалымның әкесі баласы өмірге келгендеге қандай куанды екен.

Ел «апасы», білгір, қасиетті ана Кәмелді де ел болып «апалап» тұрған ауылдастарды өзіміз көзбен көрдік. Демек, осындай тәрбиелі от басында көргенінің несі жақсы, несі жаман екенін ажырата білген баланың көңілінде, ой санасында, балалық шағында-ақ қалыптасқаны Ғалымның білсем екен, болсам екен деген ниетінен көрініп тұрғандай. Осы ойымыздың дұрыстығын Ғалымның өзі үйымдастырып, келешек ұрпактарға сара жол жасап, ұрпактар білсін, бұл бұрын-сонды болмаған тың тарихи дүниеліктегер, сондықтан алдағы мақсатым «Асыл-мұраның» ішін тарихи құндылықтарға толтыру – дегенін өз көзіммен көріп, өз құлагымнан

қадірлі ініміз Фалымның сөзінен естіп едім. Мен қуана тұрып, Фалымға, Қайроллаға, Социалға шын көнілден раҳметімді, іске сәтімді білдірем.

Жоғарыда аталған іскер адамдар туралы мен «Казахстанская правдада» жария еттім. Жарқырап көріне бастаған өз істерімізді өзіміз көрсетпесек кімдер көтереді дегенім бар еді. Сондагы бір риза болғаным Фалым Қадірәліұлының «Аңсаған менің ауылым» атты 2001 жылғы кітабы еді. Өзі тапсырған 22.08.2001. кітабын бастан аяқ оқып шықтым. Онда: кімнің болсын туған елін, өсken жерін, ауылын аңсап тұруы заңды құбылыс деуі тапқыр сөз.

Фалым Қадірәліұлы облыста, аудандарда, республикада, тіпті көрші Ресей елінде танымал майталман еңбегі сінген ұстаз, басқарушы, тәжірибесі зор білімі дарын еді. Сондықтан болар ССРО-ның, Қазақстан Республикасының «Білім беру үздігі» атанды. Саналы өмірінің 35 жылын мектептерде өткізді. Білім беру жас ұрпақ тәрбиесіне ыстық-суғы, қыны мен күрделілігін шешуде табандылық таныта білді.

Фалым Қадірәліұлының әсіресе мектеп-интернат директоры ретінде осы оқу орнының облыста ерекше көзге түсіп, республикада танымал болуы өзінен-өзі келе қалмағанын, жоқты бар жасап, алам дегенін алып, ойындағы арманын халықтың иглілігіне, жас ұрпақтың өсүіне білімнің шындалуына жүмсады.

Бұған дейін Фалым Қадірәліұлы Ленин орта мектебін 1954 жылы жақсы бітіріп, 44 окушы әр қалада жоғары оқу орнына түспекші. Фалымның таңдағаны қемірлі Қарағанды қаласы болды.

Онда мектеп бітіріп әр салада еңбек ететін жолдастар, туыстар, достары бар. Олар: Бірлік Ақанов – инженер, Еслям Ақбасов, Қимаш Мұқалиев – шахтер, Бейсен Алжығанов, Қайрөш Қоспанов, Қамзабай, Ебіней – инженер Академик Бекетовтар, Базарбай Махметов, Қайыржан Бегенов – ағасы және басқа да туыстары болды.

Алла сәтін салып, өзім таңдаған пединституттың физика-математика факультетіне емтихан тапсырып түсіп, білімді дамытуды мақсат еттім, дейтін әңгімесінде Ғалым. Төрт жыл оқып дипломды алып, Қарағандыда мектепте математика-физикадан сабак береді.

Бірде Ғалым былай деп ойын білдірді. Қарағандының ауасы ауыр, ауасы асыл, табиғаты тамаша ел еске түсіп, сылдырап аққан Есіл, тулаған балығы, тоя жейтін жемістері, мөлдір суын сағынып елге беттедім дегені бар еді. Өзінің тугандай қаласы «Қызылжар» мамандардан сусал тұрган шағы, Ғалымды қазақ мектеп-интернатына әуелі завуч, кейін директор етіп орнықтырды. Онан әрі жұмыс қалай атқарылды, ол туралы жоғарыда аздап айтЫЛДЫ. Он бір жыл облыстық оку бөлімінде тындырымды жұмыстар атқарды. Содан Ғалым Қадірәліұлы мақтаулы атпен еңбек-зейнеткөр демалысына келді.

Зейнетке шыққасын Ғалым Қадірәліұлы жерлес ғалым-академик Ебіней Арыстанұлы Бекетовтің облыс орталығында бұрынғы «Знание» магазинінің бір бөлмесінде музей үйін ұйымдастырып көптеген дүниелікті іздеңіріп тауып, соларды ретке келтірді. Бұл СҚМУ студенттері үшін рухани-ғылыми онтайлы орын болды. Бұл әркімнің қолынан келе берер істер ме?

Ғалым Қадірәліұлы зейнетке шыққанымен еңбек етіп ел ырысын молайтуға, жас үрпақ келешегінс рухани білімін нығайтуға Ел басы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ел халқына жолдауындағы ұлт тарихын зерттеуде ашылмаған деректерді үрпақтар санасына, қазақ халқының ата-бабаларының, батырлары, ақын-шешендерінің тапқырлығын үрпақтарға жеткізуді мақсат етіп Ғалым, Қайролла, Социал үшеуі «Асыл мұра» атауымен ел тарихын еселең, толықтыру үшін алғашқыда өз қаржыларынан шығарып Алматы, Омбы, Тобыл облыстарының архивтерін ақтаратып, ел аралап бірен-сарап билетін көнекөздерден сұрап біліп, ел тарихынан бірталай сенімді дәлелді материалдар жинақтады. Жиналған деректерді ретке келтіріп, алғашқы кітаптарды баспадан шығарды. Олар: Шал ақын өмірі-өнері туралы Ғалым, Қайролла, Социалдардың алғашқы кітаптарының тұнғышы еді. Ел аузына құлақ түре жүріп, көне, шаң басып, ешкім бетін ашпаған деректерді шұқшия қарап, қажетін табу тас қопарудан жеңіл емес...

Оқушы қауымға ұсынған «Сегіз сері» - кітабын бұрын-соңды кім білген?

Оқушы қауым, өткендеңі қазақ тұрмыс-тіршілігінен, ерлік - өнерлілерін жаңғыртып жігерлендірер бастаулар емес пе?

Онан әрі «Асыл мұрадан» шыға бастаған көп кітаптардың бірі Ғалым Қадірәліұлының авторлығымен шыққан «Тарлан ақын» кітабы 2004 ж. Тырбидың Молдахметі Шал ақын ауданына қарасты Еңбек ауылдының тұмасы 1882 жылы туған. Ол ақындық өнерін адал атқарып 1957 жылы 10 қыркүйекте 75 жасында «Еңбек» ауылдында дүниеден өтті.

Ғалым Қадірәліұлының «Ұлылар туралы ойлар» атты 2006 жылы жарық көрген кітабы жолдастарына, достарына, ұлылыш-кішілі қадір тұтар адамдарына, жалпы оқушы қауымға қалдырған естелігі сияқты. Құні бұрын көрнекті, әдемі кітап етіп, ішіне ұлылышқа танытар іздермен айғақтарға толтыруы Ғалымның өзі жоқ болғанымен әр қун аталғандардың есінде жүріп, терең толғаныстар мен Ғалымның адамгершілік ерекше тұлғасы көз алдында тұргандай болады-ау.

Қайран Ғалым-ай!

Сенің маған кітаптарынды тапсырып тұрып айтқандарың зор баға, естен шықпай айтыла жүретін зердерлер еді мой. Ақылға толымды, ақ жүрек, бекер сөзге құлақ түрмес, жантәнімен жас ұрпақ тәрбиесі мен біліміне деп ұғындыра біліп, өзі қызмет атқарған ортада күн көзіндей жылылығы мен жарығын беріп, жабырқап тұрган жандар болса, жылы сөзімен жадыратып іске жігерлендіріп, жетпей тұрганы болса жеткізуге қол-көмегін аяmas Алтын адам енді арамызыда жоқ!

Жазмыштан озу жоқ, Ғалымды жаратушы о дүниеде жақсы адамға жаннаттан орын беріп, жатқан жері жайлыш болсын.

Артында қалған жан жолдасы Роза, балалары, немерелері, туыскандары қайғыдан аман болып, тірлік-бірліктеге тұрмыс құрсын.

ЖАЙСАНДАРДЫҢ БІРІ

Менің, Мағжан Жұмабаев ауданынан 1998 жылдары Қызылжар қаласына көшіп келген кезім. Қаланың зиялы азаматтарын білсем-дағы, білмейтіндерім одан да көп болып көрінді.

Көбіне үлкендердің жайылатын жерлері: Ақсақалдар алқасы, Қазақ тілі қоғамы, Ардагерлер кеңесі, мешіттер. Барлығы да өз пікірлерімен бөлісіп, елдің келешегімен бүгінгіні сараптай, қайтсе де елге пайдасы бар-ау деген ниетпен дінге, ділге, тілге, салт-дәстүрімізді ой-пікірлерімізді ортақтасып кәуілдеп жататынбыз. Осындаі бір отырыста, Галым Қадірліұлы, көшелі сөз сөйлеп жүрттың көңілін өзіне бұрды. Мен де елең ете қалсам керек. Сөздері мені өзіне магниттей тартқандай болды.

Үзілістен кейін, бір-бірімізге жақындастып, Ғалекен жаңадан құрылған «Асыл мұраның» ашылғанын, соган келіп тұруымды тілге тиек етті.

Бір күні мен де барып, көрейін деп келдім. Келсем үлкен бір бөлмелі кең атшаптырым зал, ішінде Ғалекен, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев үшеуі үш столға жайғасқан. Ескі көненің кезі секілді, жинақталған көріктенген кітап көрмесі. Жиһаздан ештеме көрінбейді. Бірақ бұл азаматтардың ниеттері, келген адамдармен сұхбаттасуары ерекше, көңіліме өте ұнап барады. Не керек мен де, осында жиірек келетін болдым. Байқасам осы «Асыл мұраның» Ғалекенің бастамасымен, құрылғанын аңғардым.

Әрбір келген сайын, жаңағы кең бөлме, жиһазданған көрік беріп тұр, кітаптар саны көбейіп, екі қабырға толық, осы өніріміздің ертеден естімеген бабаларымыздың, кезінде қызмет атқарған партия, Совет қызметкерлері, жазушы, ақындардың, академиктердің, ғалымдардың т.б. көрнекті еңбегі сінген қайраткерлердің суреттері. Менде қосымша өз жерлестерім, ақын Шалабаева Әмина, айтыскер ақын Ерік Асқаровтың кітаптары мен суреттерін әкеп, осы көрмеге енгіздік.

Ғалекен, анқылдаған пейілімен, мені баурай баулап алды.

Әр бір келген сайын, бұл үшеуін түгел көре алмаймын, себебі кезек-кезегімен архивтерге барып, көненің көздерін зерделей іздестіруде болады екен. Сол зор еңбектерінің арқасында 30-дан астам құнды-құнды кітаптар, естімеген есімдер, терең тұтқында жатқан зиялы қауым аталарымыздың, бабаларымыздың еңбектері.

Ғалекен де өзінің жеке авторлығымен: «Аңсаған менің ауылым» (2001ж.), «Қасиетті ақ орда» (2002ж.), «Шал ақын» (2003ж.), «Жылғара Байтоқин» (2004ж.), «Тарлан ақын» (2004ж.), «Ұлылар туралы ойлар» (2006ж.), «Көкарад» (2007ж.) еңбектерін шыгарды. Бұл еңбектерін, тебіренбей, ойға жүгіртпей, сүйсініп оқымау мүмкін емес. Бұдан басқа, бірлесіп жазылған еңбектері қанша?! Газет беттерінде жазылған макалаларында есеп жоқ. Бұл үш кісінің, бас көтеріп, бос жүрген уақыттарын бір көрмейсін. Айналысатындары архив, және көптеген қоғам ақсақалдар алқасының мәжілістерін осында өткізетінбіз. Тағы бір келгенімде бұл кісілер шежіремен де айналысатынын көрдім.

Ғалекен Атығай-Қарауыл, Қайрекен – Керей, Социал – Уақ шежірелерімен, әр кімдерден сұрастырып зерттеп жинақтап жатыр екен. Менде жинақталған Уақ-Шоға шежіресі болатын, соны әкеліп көрсетіп едім, Ғалекен бірден өзімнен де артық қуанған сезімін білдіріп, мынау өзі толық жинақ кітап қой деп, ойымды кеңейтіп, мәртебемді өсіріп, күш-куат бергендей болды. Бірден Уақ-Шоға кітабын шығаруын қолдаймыз, өзіміз көмектесеміз деп, қолдарына алып қамқорлық көрсетті. Социал бауырым құрастырып осы кітап 500 данамен басылып, ел-жұрттың қолына таралып, кім-кімнен екенін аңғаратында, көпке көмегі тиетіндей шежіре кітап болып жарық көрді.

Ғалекенің кең пейілді, ақжарқын аңқылдаган көnlімен қарсы алуы, бауырына тартып сөйлеуі, өзі еркелеп, бас-қаларды еркелете білетін, әзіл-қалжыны қандай керемет еді. Социалмен керемет дос, қаламdas, қатты қалжындаушы еді. Мен келгенде Уақтың ішінде «Кереметі» сіз ғана деп, Социалды «кемсінгендей» болып қалжындаушы еді. Сөйткен Ғалекенді ойда жоқта, бір айдың шамасында бақылышқа аттандырды.

Ауруханада жатқанда барып хал-жағдайын біліп тұрдым. Ең соңғы барғанымда «Асыл мұраның» жабылып қалмауын тілеп болашағын ойлап армандал жатты.

Ғалекен сияқты асыл ініме, ол дүниенің жарығын берсін, артта қалған жары Роза, балалары-немерелеріне жасамаған жасын, мерейімен, абырой бакытын берсін деп тілеймін. Бес уақыт намазымның дұғасында, Ғалекен еш уақытта ұмыт, шет қалмайды.

Дұғамызды, аллаһ тағала қабыл етсін!

ҚАЙРАН ҒАЛЕКЕҢ

Біз 1954 ж. июльде Петропавл-Алматы поезына отырғызу басталып, әркім өз вагондарымыздың алдына жиналдық. Сол арада балдағына сүйеніп, Гера (Герольд Бельгер) жақындалап келді. Ол көрші вагонға билет алышты. Жанында талдырмаш аққұба жігіт, өзін Ғалым Қадірәлин деп таныстырды. Кейін вагонға жайғасқан соң, мен көрші вагонға бардым. Өйткені Гераны бұрыннан білетінмін. Ол Қарағандыға 1953 жылды барып, пединституттың филфагіне экзаменде бірынғай «5»-ке тапсырса да оқуға түсे алмаған. Ал мен кеш барып документімді өткізе алмай қалып бір жыл № 19 шахтыда жұмыс істедім, келесі 1954 жылды документімді истфаққа тапсырдым, Ғалым физматқа тапсырды. 31-кварталдағы жатаханадан орын алыш экзаменге дайындала бастадым. Міне содан бері біз таныспыз.

Герольд сол кездегі ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы К.Е.Ворошиловқа «халық жауы» экесінің қайтыс болғанын, экесі үшін баласы жауап бермейтінін айтып арыз жазып жіберді. Ол өткен жылғы экзамен бағаларымен оқуға түсіп, Алматы пединституттының филфагіне документін аудыстырды. Біз оқуға түсү экзамендерін ойдағыдай тапсырып оқуға түстік. Ғалым физматқа, мен истфаққа түстік.

Оқуға түскеннен кейін бізді Нұра ауданына жұмысқа жіберді. Истфакты «Трудовик» совхозына, физматты – «Киров» совхозына. Ол тың және тыңайған жерлерді игеру басталған кез еді. Комсомолдық жолдамамен бір айдың

орнына екі ай жұмыс істеп ноябрьдің басында оку басталып студенттік қарбалас өмір басталып кетті. Ол кезде студенттер облыс-облысқа бөлініп, бір туысындай, бір жанұяның баласында болып кеттік. Той, мейрамдарда да бірге жүріп, бір үзім нанды бөліп жеп дегендей өте тату болдык.

Келесі, 1955 жылы біздің факультетті жауып, бізді КазГУ-дің факультеттеріне қости. Қазақтар 25, орыстар 25, барлығы 50 студент Алматыға ауысып кете бардық. Бірақ байланысымыз үзілген жоқ. Бір-бірімізге хат жазысып тұрдық. Фалыммен біздің жақтың балалары оқиды. Оның ішінде Махметов Самиғолла, Әлкебаев Болат т.б. Махметов Самиғолла Галекең кейін өзі кітап қылыш шығарған Жылғара бидің шөбересі болатын. Ақыры Фалым оку бітірген соң сол Қарағандыда жұмысқа қалып қойды. Ал мен Қекшетау облысы, Қызылту ауданында қызмет атқардым. Қазір біздің облыста Уәлиханов ауданы деп аталды. 1965 жылы Крайононың бұйырығымен мен өз облысымызға ауыстым.

Оның алдында 1963-жылы елге демалысқа келсем Галекен де өз облысымызға ауысып келген екен. Қазак мектеп-интернатында жұмыс істейді екен. Темірболатов Бәрменбай деген отағасымен бірге. Мен ол кісіні біле тінмін. Ол кісі ЗавРОНО болып, біз қеткеннен кейін біз оқып бітірген Еңбек мектебінің директоры болып қызмет атқарған екен. Фалым 1979 жылы мектеп жанындағы оқушылардың өндіріс бригадаларының бір топ адамымен жұмысын тексеруге келді. Ол кезде облыстық оку бөлімінде инспектор болып қызмет атқаратын, сонда біздің мектеп бірінші

орында екенін айтқан болатын. Ақыры мен денсаулығымның нашарлауына байланысты 1997 жылы қалаға көшіп келдім. Ғалым да пенсияға шыққан екен. Қоғам жұмысына үйреніп қалған, үйде отыра алмай Бөкетов қорын басқаруды қолға алған екен. Оны құрып, Ғалекең өзі басқарды. Ғалекеңнің иғлікті ісінің бірі – «Асыл мұра» қоғамын құрып, халықтың адаптацияның ұмытыла бастаған аттарын жаңғыртып, әлдердің мұраларын қайта қалпына келтіруі.

Оған өзі сияқты энтузиастарды жұмылдырды. Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев сияқты азаматтар Абылай хан, М. Жұмабаев, М. Тырбиев, Жылғара би, Шал ақын т.б. өлкеміздегі белгілі адамдар туралы ғылыми еңбектер жазып, көпшіліктің құрметіне бөленді. Бұл жұмыстар «ақтаңдақтарды» ақтаудың бастамасы ғана болатын. Бұл жұмыстарды әрі қарай жалғастыруға оған сүм ажал мүмкіндік бермеді. Тіпті өлді деуге әлі де аузым бармайды, сенгім де келмейді. Осының алдында ғана сөйлескеміз. Ол қалжындалап, әлі де орындалар істерінің жоспарын айтқан. Қадірлі досыма, азаматқа топырақ та сала алмай қалдым. Маған хабар жетпей қалды. Бар өкінішім сол болды.

Ғалым бастаған іс әлі жалғасын табады деп сенеміз. «Асыл мұра» өз жұмысын әрі қарай жалғастыруға тиіс.

Топырағы торқа, иманы алдынан шықсын деп айтамыз. Қимас достым, қош бол!



КЕҢПЕЙІЛ АҒА

*Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек,
Біз үшін отқа, суга түсіп жүр деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек*

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Облыстық «Асыл Мұра» орталығының қызметкерлері Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаев ағалар менімен хабарласып Қадірліұлы Ғалымның жарық көріп үлгермеген қолжазбалары бар еді, және өзі туралы да бір естеліктер жазып кітап қылыш шығарайық деп едік, соған сен үлесінді қос деп ұсыныс жасаған болатын.

Мұндай хабарды өте жақсы ризашылықпен қабылдадым, себебі мен Ғалым Қадірліұлын 1963 жылдан өте жақсы білемін. Біз туған туыстай малы аралас, қойы қоралас көрші болып кеттік. Бұл кісіні сондай ыстық көріп сыйлайтын себебім ол кісінің ақ көңіл, кішіпейіл мінезінен де болуы мүмкін. Осы кісі маған дұрыс қабағымен қарап, сыйлады мен ол кісіге өмір бойы сендім, соған бір жақсылық жасау өзімнің жеке парызым деп санадым. Сондай адамдар өмірде үлгі болып көрінеді. Ол Серікбай Үмітбайұлы қайынағам, Ғалым Қадірліұлы. Бұл екеуі қой аузынан шөп алмайтын жуас, өте терең білімді, сабырлы да, салмақты адамдар еді.

Отырған жерлерін көркейтіп, үлкен-үлкен әңгімелер айтып, откен ата-бабаларымыздың данышпандық мінезд-

құлықтарын ортаға салып, өзімізді құрдастыңдай санап, жасының, мәртебесінің үлкендігіне қарамай сыйлас, ақыл-кеңестерін беріп отырушы еді. Сондай адамдардың жанында болып, тәлім-тәрбие алған тағдырыма өте ризамын.

Мен жетімдіктің ашы тұзын ерте таттым, туғаннан кейін үш әйдан соң әкем Гайса ұзақ аурудан қайтыс болды. Шешем Бикамал бес жасымда екі көзінен суқаранды болып көрмей қалды. Асырап-бағып отырған апам Құләзия жат-жұртқа жаратқан адам болғаннан кейін тұрмысқа шығып кетті. Біз шешем екеуміз сол еліміз Жаңалық ауылында тұтінін тұтетіп қала бердік. Ол кезде мен небәрі 11 жастағана едім. Үйде бір сиыр, оншақты тауық болды, мен ауылда 8 жылдық мектеп-интернатта оқып, өзім шешеммен бірге тұрып жаттым. 1963 жылы қазіргі Есіл ауданы Жаңалық ауылынан 8 сыныпты тәмамдап, оқуымды әрі қарай жалғастыру үшін, облыс орталығындағы қазақ мектеп-интернатының табалдырығын аттадым. Сол кезде мектеп директоры Фалым Даңиярұлы Хамзиннің «Мұнда келген балалар оқуды үздік оқып, елімізді көтеріп-көркейтуге өз үлесін қосуы керек», - деген сөзі әлі күнге есімде.

1964 жылы біздің мектепке оқу ісінің меңгерушісі болып жап-жас, тепсе темір үзетін, талдырмаш аққұба жігіт тағайындалды, ол Фалым Қадірәліұлы болатын, содан бері біз таныс болдық. Оқушылар сол кезде ұстаздарды «аға», «тәте» деп қана атадық, есімін ешқашан атаған жоқпыз, себебі ол кісілер біздерге туған әке-шешемізден артық болды. Біз тәрбие алған жылдары Фалекен, өте абыройлы, өз ісінің мамандары – мектеп директоры Фалым Даңиярұлы Хамзин, ұстаздар Бәрменбай Темірболатов, Шамиль

Хусаинов, Қизат Ақбидәев, Мәриям Мырзатаева, Жәмила Сүлейменова сияқты беделді адамдармен бірге қызмет жасады. Біздер осындай ғұлама тұлғалардан тәлім-тәрбие алғанымызға аллаға ризамын.

Біздің жүргегімізде керемет әсер қалдырып, жанына үйіріп, бауырларына басқан ұстаз-тәрбиешілерді қалай ұмытасын? Бар мамандықтың ардақтысы, ұстаз ұғымына бар асыл құндылықтар сыйып тұр десем, қате болmas еді.

Ол кезде мектепте он шақты үйірме жұмыс істеді, көптеген спорттық секциялар болды. Жоғары сынып оқушылары тәменгілерге қамқоршы болып, керек уақытында көмек көрсетіп, «біріміз - бәріміз үшін, бәріміз - біріміз үшін» деген ниетпен өмір сүрдік.

Мектепте спорттық, мәдени шараптарға белсене қатыстық, соның арқасында біздің мектебіміз барлық жағынан алдыңғы қатарда көрінді. Мектеп-интернатта сапалы білім алумен қатар, пайдалы жұмыс істеу бірге жүргізіліп отырды. Жазғы каникул кезінде жоғары сыныптың ұлдары Есілдің бойындағы «Ивановка» селосының түбінде орналасқан еңбек және тынығу лагерінде асхана, жатақханалар, демалыс орталығын салдық. Осы құрылышты ұйымдастырып, біздерге жақсы дем алып, тиянақты жұмыс істеуді осы мектеп-интернат директорының оқу ісін жүргізу бойынша орынбасары Галым Қадірәліұлы өзі басқарды.

Уздік оқып, пайдалы еңбек еткеніміз үшін бізді 1964 жылы еліміздің сол кездегі астанасы Алматыға, 1965 жылы Москваға саяхатқа апарды. Галым Қадірәліұлы ағамыз баскөз болып бірге барды. Осы сапарға барған жолы бір естен кетпес қызық жағдай болды. Он төрт ер баланы Рамзия

Жакупова мен Ғалаға Петропавл-Мәскеу пойызымен апарды. Бір жарым сөткө пойызда шаршап, күннің ыстығына құйіп, терлеп-тепшіп ух-ах деп Мәскеуге де тұс ауа жеттік-ау. Бізді демалатын жерге жеткізіп, жуынып-шайынғаннан кейін, аздал тамақтандырған соң, автобусқа мінгізіп, Кремльдің съездер Сарайына спектакль көрсетуге алып қелді. Спектакль басталғаннан кейін жарты сағат болар-болмаста жолдан шаршаған балалар қара терге түсіп, қорылдап ұйықтай бастадық.

Залда неше түрлі интеллигент адамдар зор ықыласпен спектакльді көріп тамашаласа, біз қорылдап ұйықтап отырмыз. Қөрермен жүрттан ұялған Ғалаға мен Рамзия апай біздерді қатарларды аралап жүріп оятып қояды, - «Бұларың не? Жүрттан ұят болды ғой» - дейді.

Әрине, аса тебірентіп айтатыным, ол өзіміздің сыныптас достарым-бәріміз Галекенің шәкірттеріміз. Біз отыз бала оқыдық, 14 ер бала болса, 16-сы қыз бала. Соның 26-сы жоғары білім алып, әр мамандықтың иесі атандық. Солардың ішінде Қайырлы Шопанаев, СССР халық депутаты, Қазақстанға еңбегі сіңген құрылышы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қайырлы Бердібеков – “Гүлдер” ансамбілінің мүшесі - әйдік домбырашы, Шәріпов Шаймолда жеке кәсіпкер, Илиясов Дүйсенбай Щучинск қаласында ардақты байланыс қызметкери тағы басқалары, еліміздің түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жатыр. Өзім 1966 жылы қаладағы ауылшаруашылығын механикаландыру техникумына түсіп, 1969 жылы бітіріп шықтым, кейін Омбы қаласындағы көліктер институтын сырттай оқып, инженер-механик мамандығын алдым.

1969 жылдан 1973 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында бас маман болып қызмет істедім. Ондағы негізгі жұмысымыз еліміздің тұқпір-тұқпіріндегі зауыттардан ауыл шаруашылығы машиналарына қосалқы бөлшек әперу, жаңа автомашина, трактор, комбайндарымен қамтамасыз ету болатын.

Мен “Казсельхозтехника” бірлестігінде істеп жүрген жылдары мектеп-интернатта бір ескі автобус болды, ол жиңі сынып мұғалімдер жұмысқа жаяу барып жүрді. Сол кезде Ғалаға маған келіп: “Әй, бала, сен бізге көмектес автобусымыз сынып тұр”, – деп ойнайтын. Мен қолымнан келген-нің бәрін жасап, мотор, тағы սұраған бөлшектерін мұлтіксіз беріп тұрдым. Сонда Ғалеке жымиып: “Рақмет, қарағым, ол мен үшін емес, мектеп ұжымы үшін қажет қой”, – деп күлетін.

1976 жылдан бастап жұмыс адамының еңбек құқығын қорғау жолында еңбек етіп келемін, қазір Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департамент директорының орынбасары, бас мемлекеттік еңбек инспекторы болып істеймін.

Өзім Ғалағамен қасиетті қара шаңырақ қазақ-мектеп интернатында кездесіп, танысқаным аллаға ризамын. Себебі сол мектеп заман талабына сай тәлім-тәрбие беріп, талай-талай жас үрпақты өмір жолына шығарып жатыр. Бұл-достыққа, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейтін үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеуге үйрететін киелі шаңырақ. Одақ кезінде қазақ тілін дамытып, ертедегі салт-дәстүрімізді оқытып үйреткен қаламызыдағы жалғыз қазақ

мектебі еді. Осы мектепте Галым Қадірәліұлы оқу ісінің менгерушісі, одан соң 1977 жылдан – 1986 жылға дейін мектеп директоры болып қызмет істеді. Осы жылдары мектептің оқу – материалдық базасын нығайтуға, оқу сапасын жақсартуға, интернаттың еңбек және тынығу лагерін дұрыс жолға қоюға Галым ағай үлкен еңбек сінірді. Осы жылдары өмірде бірінші рет интернат ұжымы он-шақты жаңа пәтер алғып үлкен бақытқа бөленді.

Жасы толып 1996 жылы зейнеткерлікке шықса да Галага қолын қусырып отырған адам емес, ол кісі ұдайы ізденіс, талпыныс жасап жүрген адам. Өзінің жерлесі, досы академик Е.А. Бекетовтің өміrbаянын түгел зерттеп Алматыдан Қаратаудың кітаптарын, қолжазбаларын, фотосуреттерін, еңбектерін жинап қаладағы ғылыми-техникалық кітапханасының бір бөлмесінде Ебіней Бекетовтің мұражайын ашты.

Онымен шектелмей Галым Қадірәліұлы, облыстың атақты адамдарының өмірі мен елге сінірген ерен еңбектерін халыққа таныстыру үшін қаламызда облыстық өлкетану мұражайының жанынан “Асыл мұра” орталығын ашты.

Галекемен жолдас болған кездегі бір-екі қызық жағдайлар еске келіп отыр, ол 1970 жылы жаз айы болатын. Сол жылы Қазақ Советтік Социалистік Республикасы құрылғанына 50 жыл толуына арналған облыстық партия комитеті бекіткен үтігі бригадасы құрылған екен. Эр бригадада үтішінасихатшы болды және ән-күй үйірмелері бар. Аудандарды бөліп, жол бағытын бекіткен екен. Мен сол жылы маусым айында жұмыстан айлық демалысымды алғып, үйлену тойымды жасаймын деп жүргем. Сүйген қызыым Алманы сол үтігі бригада тобына бекіткен екен. Алма сол жылы қаладағы

есеп-экономика техникумын бітірген болатын, өзі өлеңді жақсы айтқаны үшін облыстық “Тамаша” ансамблінің беделді мүшесі болатын. Манағы үгіт бригаданы Ғалаға басқарады екен, ол кіслерді қазіргі Есіл ауданының қазак ауылдарына бекіткен екен, 10 күн сол ауылдарды аралап, үгіт-насихат жүргізеді екен. Ғалеке баяндама жасап Республиканың 50 жылда жеткен жетістіктерін айтып, содан соң 1,5-2 сағаттық концерт қойып халықты бір көтеріп тастап, келесі ауылға жылжиды екен. Мен ол кіслерді Явленақада тауып алып, Ғалаға жағдайды түсіндірдім. Мен демалыста едім. “Алмаға үйлену керек, Сіз рұқсат берініз, мен оны алып кетейін”, - дедім. Ғалеке ашуланып, “Есің дұрыс па, бұл үлкен мемлекеттік шара, пәлеге түспей тұрғанда кейін қайт, бағдарлама осы 10 күнде біtedі, сосын өздерің біле жатарсындар”, - деді. Осы он күн, маған он жылдай болды. Айтқандай, он күн өткесін, біз Алма екеуміз шаңырап құрдық. Ғалаға мен Роза женгей сол күннен бастап бізben бірге, міне табаны күректей 44 жыл болды. Сонынан білгеніміз – Ғалаға туып өскен жер Ыбыраев ауылы екен, Алма осы ауылда 10 жылдық мектепті бітірген. Серік Мусин менің қайнағам, сол Ыбыраев ауылында бас агроном болып істеген, сонымен, әрі ұстазым, әрі қайнагам, әрі көршім болып Ғалекемен араласып кеттік.

1970 жылдың желтоқсан айында мен Новатор кошесінің нөмір үшінші үйінен пәтер алдым, тұрғаныма бір жұмадай болды, жұмысқа асығып бара жатсам келесі кіре берістен Ғалаға шығып келеді, ол кісі менен: - «Сен мұнда не қылып жүрсін?», - дейді. «Мен осында тұрамын», - дедім. Ол кісі : «Мен де осында тұрамын», - деді. Сөйтіп, біз бір бірімізді

құттықтап, құшақтап амандастық. Алты жыл түрганнан кейін ол кісілер Интернационал көшесінен үй алғып көшіп кетті. Бірде біз Ғалаға үйінде қонақта отырсақ, Роза жеңгей, Ғалымбек осы көшебойы үйлер салып жатыр, осында көрші болып көшіп келіндер, дейді. Біз құлдік те қойдық. Себебі ол кезде үй алу оңай болған жоқ қой. Дегенмен, Роза жеңгейдің тілегі ақ болып, бір жылдан кейін жаңа салған үйден Интернационал көшесіне тағы да көрші болып көшіп келдік.

Одан кейін Ғалағалар Қазақстан Конституциясы көшесінен – қалалық саябақ жанынан үй алды, тағы да бізге: – «Ғалымбек, сендер осы көшеге көшсөндерші», – деді Роза жеңгей. Айтқаны ақ болып, біз тағы сол Қазақстан Конституциясы көшесінен пәтер алдық, міне сонда 18 жыл көрші болып, бір көшеде тұрып жатырмыз. 44 жыл осылай сізбіз деп Ғалекемен бірге өмір сүрдік, ол кісі маған әке, аға сияқты болды, ақыл-кеңесін беріп тұрды, қын-жағдайларда қол ұшын берді. Сондықтан мен ол кісіні өте құрметтеп, сыйладым.

1984 жылы желтоқсан айында Москвада кәсіподактары Орталық комитетінде оқу оқыдым, ол кезде өзін үш жылдан кейін 40 күн оқу оқып, емтихан тапсыратынбыз.

Бір күні мені курстың директоры И.Ф.Жихарев телефонға шакырады, телефон трубкасын алып: “-Алло, бұл кім?”, - десем. “Мен, Қадірәліұлы Ғалыммын, ертең ұшақпен ұшып Мәскеуге келемін “Домодедоваға”, мені қарсы ал”, - деді. Ертеңіне әуежайға келіп, қарсы алдым, амандықты білгенмен кейін келген себебін сұрадым. Сонда Ғалаға күліп: “Біздің интернат Республикалық көрмeden бірінші орын

алып, киіз үйіміздің макетін Одақтық көрмеге жіберді, соны апарып, тапсыру керек”, - деді. Екеуміз жүкті таксиге салып алып әуежайға СССР көрмесіне дейін бір-ақ тарттық. Тұс аяу көрмеге киіз үйді өткізіп, керекті құжаттарын алып Мәскеуді аралауға шықтық. Ауқаттанып алғаннан кейін, әскери бөлімді ізден Қайратқа бардық. Сол 1984 жылы Ғалағаның ұлы Қайрат Мәскеуде әскери міндестін өтеп жүрген. Барсақ, бізді тексеру бөлімінен жібермейді, “Оларда жаттығу жұмысы бітпей, сіздерді жібермейміз”, – деді. Отырған бөлменің терезесінен қарасақ, Қайрат бөлім бастығы екен, отыз-шакты сарбаздарды ерсілі-қарсылы жүргізіп, ойнатып жүр екен. Ол біздің көріп тұрғанымызды білмейді, біз оларды көріп, “-Жарайсың, Қайрат”, - деп мәз болып қуанып түрдүк. Сабактары біткен соң, біз Қайратты үш күнге сұрап алдық. Әкесі мен баласы, сөйтіп, бірге көніл көтерді.

Ғалеке отырған жерін күлдіріп, қызық-қызық әңгімелер айтып отырушы еді. Қонаққа шақырып тағам ішіп-отырғанда: - «Ғалеке ас алыңыз, ас алыңыз», - деп өтініш жасасан: «Тойып алғаннан кейін, тамақ ішкім келмейді», - деп қулетін. Ол кісі әкесін Кәлә деп айтатын, отырған жерде сол кісі туралы көп әңгіме айтушы еді. Сонда Кәлә айтады екен: – «Тойғасын тамақ ішкім келмейді», - деп.

- Ал, Ғалеке бір өлең айтыңызшы, - деп сұрасақ, қолына домбыра алып, баптап алып «....Құсни-Қорлан екеуі туған екен-ай бір анадан...» - деп солқылдатып шырқап жіберуші еді.

Мектепте оқып жүрген кезде машина жүргізуді үйретсін мұғалім Мырзатай деген ағай болды, ол кісі бір жағынан Ғалағаға күйеу бала болып саналады, Бизура апайдың

жолдасы болғандықтан, Мырзатай ағай сөзге аса шешен емес еді, тоқетерін бірақ айтып отыратын.

Ғалағаның әкесі Қадірәлі қайтыс болды деген хабар алғасын бәріміз ағаның үйіне жиналып, көніл айтып, қандай жабдық керек деп, жүгіріп жүрміз. Мырзатай ағай диванның шетінде отыр. Ғалеке телефонмен хабарласып, кім барады, қашан, жабдықты өткізеді деген сұраптарды шешіп абыр-сабыр болып жатса, Мырзатай аға Ғалекеге қарап: «Бұл қалай, ә? Бұл қалай, ә?», - деп қайта-қайта Ғалағана қарай береді. Сонда Ғалекенің айтқаны ғой: «Әй, Мырзатай, Бұл қалай, ә? Бұл қалай, ә? деп басымды қатырдың ғой. Ертең әкең өлгенде, білесін қалай екенін», - деп жыымиды. Мырзатайдың әкесі ол кезде 80-нің үстіне шыққан шал болатын.

Ол кісі мені өте қатты сыйлап өтті, жүрген жерінде менің окушым, күйеу балам деп мақтаныш ететін еді. Бір жиын-тойдан, әдеби кештерден мені қалдырған емес. Біздің ұлымыз Серік, қызымыз Жансұлу осы кісілердің көз алдында өсті, балабақшаға барғаны, мектепке барғаны, институт бітіріп, үйленіп, қызмет істегені, бәрі көз алда-рынан өтті. Қазір, құдайға шүкір, ұлым Серік өртке қарсы департамент бастығының орынбасары - подполковник, қызым Жансұлу кеден мекемесінде кадрлар бөлімінің бас маманы - капитан. Осы балаларымның әр жеткен табыста-рына өз баласының табысындай қуанатын, шіркін ақкөніл ағай-ай. Ұстаз болу үшін үлкен жүрек керек, осы кісі нағыз жүрегі үлкен, тілегі ақ кісі еді-ғой.

Есіме мынадай бір құлқілі жағдай түсіп отыр Маусым айының бір демалыс күні Ғалаға звондайды:

-Ғалымбек, сен не қылып жатырсың?

- Не керек ағай? Мен үйдемін,- дедім.
- Онда жақсы болды, сен біздің үйге кел, үйде Төлеу қүйеу отыр, қазір үшеуіміз біздің саяжайға барып, кішкене жер қазып келейік- деді.

Мен тез киініп, ағаның үйіне келдім. Ағай үлкен рюкзакқа ас-су салып даярлап қойыпты. Біз саяжайға жүріп кеттік, ол саяжай былғары зауыдының жанында орналасқан болатын. Есіл тасығанда, барлық лайды бақшага алып келетін. Сол жерді қазуға енді кірісе берген кезде, ағаның қүйеу баласы болатын Төлеу Құлзайра апайдың жолдасы: «Е-е біз қазір-ақ қазып тастаймыз, шап десең байталыңды тыртыңдатып берейін», - деп күректі алып қазуға кірісті, бірақ күрек батпайды, жер лай. Төлеудің де, менің де қызыл майымыз шықты, ух-ах деп жарты қунде бір-ақ сотық жер қаздық. Сонда Ғалеке күліп: «Әй, қүйеу балалар, жарайды, ас ішейік, тағы бір жөні болар», - деп жуып-шайып, тамақ, арақ-шарап беріп, қабағын бір шытпайды. Сондай да қызық болған.

Ғалаганың осындағы үлкен тұлға, беделді азамат болуына көп әсер етіп көмектескен зайыбы Роза женгей екенін атап өткен дұрыс деп ойлаймын. Роза женгей де – құдай қосқан қосағы, ақ көніл жарқын адам. Үйдің үййіткісі болып, бала-шаганы бағып-қағып өсіруге қосқан үлесі мол. Сондықтан Ғалага мен Роза женгей тату-тәтті өмір сүрді. Еліне елеулі, халқына қалаулы жанұя болды. Ғалекен өзі жоқ болса да, артына өшпейтін із қалдырыды. Балалары Қайрат бүгін үлкен шаруашылықты басқарып отыр, кәсіпкер, жұбайы Гүлхан мемлекеттік қызметте істейді, Ғалаганың қызы Айман әке жолын қуған ұстаз, бала тәрбиелеу жұмысының үздігі, жолдасы Абылайхан екеуі тату-тәтті тұрып, бала-шагаларын

осы заманның талабына сай өсіріп отыр. Ұлы Азамат пен жолдасы Жанат өз бетімен түтінін түтегіп бір жаңуя болып отыр. Галакенің өте жақсы көретін немерелері, жиендері оку үздіктері.

Ғалекені өлді деуге бола ма, артына өлмейтұғын із қалдыrsa, дегендей оған дәлел ол кісінің көптеген кітаптары, туған-туыстары, жолдас жоралары және мыңдаған шәкірттері бар.



Балғабек МҰСТАФИН

ТҰЛҒАСЫ ТАУДАЙ

Галым Қадірәліұлын бірінші рет директор болып істеген 1970 жылдардан білетінмін. Ол ақжарқын, жылы жүзді азамат еді. Кейінгі жылдары облыстық оку бөлімінде қызмет атқарып жүргенінде өте жақын таныстық. Осы қызметінде көп жылдар жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Бірақ, еңбеккөр азамат қол қусырып отырмады. Ол енді елағасы Ебіней Бекетовке мұражай ашуға шындалап-ақ кірісті. Біраз ел басқарушыларымен, ардагерлермен ойын бөлісті, ақыры мұражайды ашты. Бұл Ебінейге деген інілік парызы еді.

Галым бұл алға қойған мақсатын орындал қана қоймай басқа да ізденіс жолына түсті. Облыс тарихына терең үнілді. Еліміздің бұл дүниеден өткен зиялды адамдарын келешек үрпақта таныту мақсаты еді. Бұл алға қойған мақсатын да

орындағы. Облыстық мұражайдың ішінен «Асыл мұра» орталығын ашты. Осы орталықты ашуда Ғалыммен бірге тізе қосып үлкен еңбек жасаған Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаевтардың еңбектері зор. Бұлардың тынбай жүргізген ізденістері арқасында зиялды адамдар туралы біраз кітаптар, естеліктер жарық көрді. Бұл кітаптар жастарымызды, әсіресе, елсүйгіштікке (патриотизмге) тәрбиелеуге қажет.

Ғалыммен өте жақын сырлас болғанымыз Ебіней Бекетовтің мұражайын ашқан күннен басталды, өйткені мұражайға келушілерге арналған альбомға мен бірінші болып естелік өлең шумақтарын жазған едім. Содан бастап сәлеміміз де сырымыз да өте ашық болды.

Ал, «Асыл мұрада» Ғалым ініміздің біраз еңбектері шыға бастады, соның алғашкысы «Аңсаған менің ауылым», «Қасиетті ақ орда», - деген кітаптарын сыйлады. Кітаптың ішкі бетіне «Балғабек ағамызға шын ықыласпен сыйлаймын» – деп қол қойыпты, өте қуандым, қолдан түсірмей бір-екі күннің ішінде оқып шығып, өз пікірімді білдіруге «Асыл мұраға» аттандым. Жолым болып, облыстық мұражайдың алдында кездестірдім.

- «Ғалым інім, кітабың өте ұнады, пікірімді актара келдім, бір жайлы жерде отырып, әңгімені жалғастырсак», - деген едім.

- «Бәкес, мына жерде бір жайлы жер бар» – деп, қолтықтап бір әдемі үйдің бөлмесіне кіргізді. Орнығын отырып мен пікірімді жалғастырдым. Менің сөзімді бөлмей, өте терен ойға кетіп тындалап отырды. Біраз отырдық...

- «Бәкес мен сізге өте риза болдым, өйткені екі күнде кітабымды жаттап алғандай айтып бердің, кітапты оқитын

адамға ғана сыйлау керек екен-ау» – деп менің де көнілімді көтеріп тастады.

Ғалымның бойындағы асыл қасиетінің ең бір ерекшелігі – тындар паздығы. Өз ойын ашық, тайсалмай айтып, сол ойын, мақсатын қалайда іске асыра білуде Ғалым бір қазақ азаматындай еліне, аянбай қызмет атқарды. Қадірлі ініміздің жатқан жері торқа болсын, иманы алдынан жарылғасын, төрі жұмақтан болғай!



Кулзаги АКАНҚЫЗЫ

БІР МЕКТЕПТІҢ ТҮЛЕГІ ЕДІК

1952 жылдың тамыз айының соңғы күндері болатын, біздер – Жалтыр ауылының 7 класты бітірген 6 – 7 баласы, ендігі жерде одан әрі оку үшін Ленин орта мектебіне бармақшы болып, жолға шықтық. Барсақ интернаттың ремонты әлі біте қойған жоқ екен, 1 – 2 күн бір жерде бола тұрындар дегені.

Бұл ауылда біз ешкімді білмеуші едік, бірақ, арамыздағы елдің басқармасы Сибанбаев Қарағоржының баласы Мейраш: бұл елде менің әкемнің нағашысы бар, үйді сағынсан, сол үйге барып жүрерсін, деген, аты Қаражан деді.

Бізді алып барған Қази деген немере әкеміз, әркімдерден сұрастырып, сол үйді тауып алды. Мән-жайды түсіндіріп, 1–2 күн мына окуға келген балалар осы үйде бола тұрсын, – деп рұқсат сұрады.

Біздің көктен тілегенімізді, жерден беріп, әлгі үйдің адамдары жұмыс қүшіне зәру болып отыр екен.

Үй иесінің әйелі – Мәпи жеңгей, екі егіз баласы бірдей ауырып, (іштері өтіп), шаруа істей алмай, қыздары Қамаш бүгін-ертең оқуына баруы керек, сливотделение ұстайды екен, Марьевкаға қаймақ апарып, міне, келіп отырған жайым бар, бұл балалар маған фляга жуысып, сепаратордың маңайын құрғатуға көмектесетін болса, балалар қалсын, деді Каражан ағай.

Жұмыстан корқатын ауыл балалары ма, білегімізді сыйбанып, бәріміз шаруаға кірісіп кеттік. Қыз балалардың бригадирі – Қамаш. Не істеуіміз керек, қалай істеуіміз керек, бәрін айтып, ыдыстарды қайда төңкеріп, қалай кептіруіміз керек, біз ол кісінің консультациясын алғаннан кейін бәрін бұлжытпай орындаудамыз.

Ал, ер балаларды Каражан аға өзі бастап, корада кіре-берісте тұрған, кісі бойындаи сепаратордың маңайын құрғатып, құм төсеттіріп, есік алдын сыпырып, жина-тып болғанша сауыншылар кешкі сүтті тағы алып келіп қалды.

Сүт салып, машинаны жуып-жинап барып дем алып, сол күні сол үйде елдің балалары қонып шықтық. Келесі күні кешке қарай балалар: оқушыларды қабылдан жатыр деген соң раҳметімізді айтып, әкесі бар балалар қоғамдық интернатқа, ал, біз сиякты әкесі жоқ, әскерден оралмағандардың балалары, (сельсоветтің берген справкалары барлар), мемлекеттік интернатка орналастық.

Сонымен, оқу басталды, көз үйретіп жан-жағымызға қарасақ, манағы біздің бригадиріміз болған Қамаш

бауырымыз бізден бір-ақ клас жоғары – 9 класта оқиды екен, үзілісте ол да бізді танып, ие орналастындар ма, үйреніп келесіңдер ме, қарындарың ашқан жоқ па, - деп көрген сайын бәйек болып сұрап жүрді.

Сол Қамаш осы немере ағасы Ғалекенмен бір класта оқиды екен; қарындасты Қамаштан біздің хал-жағдайымызды естіген болар, басын изеп ол да амандастып жүретін болды. Біз бала жастан бірге өспесек те, бір көргеннен жылы шырайлы, аңқылдағы күле амандастыны, тымырайып түрмай, лезде тіл қатыса кететіні – бәрі өзінің көпшіл, ақ көңіл екендігін байқаттын. Сол аңқылдаған міnezімен оқытушыларына, кластас жолдастарына жағымды болды. 1954 оку жылында Ғалекен де, Қамаш та мектепті бітіріп кетті.

Ал, біз болсақ, келесі оқу жылында – 1955 ж. мектепті бітірдік. Сол жылы біздің Жалтыр ауылынан үш бала мектепті медальға бітірді:

1. Шегиров Жамсап (алтынға),
2. Оразалин Қаби (күміске),
3. Мусин Серік (алтынға), осы қаладағы казак-орта № 2 мектепте оқыды. Сол кездегі балалардың оқуға деген ынгасы-ай!

Ептең өзім туралы түсіндіре кетейін:

Сол кезде масақ терген ананың, кешегі өгіз айдаған баласы – Серіkbай институт бітірді, ал мен болсам, оқуды жақсы оқып, жетіміне дем берген интернатқа ант еткендей:

«Анам менің – интернат,
Тағдырым саған аманат,
Асыраған анама,

Келтірмеспін жаманат, - деп сол кездегі тәрбиешілерге, ағалық ақылын айтқан, әкеміздей қамқоршы болған ұстаздарға дұғай сәлем деп, өмірге жолдама алған соң, әркім өз жайымызға кеттік, міне, осылай уақыт өтіп, қызмет бабымен 1972 жылы жолдасым ОбЛОНOfa орынбасар болып ауысып, қалаға көшіп келсек, баяғы бір мектепте оқыған Ғалекең кездесіп, “ой, бауырым” - деп, күні бүгінге дейін туыс адамдардай болып кеттік. Ұстаздардың алға қойған мақсаты, өмірге көз қарасы бір болған соң, біздер бір-бірімізді сөзсіз түсініп, тұтініміз бірыңғай үшты...

Ғалекең зейнеткерлікке шыққаннан кейін, қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отырайын,

«Бос уақытын өткізеді қалай кім,

Тіршілігін көріп жүрміз талайдың» - дегендей, жай отырсаң күн өте ме, кеше жас кезімізде көп ақылын айтқан Ебіней Арыстанұлы Бекетов туралы ойланып жүрмін, ол кісінің ерен еңбектерін аяқсыз қалдырмауымыз керек, естеліктер жазып, мұражай ашсам деп ойлаймын; сіз, Қайреке, маған орысша жағынан көмектессеніз, - деп ақылдасып отыратын;

Міне, өмір-тағдыр, табиғат заны дейміз бе; - “Өлім-өмір қатар жүрген екі сөз, Өмір тәтті жұмылғанша екі көз” дегендей, тағалаған жорғаның кілегей мұзда тайғаны, ғылымның дамыған – XXI ғасырда медицинаның дәрменсіздігі өкінішті-ақ.

Қасындағы замандастарың да, қаламдастарың да түсіне біліп, бірлесіп тізе қосып 5 – 6 жылдан бері туған еліне, оқып білім алған мектебіне, үзенгілес қатар жүрген кешегі

ұстаз-жолдастарына, өзінің ата-бабаларының кім болған-
дығын ұлына – мұра, қызына берер жасаудай аз ғұмырында
оншақты кітап жазып үлгерді және де ешкімнен көмек
сұрамай, өзінің балаларының ақшасына шығарып, еліне,
туыстарына апарып, таратып келіп еді.

«Алты қырдан ассам да,

Сөздерінді тыңдаймын.

Сіздерге әкеп шашуға,

Ілім, білім жинаймын», - деп, аға-женғелерінің батасын
алып қайтып еді.

Адам жақсы болуы үшін – жақсы Ана, жақсы жолdas,
жақсы ұстаз болуы керек дейді біздің халық;

Ғалекен де сондай еді. Бесігінен бата алған құйма құлак,
әке тәрбиесінде өссе, (өрісі қең болып, білімді жақсы
адамдармен жолdas болды), ұстазы мықтының – ұстамы
мықты дегендей, кеше қандай ұстаздардан білім алды;
болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу, деген бар ғой,
отырған жерде ешиңдерден қысылмай, айтайын деген ойын
ашық айтып отырушы еді, міне, мұның бәрі – халыққа лайық
ұл қараша үйде ғана туады дегендей, қалың елде туып
өскендігін білдіруші еді.

Кітап құнын білсе білер білікті, білмегендер, түсінбеген
не ұқты? – дегендей, Ғалекенің еңбектерін бағаладық,
алдымен өзіміз оқыдық, қалай бірінші «сигналный» нөмірі
шықса да оқып шығып, құтты болсын айтып, енбегінің сәтті
де, тілге женіл, көнілге қонымды екенін айтқанда баладай
куанып қалушы еді, өйткені ішіндегі кейіпкерлер өзімізге
таныс, кешегі елде көріп-естіген азаматтарды, немесе
ұстаздарымызды, өмірден өткен жолдастарды еске алып,

ал, егер тарихи мазмұндағы кітаптар болса, кешегі заман, бастаң өткен күндер, халықтың шыдамдылығы т.б. сөз болушы еді...

Бұл естелікті жазуыма Розаның: - “Ғалымның кітаптарын сіз тез оқып шығып, звондал қуантып жатушы едіңіз, естелік жазыңызшы” – дегені қамшы болды. Әйтпесе, өзінді көрсету емес бұл жерде. Кешегі көз алдыңда қатар жүрген арыстай азамат туралы бүгін отыра қалып естелік жазу деген это ауыр нәрсе фой.

Ал, Роза, саған не айтайын?

Бірде мен саған: - Осы Ғалекенді математик дейтін емес, сөздің дәмін келтіріп, мақал-мәтелдерді қалай орынды келтіреді дегенде сен де мені қостап, ой, тәтей біздің Ғалекең көп біледі деп күлдіріп едің, сонда Ғалым: міне, мені Роза жақсы көреді, сондықтан саған қосылып мені мақтап жатыр, деп күлуші еді...

Кейде сен, – Роза орысша оқығандықтан бір нәрсені аңқау айтып қойғанда, тағы да біздің Роза бүйдеді –сүйдеді деп күлдіріп отырушы еді.

«Береке неде – бірлікте,

Татулық қымбат тірлікте»- дегендей.

Жар күйігі көнбес ешбір дәріге, толқын сипап, қамыс қорған болса да, серігіндей сергітпейді бәрі де, оқыс ажал ойда жоқта жетті-ау, топырағың торқа болсын, иманы болсын саламат деп тіле де, өтті асыл азамат, естіме құлак енді жаманат, - деп болған іске болаттай бол, бауырым. Керме иық, кең маңдайлы, ақыл-парасаты мол адам ел алдындағы қарызы мен парызын орындағы деп ойла, балаларын жеткізді, немере сүйді, орнында сендей жолдасы бар,

Ғалекен ата болды ардақты, сен әже болдың салмақты,
немере – Ата - Әже боп, өмірлерің жалғасты...

Бүтінді бөліп, жартыны жарып жесін деп Әлім мен
Үмітжанды іргене әкеп қоныстандырыды, қатар жүріп, бірге
жасап келе жатқан ақылшыларың...

Сырынды сездірмейтін, ағайынды бездірмейтін бала-
ларың, келіндерің аман болсын, арасында сыйлы Апашка
болып жүре бер, Роза.



Қыдырма ТОҚМЫРЗИН,
жисені

ҒАЛЫМДАЙ АЗАМАТ МЕНИҢ НАҒАШЫМ БОЛҒАНЫНА МАҚТАНАМ

Ғалым 1936 жылғы мамыр айында Қызылжардың түбінде қазіргі ТЭЦ-тің маңында Ауызтал атты ауылда дүниеге келген. Осы ауылда 1938 жылы менің анам Батия төркініне келіп жатқанда босанып қалып, менде дүниеге келген көрінемін. Сондықтан болар, менің атымды Қыдырма деп қойғаны. Ғалымның балалық шағы Ұлы Отан соғысының 1941-1945 жылдарына тұспа-тұс келді. Ол заман адам баласының ең бір қын кезеңі болып есептеледі. Халықтың басым көпшілігі ішсе тамаққа, кисе киімге жарымады. Бұл қыншылық Ғалымды белі бесіктен шықпай-ақ жатып ерте есейтті. Ол өзінің кішкентайлығына қарамастан жаз болса шөп шабуға, егін жинауға, мал бағуға,

қыс болса отын дайындауға белсене қатысып ата-анасына қолқабысын тигізді. Сондай қынышылықтарға қарамастан орта мектепті жақсы бітіріп шықты. Жоғары білім алып, еліме қызмет істесем деген арман оны Қарағанды педагогинstitутына түсірді. Оны ойдағыдай бітіргеннен кейін ұзак жылдардағы ұстаздық өмірі басталады. Өзінің білімділігінің, адамгершілігінің, жұмыстағы алғырлығының арқасында ол қатардағы мұғалімнен мектептің директорына дейін өсті, ҚСРО-ның және Қазақстан Республикасының “Білім беру үздігі” деген құрметті атаққа ие болды.

Ғалекеннің ең бір үлкен мектебі ол ауылдағы көкірегі ояу, өмірде көргені көп, тоқығаны-түйгені мол, даланың даналығы дарыған ауыл ақсақалдарымен араласуы, елдің даналығын да, паналығын да көруі. Солардан үйренді, солардан үлгі алды, соларға ұқсап бақты.

Ерте кезде сырт жерде қызмет жасағандықтан Ғалым нағашыммен жиі араласудың сәті түсे бермейтін. Кейін осы Қызылжар қаласына көшіп келген соң Ғалекенмен жиі кездесуіме мүмкіндік туды. Қунде көрмесек немесе телефон шалмасақ көніліміз көншімейтін болды. Ғалекеннің адамды өзіне тартып тұратын бір тамаша қасиеті болушы еді. Онымен сырт айтысып, әңгіме дүкен құрғаннан кейін бір жасап қалғандай болатынсың. Менің отбасымның, туыстарымның жиын-тойлары Ғалекенсіз өтпейтін, ол жоқ болса басқосудың мәні де маңызы да болмайтын. Сондықтан Ғалекенді алдымызға ұстап, соңынан еріп, қасында жургеніміз бір ғанибет болатын. Ғалекеннің жаныңа жақсы жағатын қасиеттері оған асыл аталарынан дарыған болуы керек. Арғы атасы да, бергі атасы да атақты билер болған.

Оны дәлелдейтін Мыңбай атасының мөрін мұрағаттан өзі тауып алып келгенін мен өзім көзіммен көрдім. Ол заманда ондай мөр орыс патшасының жарлығымен беріледі екен. Сол жарлықта Мыңбай би мен бірге он шақты қазақ билерінің тізбесі жарияланған. Қазақ халқының тарихында билердің рөлі өте зор болған. Дәлел ретінде Төле би, Қазбек би, Айтеке биді атасақ та жеткілікті.

Ғалекенің тағы бір қыры “Асыл мұра” атты ғылыми-әдістемелік орталық құрып сонда жұмыс жасағанда көрінді. Ол бірнеше кітап жазып шығарды. Осы шығармаларды оқып отырғанда Ғалекенің жазушылық қабілетінің мол екендігін көреміз. “Әттеген-ай” деген ой да оралады – егерде жас кезінде қолына қалам ұстап жаза бастаса, осы күні үлкен жазушы боларына менің ешқандай күмәнім жоқ.

“Өмір деген бір жарқ еткен найзағай, өмір деген көк аспанның күркірі, өмір деген ертегі, пай-пай өмір өтесің-ау бір күні, тиясын-ау қуанышты құлкіні” – деп бекерге айтылмаса керек. Ғалекен де найзағайдай жарқ етіп өмірден өтті. Енбекте де, өмірде де артына өшпестей із қалдырды. Нагашы женғеміз Роза екеуі бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсіріп, жоғары білім беріп, ұлдарын ұяға, қызын қияға, қондырыдды. Бәрінен де немерелері, жиендері бар. Ғалекенің бойындағы жақсы қасиеттері ұрпағына дарығай деп, оларға ұзак, бақытты өмір тілеймін.



АДАЛ Да АЯУЛЫ ЖАН

*Откеніңді еске алмаганың өшкенің
Откенді еске алғаның өскенің.*

Ж. Молдағалиев

Бізді құдай туыс етті. Сол үшін де екі дүниеде де ризамын. Адамдардың бір-біріне деген сағынышы бізді үнемі алға жетелеп келеді. Нагашым Ғалым терең ойлылығымен, биік парасаттылығы арқылы азамат атанған үлкен бір әулеттің данагөйі еді.

Азаматтың өзі өлсе де, оның сөзі, рухы өлмейді деген рас-ая. Нагашымның атына айтылған әркездегі жүрекке толы жылы лебіздер мен сағыныш сөзге әрдайым көнілім өсіп, қанаттанып келемін. Егер азаматтың қадірін біletін ел аман болса, оны алақанға салып, әлі талай өз көнілдерінің төрінде аялай берері сөзсіз.

Қасиетті Қызылжар топырағынан басқаны ұната алмаган, осы өнірдің сүйікті перзентіне айналған Ғалым Қадірәліұлының адамдық болмысы қандай еді деймін де кейде онаша қалғанда ойға беріліп, өткенді есіме аламын. Әрине, ол күндерді Ғалекенсіз көзге елестету мүмкін бе? Ғалекен өмірінің қандай кезені көз алдыма келмесін, ол соның бәрінде де нар тұлғасын аласартпай өтіпті. Тектілігіне парасаттылығы, сабырлылығына – сұңғылалығы, имандылығына – шынайылығы астасып, ғажайып өмір сүрді. Жүргегі

қашанда ел, жер деп соқты. Сондықтан ол мамыражай жағдай таңдамай, ат үстінен тұспей еңбек етті. Мұндай адамға күннің де, түннің де, қыстың да, жаздың да айырмасы жоқ екен. Жасым ұлғайды, енді дамылдау қажет, деп айтпады. Жас кезінде қалай ширактық танытса, қашан демі таусылғанша ел үшін еңбек етті.

Қазақтың тегіне, топыраққа тартып туған деген сөзінде ұлылық жатса керек. Нагашым дүние жимады, дос жиды. Ол өмірдің бар өлшемі мен қадірін достықпен бағалайтын. Жанының таңғы шықтай таза, мөлдірлігі сондай адамдарды руына, атасына қарай бөле-жаруға жоқ еді. Балалары үшін де бүгінде бұдан артық, асыл қазына жоқ деп ойлаймын. Әдетте ақылды, дарынды адамдардың өмірде қарапайым, ұсақ-түйекпен ісі болмайтыны, пендешілік атаулыдан биік тұратыны болады ғой. Галекен, күйкі тірліктен жаны таза болатын. Жалпы ол, ғалымдарды, өнер адамдарын жанындај жақсы көрді. Мен ойлаймын, егер әдебиетші болғанда небір ғажайып туындылар беретін ірі өнер иесі болар еді. Өзінің мамандығы физика-математика ғылымына бейімделген. Эйтсе де ол өз үрпактарына тарихи мәні жоғары, мазмұнды оншақты кітап қалдырып кетті. Жазуға, ізденуге өте күмар жан еді.

Ол көп еңбектенді, зерттеді, жазған естеліктерінің бәрін тарихи деректерге сүйене отырып дәлелдеп беруші еді. Әлі есімде, бір кездескенде мынадай пікір айтқан. Кеңес өкіметін, кезінде халық қолдады. Оны орнату үшін, орнаганнан кейін оны қорғау үшін талайлардың қаны төгілді. Себебі ол өкімет “Тендік”, “Еркіндік” деген қасиетті ұғымдарды ту етіп көтерді. Ал еркіндікті аңсамайтын, тендікті қолдамай-

тын адам баласының жер бетінде бола қоюы екіталаі. Сол тендік, еркіндік атты асыл сөздің дақпыртымен Кеңес өкіметі жүргізген үлкен қияннаттың бірі – (конфискация) тәркілеу. Тәркілеу саяси науқан болды. “Тендікті жүзеге асырамыз, ғасыр бойы қанап келген байлардан есelerінді алыш береміз” дегенге білімсіз қараңғы халық нанды, иланды. “Байдың малы – сендердің маңдай терің деді”.

Олардың мал-мұлкін, үй-жайларын, жиган-тергендерін күшпен, қорқытып тартып алыш, өздерін отбасыларымен жер аударды. Ең жаманы - жер бетінде болмаған әділетсіздікті жасай отырып, жер бетінде болмаған әділдікті жасап жатырмыз деп, алдады. Оған қарсы шыққандарды жау деді. Халықтың көбі өкіметтің жасаған істеріне сендей, халық алданып, ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қалыптасқан әдет-ғұрыптан салт-санадан бас тартып, өз бауырларымызды қеудесінен итеріп, өзгелерді кеменгөр санаппайыз. Зымиян саясат деген осы. Бәрін кеш білу, кеш түсіну қандай өкініш. Текке төгілген қанды, жазықсыз қыылған жанды, бекер өткен өмірді, білместіктен айырған әдет-ғұрыпты ойлағанда, у ішкендей боласың деп айтушы еді Ғалым нағашым. Әділ сөз ғой. Экеміздің көрген азап, қорлықтары еске түскенде не істерінді білмей қамығасың.

Сол зардапты енді болдырмау, ол үшін біз зиянкестік қалай жүзеге асқанын, саяси бүркеншектеу, иландыру әдісін, жасырын жағымен айтылған тұсын, бәрін білуге тиіспіз. Өйткені өткенімізді түсінбей тұрып, алдағы құнімізге әділ баға беру еш мүмкін емес дейтін нағашым.

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жанынан “Асыл мұра” орталығын ұйымдастырып,

сол орталықтың жетекшісі болды да өзіне серікtes, елге танымал, сыйлы, қадірлі азаматтар Қайролла Мұканов, Социал Жұмабаев сияқты ақсақалдармен жоғарыда айтқан ойларын жүзеге асыруы үшін іске кірісті.

Атам қазак, “көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі” – дейді. Сол айтқандай, Ғалекеннің көріп-білгенін түгендесек, бір-екі мақаланың ауқымына сыймайды. Ол зейнеткерлікке шығысымен қол қусырып бір сәт те отырған жоқ. Бұқаралық, ақпарат құралдарымен берік байланыс құрып, тарихи тақырыптарға барып, деректі дүниелерді жаппай жиыстырып қалам тартудан жалықпады. Көзі тірісінде он шақты кітап шығарып, материалдар жинап қойған болатын. Осынау абзал ағамыз Роза жеңгеміз екеуі екі ұл, бір қыздың қызығын көрді. Балаларының бәрі өмірден жақсы орындарын тауып, беделді жұмыс істеп, абырой атаққа ие болып отыр. Соңдарынан ерген сегіз немеренің мандайынан ііскеп кетті Ғалекен.

Сөз сонында айтарым – елге мұра, ұрпаққа ұлағат тұтар өнегелі адамдар Қызылжар, Кекшетау топырағында өте көп. Олардың еңбектері әрқашан еленіп, ауық-ауық еске алынып отырса, нұр үстіне нұр. Олай болса, осы облыстарға ортақ қадірлі азамат Қадірәліұлы Ғалымның да есімі ұмытылмақ емес.

Мен сені нағашым деп те мактанамын, мен Ғалымның жиенімін деп те мактанамын.

Өлім ортақ көп үшін де жалқы үшін,
Азамат ең туған ел мен халық үшін.
Жиен үшін жөнің бөлек, нағашым,
Орның – жұмақ, пейіште нұрын шалқысын!

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ

Дана бабаларымыз «жақсының жақсысын айт, көңілі тасысын» деген. Облыс жүртшылығына танымал, сыйлы болып өткен, Ғалым Қадірәліұлы ағайымыз осындай жанның бірі еді. Алғаш кездескенім, соңғы кездесу сағымдай болып есте қалды.

Өлкеміздің 70 жылдығына арналған тәрбие сабағына ағайды кездесуге шақырмак болып “Асыл мұра” орталығына келдім. Бөлмеге кірген бетте ағай орнынан тұрып қарсы алды. Түсі де, үні де жып-жылы. Шын дарынды адамдар қарапайымдылықты бақ көретінін билетінмін. Өзінен үлкен, әрі облыс көлеміне кеңінен танымал адамның осылай қарсы алуына ынғайсызданып қалдым. Бұдан кішіге деген күрметін, әйел адамға деген сыйластық ілтипатын сездім. Әңгімелесіп біраз отырдық. Әңгіме барысында үққаным-елім, жерім, халқым деп соққан жүрегінің лұпілі мен адамгершілігі мол парасаттылығы.

Екінші кездесуім немересі (Қайрат пен Гүлханның қызы). Мәдінаны 1-сыныпқа әкелгені. Немересіне деген ыстық сезімінде шек жоқ. Оны ауызben айттып жеткізу қыын. Сүйген жары Роза тәтеймен таныстығым үлкен келіні Гүлхан арқылы. Тәтейдің де жүзі жылы, көңілі ашық. Алла екеуін тең етіп қосқан. Ұлдары Қайрат, Азамат қызы Айман ете бір тәрбиелі жандар. Әке жолын қуған азаматтың бірі.

Кішкене немересі Мәдінаның атасын есіне алып, «Атам менің жоқ» - дегені, мұнайған жүзі сырт көздің өзін қатты толғандырады. Бұдан кішкене сәбидің атасына деген шексіз махаббатын көресін.

Соңғы кездесуім қазан айының соңы – қараша айының сүйк желді күнінің бірі. Ағайдың өзі Мәдінаны алуға келіпті. Тезірек басып, үйге асығып кетіп бара жатқан едім. Ағай тоқтатып хал-жағдайды, немересінің сабак үлгерімін сұрады. Мәдінаның жасының толықпағанын айттып, қатты ойлайтынын, кішкентайының тез шаршайтындығын айттып налыды. Міне, осы ақырғы кездесуім кішкене немересінің алғаш білім баспалдағын маған тапсырып кеткендей сезінem.

Аяулы да қымбатты, аға!

Сіздің артта қалған ізіңіз бізге өнеге. Жатқан жеріңіз жайлы болып, қабір іші нұрға толсын. Алладан шапағат, пайғамбардан шарапат болсын.



ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ПЕДАГОГ, ЧУТКИЙ ТОВАРИЩ

Кадралин Галым Кадралинович... При этом имени мне вспоминается мужчина среднего роста, с тонкими чертами лица, интеллигентный, аккуратно одетый. Проработав с ним более 20 лет (он был директором казахской школы-интерната, а я – учителем русского языка и литературы), я убедилась, насколько его внешнее состояние совпадает с внутренней красотой этого педагога. Это замечательный, чуткий, внимательный педагог.

Бывая на его уроках, я видела, что он не только и не столько учитель математики, сколько талантливый психолог. По отношение к учащимся поражало знание им внутреннего мира каждого ученика. Никто и никогда не видел его повышающим голос на воспитанников.

Мне выпало большое счастье узнать его ближе. В июне 1966 года группа старшеклассников нашего интерната за отличную работу в лагере труда и отдыха и постройку дома была награждена поездкой в Москву. Группа состояла из 25 учащихся. Было назначено 2 руководителя: Галым Кадралинович и я. Это была чудная поездка. Некоторые ребята никогда не видели даже поезда. Впечатлений было много. В период проведения экскурсий Галым Кадралинович проявил все свои качества и как руководителя, и как педагога, и как друга, товарища. Учащиеся того года по сей день вспоминают эту поездку. Среди них заслуженный

строитель республики Шопанаев Каирлы и его жена Шарипова Балхадиша.

В моей памяти Галым Кадралинович останется как талантливый руководитель, замечательный педагог, чуткий товарищ, хороший семьянин.



*Айтжан БАЙМҰҚАНОВА,
ғылыми-техникалық кітапхананың кітапханашысы*

ҒАЛЫМ ДЕСЕ, ҒАЛЫМ

Есімі облысымызға әйгілі асыл азаматтардың бірі деп Галым Қадірәліұлын айтсақ, жаңсақ болmas еді. Өзінің нүрлі жүзімен, үнемі көзінің қызығында шуақ ойнап тұратын қуанышты жанарымен, адамға деген айрықша ықыласымен тәнті ететін ағамызды сағына еске аламыз. Азаматтық қасиетіне қоса, мол білімі, өнегелі танымпаздығы оны құрметке бөлеуге тартып тұратын.

Өніріміздегі ұлттық білімнің қара шаңырағы атанған облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатты ұзақ жылдар абыройлы басқарып, сонысымен ұстаз деген ұлағатты иеленген оның шәкірттері ағаның есімін үнемі ардақ тұтатыны аян. «Бұлақ көрсөн, көзін аш» деген халық даналығын берік ұстанған екеу болса, соның бірі осы Галым аға шығар. Жастайымыздан балапандай мәпелеп, жақсыны бауырына басып, олқыны тезге салып, тәлімін таныта білді. Сол еңбегінің арқасында ол Қазақстан Республикасы және

кенес одағы оқу ісінің үздік қызметкери болып еді. Өзінің жан-жақты білімдарлығын оның қаламынан тұған мақалалары мен зерттеу еңбектері тамаша айғақтады.

Мамандығы физик-математик болса да, ағамыз әдебиет пен тарихқа аса жетік екені осы еңбектерінде дәлелденді. Ол кісі «Ойна да күл, жеткіншею», «Аңсаған менің ауылым», «Қасиетті Акорда», «Тарлан ақын», «Жылғара Байтоқин», «Көкарал» сияқты бірнеше елеулі еңбектер жазып кетті. Соған қоса «Математиканың даму зандылықтары» атты ғылыми еңбегі де елдің игілігіне асты.

Ғалым ағамыздың облысымыздың Шал ақын ауданындағы Ыбыраев ауылында туғанын, 1954 жылы орта мектепті бітіріп, Қарағандының педагогикалық институтын тамамдағанын айта кетсек артық болmas. Осы Қарағандыда ол академик Ебіней Бекетовпен танысып, өмірінің соңына дейін зор достық қарым-қатынаста болған. Сондай-ак, белгілі ғалым Аманжол Қошановпен, әйгілі қаламгер Герольд Бельгермен және қазақтың сүт бетіндегі қаймағы дерлік зиялды тұлғаларымен достығы бізді таң қалдыруышы еді.

F. Қадірәліұлы зейнет демалысына шығысымен қол қусырып отырмай Ебіней Бекетовтің атындағы мұражайды ашуға мұрындық болды. Облыстық ғылыми-техникалық кітапхананың жанынан, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тарта отырып, осы мұражайды үйымдастырыды. Оның көптеген деректерін, жәдігерлерін қажымай-талмай жүріп өзі жинағды. Соның арқасында бұл мұражай атақты ғалымның өмірі мен еңбектерін оқып-үйрепудің орталығына айналды.

Ізденімпаз азамат мұнымен де тынбай облыстық тарихи-

өлкетану мұражайының жаңынан «Асыл мұра» орталығын құрды. Иглігі ұшан-теңіз осы істі қолға алып, көптеген еңбектердің, тарихи, әдеби зерттеулердің жинақталуына қол жеткізді. М. Жұмабаев, С. Мұқанов, Ф.Мұсірепов, Б. Ізтөлин, Сегіз сері, Қожаберген жырау, Тоқсан би, Шал ақын және басқа да әйгілі тұлғалар жайында тың деректерге толы еңбектердің жазылып, жиналуына тер төкті.

Көптеген зерттеу мақалалары облыстық, республикалық басылымдарда жарық көріп, өніріміздің әйгілі азаматтарын еліміздің басқа аймақтарына таныстыруға жетісті.

Облыстық ғылыми-техникалық кітапханада «Ғалым Қадірәліұлы – тәлімгер, мұғалім» деген тақырыппен кітап көрмесі ашылып, мұнда оның еңбектері оқырмандар назарына ұсынылды. Осында ұйымдастырылған бұл шара әйгілі ұстазды, білімдар қalamгерді, жақсы азаматты білген адамдардың көзайымына айналды.

Марқұм Ғалым Қадірәліұлы топырақтан тысқары болса, 23 сәуірде 72 жасқа келер еді. Шау тартқан шағының өзінде жігерлі жасқа бергісіз қажыр-қайратпен жұмыс істеп, елге үлгі болған еңбеккорлығының арқасында облысымыздың тарихына, өлкемізді тану ісіне үлкен үлес қосқан Ғалым десе, ғалым азаматтың есімі жадымыздан шықпайтыны анық.



ЕЛАЗАМАТЫ

Ғалым Қадірліұлы. Бұл есім өткен ғасырдың ақырғы ширегінде елге жайыла бастады. Өзі алпысынышы жылдары Қарағанды педагогика институтының математика бөлімін тамамдап, жақсы оқығаны бағаланып, Қарағанды қаласындағы № 32 орта мектепте мұғалім болып орналасты. Көп кешікпей сол мектеп директорының орынбасары болып тағайындалды. Бұл қызметті жақсы, көңілдегідей атқара бастағасын, сол мектеп ғимаратының ішінде 3 бөлмелік пәтер берді. Сонымен елдегі қартайған, зейнеткерлікке шыққан әке-шешесін, іні-қарындасын көшіріп алып, еліміздің тағы бір отбасы қосылды.

Мен ол кезде, Алматыдан техникум бітіріп, жолдамамен келіп осы Қарағандыда орналасып, бір кішірек құрылыс мекемесінің бастығы болып қызмет атқарып жүрген кезім. Шешемді, іні-қарындасымды көшіріп алып, каланың ортасынан екі бөлмелі пәтер алып орналасқан кезім. Бірде шешем, бір жерлесіміздің үйіне қонаққа барып келін, кешке қызметтен кейін, шәй ішіп әнгімелесіп отырғанымызда, масайрап-қуанышын білдіріп, елден жуырда көшіп келген жақсы адамдарға кездесіп, бірге қонақ болғанын айтып отырды.

Содан кейін көп кешікпей Ғалымның үйі апамлы шақырды қонаққа. Мен апамды машинамен апарып,

үйлеріне кіріп Қадірәлі ақсақалға сәлем беріп, үйдегі кісілермен амандасып бір түйір нан ауыз тиіп, кетіп қалдым, содан кейін біраз жылдар, қарым-қатынасымыз ұзілмей жүріп жаттық.

Алпысынышы жылдың ақпан айында қызметі ауысып Қарағандыға Алматыдан болашақ академик Ебіней ағамыз келді. Біздің үйде, отбасы келгенше, түрдө. Ол кісінің әдегі кешке қызметтеген келгесін, тамақ-шәй ішіп жайлланғасын шешеміздің қасына барып жантайып, жастықты қолтықтап жатып, күндіз көрген-білгенін айтып беретін. Шешеміз оған мәз болып қалатын еді. Сондай бір күні елдің бір жас жігіті келіп сәлем беріп танысып, өзін таныстырып кеткенін айтып еді. Шешеміз ол Қадірәлінің баласы Галым ғой деп қуанып қалды.

Көп кешикпей Ебіней қаланың орталығынан жаңа салынып біткен үйден 3 бөлмелік пәтер алғып отбасын көшіріп әкеліп орнықты. Тұрған үйлеріміздің арасы жақын болатын. Бірде демалыс күні – 1962 жылдың күзіне қарай, мен Ебінейдің үйінде отыр едім. Сол үйге Қадірәлі ақсақал баласы Галым екеуі келді. Төргі бөлмеге шығып жайғасып отырып әңгімелестік. Женгем қазақ халқының, мұндаидарғы дәстүрлі шайын дайындаған әкелді, шай іштік. Болғаннан кейін Қадірәлі ақсақал Ебінейге қарап, үлкен өтінішпен келіп отырмыз, деп Галымды көрсетіп мына балам, үйленем дейді. Соған құда түсуге өзің басқарып барып келсөн деген ұйғарымға келіп едік, қалауымыз сол, деп тоқтады. – Ол қашан болмақшы? – Алдымыздарғы жексенбі күні. – Қайда баруымыз керек? – Осы қаланың ішінде. – Жарайды деп Ебіней уәдесін берді. Құдалығының басынан, ойын-тойларын түгелдей өткізіп

берген еді. Мен де қолымнан келген жәрдемімді көрсегтім ғой деймін. Бұл 1963 жылдың қаңтар айының бас кезі болатын. Сонымен Ғалым мен Розаның махаббаттары жарасып үш перзентті болып, Ғалым о дүниелік болғанша жүріп жатты.

Қадірәлі ақсақалға Қарағандының ауа райы жақпай, жиі сырқаттана бергесін Ғалым қызметін ауыстырып елге көшетін болып, Петропавлға барып оқу бөлімі басшыларымен келісіп сол қаладағы бір мектепте сабак беретін болып келді. Өзінің бітірген Октябрь ауданының Ленин мектебіне сұранған екен, басшылар Петропавлда қалғанын үйғарыпты. Ұмытпасам, 1963 жылы жаз көшіп кетті.

Содан кейін арамыз ажырасып, сирек кездесетін болдық. Бірақ Ғалым өзі жолы түсіп Қарағандыға келе қалса, соғып сәлемдеспей кетпейтін. Бұл адамгершіліктің бір белгісі ғой. “Бір күн дәм татқанға, қырық күн сәлем” дегендей.

Есімде сақталған бір жағдай шешеміз о дүниелік болғаннан кейін Қадірәлі – ақсақал үйге келіп, маған қарағым Қамзабай, сенің Құраннан мағлұматың бар ма? – деп сұрады. Шамалы ғой аға деп жауап қаттым.

Ендеше бір ғана міндетті түрде орындаитын жэйітті айтайын. Құранда жазылған: мәйіт шықан үйде 40 күн құран оқылып отыру керек. Рұқсат етсеңіздер мен әр күні құран оқып тұрайын. Мен ол кісіге біз қызметтеміз күндіз есік жабық тұрады, қалай болады дегенімде. – Түскі тамаққа келесіздер ғой, не кешке нешеде келесіздер? Айттым. Онда сол кезде келіп тұрамын деді де, дайындалып жатқан шәйға қарамай шығып кетті.

Ертеңіне түсте келсем, есік алдында орындық тұрушы

еді сонда бізді күтіп отыр. Сонымен қырқы болғанша соны орындаады.

Ақырғы аятын оқығасын ақша ұсынып едім, алмады, Бәлтайға (менің шешем) менің өтеген қарызым деп.

Қазір ойлаймын Ғалым әкесіне тартып туған бала екен фой деп.

Сонымен, Ғалым Петропавлда, мен Қарағандыда жүріп жаттық. Туған жеріміз бір, екі ауылдың арасы 45-ақ шақырым, екеуміз де Бәйімбет руынанбыз. Менің білуімше, бұл жағдай себеп бола қойған жоқ. Ғалымның адамгершілігі, кішіпейілдігі, кімге болса да көмектескісі келіп тұратыны себеп болды ғой деп ойлаймын.

Біздің арамызда сырттай сыйластық болды, бір-біріміздің жайымызды, қатынасқан ел адамдарынан сұрастырып, не телефон арқылы байланысып қана тұратынбыз.

Естелік жазған кейіпкерінің кейбір әрекеттерін айтқанымен, оның есте қаларлық ерекше істерін қағазға түсіру киын. Өжет, өткір болушы еді. Петропавлға жол түсіп бара қалсақ, телефон шалып амандық сұрасақ болды. Бірінші сұрағы: - Қайда тұрсың? Қазір барам. Элгідей болмай жетіп келеді. Содан сол қаладан кеткенше қасында еріп жүріп баратын жеріне апарып, кездесетін кісілермен кездестіріп, барған шаруаны түгел тыңғылықты орындауға жанын салатын азамат еді. Онымен қоймай, жағдайлары келсе үйіне апарып, кейде баласының үйінен, тіпті болмаса кафеден қонақасы беретін. Ғалекенің аузынан мен істедім, мен сөйтім, мен бүйттім деген сөзін естіген емеспін. Әрқашан біз деп сөйлейтін.

Асыл ағамыз Ебіней о дүниелік болғаннан кейін Ғалым

өз ынтысымен есте қалдыру мақсатында көп еңбек етті. Ал-дымен, туған еліміз Петропавл қаласының көшесіне атын беру. Ол еңбегі жемісті болып Мұқанов Қайролла екеуі жалықпай талай ұлықтардың есігін қағып жүріп бұрынғы орталық көшелердің бірі “Красноармейский” көшесін өзгертіп Ебіней Бекетов атын бергізуге қолдары жетті. Бір күні кешке үйде дем алып отыр едім, телефон шылдыр етті, трубканы көтерсем гүрілдеген Ғалымның қуанышты даусы. Сәлемдесіп болғаннан кейін “Сүйінші, Сүйінші” деп екі рет қайырды, сүйіншің дайын не жаңалық. Қаланың Красноармейский көшесі есінде ме? Енді ол көше ағамыздың атымен аталатын болды. Ол кездегі қол жетпейтін зор мәселе қалай шешілгенін айтып берді. Оған тоқтамай Солтүстік Қазақстан облыстық техникалық кітапханаға атын бергізіп, ол кітапхана Е. Бекетов атымен аталды. Кітапхана ескі ғимаратынан, жаңа ғимаратқа көшіріліп, онда мұражай мүйісін ұйымдастырып ашты. Менен дамыл көрмей көптеген экспонаттар экеліп, жап-жақсы етіп, мұражай құрды. Сол жылдары Е. Бекетов қорын ашты. Сейтіп, жерлес академиктің есімін мәңгі халық жадында сақтауға мол еңбек сінірді. Бұл мезгілдерде көптеген естелік мақалалар жазды. Ебіней ағамыз туралы көп жазып, жарияладап жүрді.

Бұл жұмыстармен қатар Ғалекен әдебиетпен шұғылданып, кітап жаза бастады. Көптеген зерттеулер жүргізіп, әртүрлі көрнекті жазушылар туралы, мысалы, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов тағы сол сияқты көрнекті адамдар, онымен қатар өзінің көргендерін көңліне тоқы аударын, өзі аралас-құралас жүрген білім, мәденист қайраткерлері, өнегелі ел азаматтары туралы естелік жазуды әдетке

айналдырган. Әсіресе мектеп қабырғасында өзіне дәріс берген ұстаздары туралы көлемді естеліктер жазып, мерзімді баспасөзде жарияладп жүріп, кейін жинақтап 5-6 кітап етіп шығарып, таратты. Маған да шыққан кітаптарын сыйлық ретінде жеткізіп жүрді. Оған қоса 10 шақты жинақты баспадан шығарды. Ұмытпасам, 2000-2001 жылдың сәуір-мамыр айларының бірінде, куанып, қарқылдал құліп маған телефон соғып “Асыл мұра” атты ғылыми-әдістемелік орталық құруға мұрындық болғанын айтты. Ол қоғамның мақсаты қандай? - деген сұрағыма, облысымыздың ардақты азаматтарының еңбектерінің халық қазынасына айналдыруды мұрат түтқанын айтты.

Ғалекен бұл жұмысқа көптеген еңбек сініріп, зерттеулер жүргізді, ұйымдастырып, талай жаңалықтар ашты деп білемін.

Бұл жылдары Ғалекеңнің аты халық арасына жайылып, көптеген құрметке ие болған кезі еді.

Осындай елдің көрнекті азаматы Ғалым Қадірәліұлы 70-тен жаңа ғана асқан жасында о дүниелік болды. Қайран Ғалым! Қайролла маған мезгілінда хабарлады, өкінішке орай сырқаттанып жатып қабіріне топырақ салуға бара алмадым. Өкініштемін, жылы да жақынданап қалыпты.

Ал Ғалым туысым, топырағың торқа болып, жаңың жаннатта болсын. Жасамаған жасынды балаларың жасасын.

ТӘЛІМГЕРІМ, АСЫЛ ДИРЕКТОРЫМ...

Өңіріміздің құрметті азаматы ақжарқын, шындықтай қарапайым, бәріміз жақсы көретін Ғалым аға туралы естелік жазамын деп ойлаған жоқ едім. Кеше ғана жарқылдан ортамызда жүрген қадірлі ағамыздың бақылық болғанына да біршама уақыт зырлап өте шығыпты.

Менің туған жерім – Шал ақын ауданы, Қенес Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраев атындағы ауыл.

Аулымыз – көкорай шалғыны мол, топыракты, ағашы көп жер.

Балалық балғын шақ та осы ауылда зырылдан өте шыққанын бір-ақ білдік. Шешем Зураш «Ерекен» деп ауыл қатты сыйлайтын Ерғали атты ақсақалдың жалғыз қызы болғандықтан, біздің үйдің балаларының бәрі де сол үйде өстік деуге болады. Иштерінде көбірек болғаны – мен.

Нагашы атам Ерғали өте әңгімешіл, өз жанынан өлең шығаратын ақын адам еді. Сол қасиетіне байланысты ауыл ақсақалдары, елдің үлкендері әңгіме тындауға күнде кешіке сол үйге жиналатын.

Солардың ішінде аққұба келген, ұзын бойлы коріктілесу Қадірәлі деген ақсақалмен атамның әңгімесі тоқтамауны еді.

Ол кісі өте сыпайы, таза киінетін, жүзінен мейірімі төгіліп тұратын адам болатын.

Онжылдықты бітіріп, оқуға кеттік. Алматыда 5 жыл оқыдым.

1975 жылы КазГУ-дің филология факультетін бітіріп, №2 қазақ-мектеп интернатына мұғалім болып орналастым.

1976 жылы оқу ісінің менгерушісі болып Ғалым Қадірәлин келді. Сонда ағам Шашубай: - Бұл кісі – біздің ауылдікі, ауылдағы Қадірәлі ақсақалдың баласы, - деді. Сондағана мен бұл кісінің кім екенін білдім.

Ауылдағы мектепте өзіме физикадан сабак берген Әлім ағайдың ағасы екен. Қадірәлі атамызың Қабай деген ауылдың жоғарғы жағында тұргандықтан ба, бұл кісіні бұрын-сонды ауылда көрмеген екем...

Ол кісі жұмысқа келгеннен кейін, 2-3 айдан соң, кеңеттен мектебіміздің директоры Хамзин Ғалым Даниярұлы дүние салды...

Аяқ астынан болған бұл қазаға ұжым мүшелері де, өзінің отбасы да қатты есекіреп қалды.

Әсіреле сол кісіні қатты уайымдаған адам Ғалым аға болды. Ол туралы әңгіме болса, көзі жасаурап, ұзақ сөйлей алмай, даусы бұзылып кетуші еді.

Кейін ол кісі 10 жылдай мектеп директоры болып қызмет атқарды. Жемісті еңбек етті. Эр мұғалімнің еңбегіне қарай атақ әперді. Жыл сайын “Алтын белгі” иелерін шығарып отырды. Басшылық жасаған 10 жылында “Тұлектормен кездесу” кешін өткізуді дағдыға айналдырды.

Окушылардың жазғы демалысын үйымдастыруға да өте шебер еді. Әсіреле “Балауса” лагеріне күнде барып, олардың демалысын жіті қадағалайтын.

Есілдің жағасында жүзген балаларға қарап отырғанда,

керемет көнілденуші еді. Осы лагеръде ұжыммен бірге демалғанды өзі жақсы көретін.

Ғалым Қадірәліұлы ұжымға келген жастарға қамқорлық жасауды әсте ұмытпайтын.

1977 жылы қазан айы болатын. Сабак үстіндемін. Бір кезде кезекші келіп, директордың кабинетіне шақырып жатқанын айтты. Кабинетіне келсем, қасында партия үйіміның хатшысы Дәметкен Есләмқызы отыр екен.

Аға маған қарап құлімсіреп:

-Әлия, партияға өткің келе ме? – деді.

-Бұл мен үшін тосын сұрақ еді. Мен сасып қалдым.

-Білмеймін, - дедім.

-Жоқ, сен ойлан, түбінде сенен жақсы бір кадр шығады, давай, через комсомол партияға өт, - деді. (Сөзбе-сөз келтіріп отырмын - Ә.Ғ.)

Сөйтіп, өзі рекомендация жазып, шындығында, мені партияға өткізіп еді. Менен басқа да жастарға сондай көмектесіп жүрді.

11-12 жас мұғалімге 1983 жылы үй алғы берді. Сол үй мәселесін шешуде көп еңбек сінірді. Жастарға жыл сайын бір үйден әперіп отырды деуге болады.

Ұжым мүшелеріне мәдениетті сөйлеуі, қарапайымдылығы, мұнтаздай таза жүретіні, өзіне ғана тән әдемі әзілімен құрметті болатын.

Еш уақытта дауыс көтермейтін. Ұнамайтын дүниесін ақырын ғана ақылмен айтып жеткізуші еді. Соның өзі де бізге жетіп жататын.

1983 жылы жазғы каникулда ұжым мүшелерін бір автобус қылып, Бурабайға демалуға алып барды. 2 күн

болдық. Өзімнің шынымды айтсам, Бурабайды бірінші рет көруім. Көніл көтеріп, әндегіп, рахаттана дем алып қайттық. Кейін осыны жыр қып айтып жүрдік. Менің балаларым ол кезде тіпті кішкентай болатын. Соған қарамастан, 2 баламды ертіп, мен де барып келдім, ұжымнан қалмай.

Аға менің ән айтқанымды жақсы көретін. Жолшыбай үйге келгенше, ән айтқызып келді.

Ағамыз отбасының да қадірлі азаматы еді. Роза тәтеміз де сол жолы Бурабайда бізben бірге болды. Ағаны өмір бойы сыйлап, “Ғалекен” деп сөйлейтін. Әр сөзінен, қимылынан ағаға деген ерекше ілтипаты, жар жарастығы сезіліп тұратын. Осы жолы да ағаға мейірлене қарап отырған сәтінде біз де:

-Тәте, ағаны әлі қүнге дейін жақсы көресіз бе? – дейміз әзілдеп.

-Тәтеміз болса:

-Что ты, ағандай адам редкость, - деп шын жүрегінен айтушы еді.

Бүгінгі күні үлкен азамат болған Қайрат та өз мектебімізде оқыды. Жақсы оқыды. Жақсы білім алып, институт бітірді. Балалары да әкелеріне тартып, тәрбиелі, ақылды болып өсті. Осыдан 2 жыл бұрын Қайрат маған дизайндық жаңа үлгіде қазақ тілі кабинетін жасауға демеушілік жасады. 80 мын тәңгені қолыма беріп тұрып:

-Тәте, өзім оқыған алтын ұяма көмегім – осы, - деді.

Тектінің тегінен шыққандығын осылай дәлелдеді.

Мектебіміздің 75 жылдық мерейтойына келгенде, ағаның алдынан шығып, кабинетімді көрсеткенде, қатты қуанып қалды.

Мектебімізден кеткеннен кейін де араласымыз үзілген жоқ.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, тіпті шығармашылықпен қатты айналысты.

Бір күні Ленин көшесімен (қазіргі Қазақстан Конституциясы) келе жатыр едім. Қолында сары портфелі бар аға алыстан танып, құлімсіреп келе жатты. Кездесе салысымен, бірден портфелін ашып, кітабын алышп шықты.

“Аңсаған менің ауылым” осылайша менің қолыма тиіп еді.

- Ауылымыздың түтіні бір, Әлия, ауылды ұмытпа, бәріміз де ауылдан шықтық қой, - деді. Сөйтіп, “Жиенім Әлия Фалымқызына”, - деп автограф жазып, - әрі қызымысың, әрі жиен қарындасымысың, - деп ұсынып еді. Кейін Қайролла Мұқанұлы екеуі Алматының “Арыс” баспасынан “Шал ақын” атты кітап шығарды. Мектепке шақырып, оқушылармен кездесу өткіздік.

Екеуі егіз қозыдай бірге жүруші еді. Екеуі де - өмірдегі ұстаздарым, тәлімгерлерім болды, - деп есептеймін.

Тіпті соңғы жылдары “Солтүстік Қазақстан” газетіне тың деректер жазып, тарихи тұлғаларға байланысты зерттеу жұмыстарымен де айналыса бастады. Бірнеше кітаптар шығарды.

Бірде тағы да солай көшеде кездесіп қалдық. Немерелерін сабактан алышп келе жатыр екен.

Мен:

- Аға, кітапты сартылдатып шығарып жатырсыз, байып жатырсыз ғой, - дедім ақырын әзілдеп.

- Ә, ә, байып жатырмын ба, әлде ақшаның бәрі сол кітапқа кетіп жатыр ма? - деп рахаттана құліп алды.

Осыдан 2 жыл бұрын 70-ке толды. Мен ол кезде ауырып, ауруханада жатыр едім. Өзіміздің мектепте мерейтойын өткізді. Сонда айтқан сөзі бар екен: “Өмірімнің мәні де, сәні де – қазақ интернаты, ол мектеп бәрібір маған ыстық орын”.

Жайдары, түріне қарасаң – 70-ті бермейтін асыл ағамыз өмірден тез қетті. Естігенде, төбе шашымыз тік тұрды. Өмірі ауырғанын естіген емеспіз. Қабырғамыз қайысты. Амал қанша...

Өмірдегі тәлімгер ұстазым, елдес аға, басыма баспана әперген қамқоршым, мені жақсы мұғалім қатарына қосқан асыл директорым, жатқан жерің жайлы болсын! Иман байлығын берсін!



*Әлім Қадірәліұлы ШЕГЕНОВ,
інісі*

АРДАҚТЫ АҒАМЫЗ

Ардақты ағамыз Қадірәліұлы Ғалымның бұл дүниеден өткеніне бес айдан артық уақыттың жүзі болды. Уақыт дегенің тез зымырап өтіп барады. Ағамыз Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы (бұрынғы Октябрь) Ыбыраев ауылында 1936 жылы апрель айында туған еді. 1944 жылы Ленин орта мектебінің бірінші сыныбына окуға барып, 1954 жылы сол мектепті бітіріп шықты. Мақсаты жоғары оқу орына түсіп, бір мамандық иесі болуды

армандаған еді. Ол ойын әкемізге айтып еді, оған әкеміз қарсы болған жоқ. Өйткені әкеміз ақылды аздаған сауаты бар, көргені қөп, Ғалымның оқып, білім алғанын тәуір көрген еді. Ол кезде сыртқа шығып, білім алған азаматтар бірлі-жарым болатын.

1954 жылы Қарағанды қаласына келген болатын. Барлық құжаттарын Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне тапсырыды. Онда конкурс көп екен, бір орынға 8-9 адамнан. Өзінің бағын сынау үшін соған бел байлайды. Емтиханды ойдағыдай тапсырып; оқуға түседі. Өзімен бірге оқуға барған бес-алты жастар түгеллімен конкурстан өтпей, елге қайтып келді. Сол институтты 1959 жылы ойдағыдай бітіріп, Шахтинск ауданындағы № 32 қазақ мектебінің физика-математика пәнінің мұғалімі болып орналасады. Содан кейін көп ойланbastan түгел семьяны Қарағандыға көшіріп алушы ойлап, әкеме бірден хат жазады. Ондағы айтқаны мені және қарындасым Сараны оқыту. Әкем көп ойланbastan бірден көшеді. 1959 жылғы Октябрьдің аяғында бізді Қарағандыға көшіріп әкелді. Сараны училищеге, мені шахтыға орналастырыды. Сара училищені бітіріп, жұмысқа орналасты.

Ғалымның әрнәрседен өнері бар еді. Ол әсіресе домбыраны жақсы тартатын. Ол институтта оқып жүргендеге домбыра үйірмесіне қатынасып, сонда үйренген. Институтта домбыра үйірмесін атақты домбырашы Әзидолла Есқалиев басқарады екен. Ол бірінші күннен бастап музыка ноталарын үйретеді. Сол нота бойынша көптеген күйлерді тартып машиқтанады. Қарағанды облысының Жаңа-Арқа ауданының орталығы Атасуға педагогикалық-практикаға барады.

Әрбір студенттерге әр түрлі жұмыс тапсырады. Сонда Галым сабақ берумен бірге домбыра үйірмесін ұйымдастырады. Оқушылар домбыраны әжептәуір үйреніп қалады. Сондай оқушының біреуі Мағзұмов Жақсылық педагогикалық институттың Химия және инженер факультетіне түскен еді. Ол да жақсы домбырашы болды. Әртүрлі конкурсқа қатынасып, жүлделі орындарға ие болды. Кейін халықаралық конкурстағы жетістіктерін бағалап, оны Польшаға, Венгрия мен Румынияға жіберді. Олардан да жүлделі орын алғып келді. Ол қазір Астана қаласында тұрады.

Ғалым мектепте жұмыс істеп жүргенде Калинин атындағы шахтаның клубында домбыра үйірмесін ұйымдастырды. Оған мен де қатынастым. Бірақ біз онда көп болған жоқпыз. Әйткені Ғалымды Шахтинск ауданының мәдениет клубының директоры домбыра үйірмесін ұйымдастырыңыз, деп шақырып алғып кетті. Онда екі жылдан артық жұмыс істеді. Олар Қарағанды филармониясына да бірнеше рет концерт қойды. Алғашқы орындаған күйлері: халық күйі “Келіншек”, Құрманғазы күйі “Сарыарқа”, Дина Нұрпейісованың күйі “Әсем қоңыр”. Кейін Құрманғазының “Адай” және “Кісен ашқан”, Дәuletкерейдің күйлерін, Тәттімбеттің “Сылқылдақ” және Динаның “Бұлбұл” деген күйлерін оркестрде орындап жүрді.

Ол қандай жұмыс болмасын бәріне де уақыт тауып, толық орындауға тырысатын. Сөйтіп, жүріп мені де оқуға түсуге үгіттеп жүретін. Әкейге айтып мені де көндірген болатын. Содан кейін менің де оқуға түсііме тұра келді. Мен бір курсты бітіргеннен кейін, осы Қызылжарға көшіп келген болатын. Кейін Қарағандыға оқуға түсуге елден

жігіттер келе бастады. Оларға қатты қуанып қалатын. Келгенде оларды вокзалдан тосып алып, үйге алып келетін. Бірге барып, институтқа құжаттарын тапсырып, емтихан біткенше солармен бірге болатын.

Ол Ебіней Бекетовпен көп қатынасып жүрді. Бірде ол Ебінейдің қарамағында жұмыс істегісі келетінін айтып келді. Ол кезде Ебіней Химия-металлургия институтының директоры болатын. Бірде Ебінейдің кабинетіне барса, кабинетте бір бөтен адам отыр екен – дейді. Амандастып болғаннан кейін, Ебіней Фалымды таныстырады. Бұл жігіт менің немере-інішегім еді. Осы жігітті өзіме қызметтес етіп, алғым келеді, дейді. Сонда барлай Фалымды қарап шығып, несі бар – мұндай жас жігіттерді көптеп тарту керек, - дейді. Ол кейін білсе, атақты ғалым, академик Қаныш Сәтбаев екен. Фалым оны ортадан жоғары, қалың шашты, жүзі жылы, кісіге мейірлене қарайтын биязы жан екен, - деп айтқан еді.

Фалым әрқашан да кісілерді жақын тартып, оны өзінің бауырына тартып алатын. Олардың жағдайын сұрап, шамасы келгенше көмектесіп, қол ұшын беруге тырысатын. Алғашқы қызым он жылдықты бітіргеннен кейін, мен қалаға окуға түсуге жіберген едім. Оны автовокзалдан тосып алып, үйіне алып келеді. Содан қайда окуға барасың? – деп сұрайды. Қарағандыға барам – дейді. Жарайды, мен өзім апарам, содан кейін белгілі болады. Өйткені онда қарындасты Сара, балалары бар. Алды институтты бітірген, қызмет істейтін.

Қарағандыға келген соң, политехникалық институтқа келіп, құжаттарын тапсырып, жатақханадан комната алып,

сонда орналастырады. Емтиханды ойдағыдай тапсырып, студент болады, оны жақсы бітіріп шығып, технолог мамандығын алады. Қарағандыда жұмысқа орналасады. Қазір ле соңда істен жүр. Қызметі жақсы. Кейінгі балаларым да институтты бітіріп, қызметтерін істеп жүр. Міне, осылардың бәріне де қол ұшын берген еді.

Бірде Семей қаласына командировкаға барды. Жұмысын бітірген соң вокзалға билет алуға барып, билеттің кезегінде тұрғанда, жанынан бір қария мен әйел бірде былай, бірде былай өтіп, ерсілі-қарсылы жүргенін көреді. Жүздеріне қараса қайғылы, мұнды, екен. Соларға барып сәлем береді. Жөн-жосығын сұрайды. Шал жыламсырап, қарлыққан даусымен жөнін айта бастайды. Кішкене немерем осы Аягөз маңында әскерде, әскери міндетін атқарып жүргенде, мезгілсіз опат болды. Мына жанымдағы келінім еді. Сол баланың денесін осында алып келген едік. Елге апарайық – десек осының жөн-жосығын білмей, ана есікке, мына есікке барып, осыны поезға салуға билет ала алмай жүрміз. Билет беретін түрі жоқ. Кімнен сұрарымызды білмейміз. Онда аксақал менімен жүріңіз. Вокзал бастығына кіріп шығайық дейді. Кабинетке кіріп, бастығына мән-жайды түсіндіріп, поезға орналастыруын өтінеді. Телефон шалып еді, бір жігіт кіріп келді. Оған бәрін түсіндіріп, осы кісілерді орналастырып, содан кейін өзіне толық баяндауын ескертеді. Екеуіне және өзіне билетін алып, екеуін поезға мінгізіп салады. Шал мол алғысын айтып, жүріп кетеді. Елге барғанда да ағайын-туғандарға бірін қалдырмай кіріп шығатын. Оқитын балалары болса, оларды №2 қазақ мектеп-интернатына оқуға алғызыатын.

Ауыл адамдары да оны өте қатты сыйлайтын. Сондай бауырмал, кішіпейіл ардақты ағамыздан осылай тез айырылып қаламыз деп кім ойлаган. Сізді ойлагаш кезде іші-бауырмыз елжіреп, қатты қайғырамыз. Алланың ісіне не қайран қыламыз. Тағдырдың жазғанына көнбеске қандай шара бар, көнеміз де... Тек Алладан тілейтініміз иман байлығы, тәнірдің шапағаты жаусын. Кейінгі қалған бала-шагаларына бақыт пен баянды ғұмыр тілейміз.



Данағүл ҚУАНДЫҚОВА

ЖАҚСЫ АҒА

Бұл естелікті жазар алдында көп ойланып, көп мәселені қайта қарастыруыма тұра келді. Себебін бір парақ қағаз бетіне сыйғызу қыын ба деймін. Ойлап қарасам, менің мен болып қалыптасуыма ата-анаммен бірге Қадірәлин Ғалым ағамның үлкен үлесі бар екен. Ең бастысы, мұғалімдік мамандықты таңдауымның өзі жақсы ағага ұқсағым келгендейімнен туған арман болса керек. Бала кезімізден есімде қалғаны, Ғалым аға елге келгенде әр үйді, әр отбасын десем артық болмас, қуанышқа толы жақсы көңіл-күйге, шаттыққа толтыратын. Себебі бұл кісі елдің үлкені мен кішісін жасына, лауазымына қарамай бауырына тарта білді. Балалық көңілмен «Осы кісі қалайша біздің аттарымызды ауыстырып алмайды?» - деп таңырқаушы едік. Алдынан шыққан, сәлем берे келген әрқайсымызға ағалық ақыл-

кенесі, туыстық жанашыр сөзі, достық қолдауы мен кең пейілді ашық жүргі дайын болатын.

1989 жылы Ғалым ағам бітірген қасиетті қара шанырақ, Ленин орта мектебін аяқтап, үлкен өмірге аттандық. Көкшетау қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын осы ағамның көрегендікпен берген ақылымен таңдаған едім. Сол жылы Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған еді. Қазақ тілі мен әдебиетінің болашағын айқын түсінген асыл аға біздей жас буынға осы саладағы мамандардың керектігіне, елдің болашағы тілді білетін ұрпақ қолындаған болмақ екендігіне көзімізді жеткізе білді. Сөйтіп, 1995 жылы өзім сияқты Солтүстік Қазақстаннан жолдамамен оқыған тоғыз адам елге қайта оралдық. Мен ол кездегі Петропавл педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасына жұмысқа қабылдандым.

Сол жылы қазақтың біртуар ұлдарының бірі академик Ебіней Арыстанұлы Бекетовтің 70 жылдық мерейтойы облыс көлемінде атап өтілетін болды. Ғалым ағаның ұйымдастыруымен Е. Бекетовтің қоғамдық қоры, ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған мұражайы ашылды, облыстық ғылыми-техникалық кітапханаға академиктің аты берілді (кейін қаланың орталық көшелерінің біріне Е. Бекетов аты берілді). Осындай игілікті де ауқымды істердің басы-қасында болып, оның он нәтиже беруінде Ғалым ағаның еңбегі зор. Е.Бекетовтің мұражайына қажетті материалдарды бір шеті Қарағанды мен Алматыдан тірнектеп жинап, жаяулап тасымалдады десек артық

айтпаймыз ғой деп ойлаймын. Е.Бекетов мұражайын ұйымдастыру барысында ғалымның әдеби, мәдени еңбектерін сараптау маған тапсырылды. Академиктің аталмыш шығармаларын қарастыру кезінде, әдеби еңбектеріне деген қызығушылықтың туындауы оның қазақ әдебиетіндегі алар орнын айқындал, шығармашылығын көпшілікке танытып-таныстыруға қатыссам деген тілекпен үштасты. Сөйтіп, 2000 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.О. Есембековтің жетекшілігімен «Е. Бекетовтің әдеби және мәдени мұралары» атты диссертациялық жұмыстың тақырыбы бекітілді. Бұл да Ғалым ағаның тікелей қатысуымен жүзеге асқан игілікті істің бастамасы еді.

Ғалым аға академик Е.Бекетовке қатысты кез келген ақпаратты қалт жібермей, Петропавл мұражайына жинақтады. Осы орайда көптеген әріптестеріме қарағанда менің жолым болды дер едім. Өйткені библиография жинақтап, оны іздестіріп, топтастыру кезінде мен көп қиналмадым, ғалымның маған қажетті әдеби мұраларын Ғалым аға бір жерге топтастырған еді.

Бұл ғылыми жұмыс 2007 жылы 30 қарашада қорғалады деп жоспарланғанын естігендегі Ғалым ағаның жас балаша қуанғанын бір сөзben айту қын. Қорғауға өзі қатысып, қолдау көрсетпекші еді. Мұның өзі аса бір кісліліктін, адамгершіліктің биік тұғыры деп білемін. Шындығына жүгінсек, өз басым Ғалым ағама қатты қарыздармын деп сезінем. Қайда жүрсек те бізді көзінен таса қылмаушы еді. Кездесе қалғанымызда хал-жағдайымызды сұрап, жаны қалмайтын. Кейде араға көп уақыт салсақ, ізден отыратын.

Елден сағалап келген алысты-жақынды ағайынның, оқушыларының, тіпті үш қайнаса сорпасы қосылмайтын кісілердің балалары да Ғалым ағаның үйіне келіп тұратын. Солардың бәріне де уақыт тауып, Роза тәтеміз бар дәмдісін ұсынып, дастарқан жасаса, Ғалым аға жазып отырған жұмысын тастай салып амандық білісуге асыратын.

Ғалым ағаның ісі қандай болса, ішкі жан дүниесі де бай еді. Қасында жүрген адамдарға қамқорлық жасауға әрдайым әзір тұратын. Жалғыз мен емес, бүкіл ауылдың балалары ағамыздың мейірбандық шуағына бөлөнгенімізді айтпай кете алмаймын. Өзінің алдындағы аға-апаларының, жолдасжораларының адамгершілік қасиеттерін айтып, ризашылығын білдіріп отыратын. Данқты жерлестеріміздің мерейтойын ұйымдастыруда ұйытқы болып жүретін. Ол ғылым, мәдениет, рухани дүниедегі замандастарын құрметпен еске алушы еді. Ол үшін ұсак-түйек деген болмайтын. Мейлі ол ғалым, жазушы, жұмысшы, зейнеткер болсын, өзі арапасқан адамдарды қатты сыйлайтын. Осы тұрғыдан Ғалым ағадан үйренерлік өнеге көп болатын.

Жақсылар «жақсымын» деп айта алмайды,

Жамандар «жақсымын» деп айқайлайды.

Жүрген соң ағаларды құнде көріп,

Таулардың биіктігі байқалмайды.

Ар-ождан тазалығы, үміт пен сенім беріктігі, қуаныштың шынайылығы, қайырымдылық пен мейірімділік, бар ағайынның жағдайын ойлау, өмірсүйгіштік, мандай терін тәгіп еңбек ету – бұлардың барлығы Ғалым ағаның даналық қырлары деп ойлаймын. Осындай асыл қасиеттерге ие

ағаның дарыны дара, танымы сара болмақ. Бұл – адамгершіліктің, даналықтың басты белгісі емес пе?

Жетпіс жылдық мерейтойында Ғалым аға тіпті жасарып кеткендей әсер қалдырды. Әзіл-қалжыны жарасымды, әңгімешілдігі бұрынғыдан да басым түскендей болып көрінді. Қазір ойласам, елге бергенінен берері көп асыл аға сол істерін аяқтауға асықса керек.

Ардақты әке, жанашыр ағайын, абыройлы ұстаз жүріп өткен жолының ұлағатын жастар тағдырында терең із қалдыратын саладан таба білген, соны аса бір таза, кіршіксіз мәдениеттіліктің, кісліктің, адамгершіліктің биік тұғырына көтере білген аға тұлғасы күннен күнге асқақтай түсетіні даусыз.

Менің түсінігімде, Ғалым ағаның өзіне табиғат берген асыл қасиеттеріне сай өмірі рухани, адамгершілік жағынан биікте болды.

Сонғы жылдары Ғалым ағамен жақын қарым-қатынаста болғандықтан болар, оның ішкі ой толғаныстары мен қарапайым адам ретінде пікірлерін әркез естіп, ұғына отырып, мен осы бір азаматты барын бағалай білетін, өзінде жоққа көзін сатпайтын, жақсының қасиетін қадірлей білетін, адам табиғатының тереңіне үңіліп, тұнығына бойлайтын сезімталдығын сезіндім. Басқаның қуанышын өз қуанышындағы қабылдап, өзгенің басына түскен қындықты өзінікіндей көріп, бірге бөлісу – бұл тек Ғалым агадай слідің біртуар азаматтарының ғана бойына дарыған қасиет, болмыс.

Халық : «Дүниеде өлмейтін, өшпейтін екі-ақ нәрсе бар. Оның бірі – ғалымның хаты, екіншісі – жақсының аты» , - дейді. Ағаның хаты да, аты да мәңгілік деп ойлаймын. Топырағы торқа болсын...

ОН ПО-ПРЕЖНЕМУ С НАМИ

Многие знают, что судьба может быть жестокой и изобретательной на неприятные сюрпризы, бывает, что суровый ветер перемен завоет волком на дороге под названием “жизнь”, низкие тучи закроют солнце, кругом тьма, а из-за колючего, слепящего снега не видно тех, кто протянет руку и не даст провалиться в пропасть.

Но где-то там горит родной огонек очага, очага, который ласково обогреет и разгонит мрак. Для меня таким лучом света всегда был и останется дом моего деда – Галыма Кадрлина.

Вспоминаю… Просторная светлая комната, залитая светом, у самого окна – стол, заваленный книгами, блокнотами, фотографиями. За столом сидит пожилой человек и сосредоточенно что-то пишет. Захожу и громко здоровуюсь. В мою сторону молодо взглянули из-под очков добрые, проницательные глаза, а широкая, открытая улыбка вновь дает мне понять, что я здесь самый желанный гость и буду окружен заботой и вниманием, как ребенок. Человек за столом – мой дедушка. Он откладывает все свои дела и начинает меня расспрашивать: как прошел учебный день, как прошло мое выступление в КВН, скоро ли у меня сессия, дедушку интересует каждая подробность. Голос у него громкий, мощный, даже не верится, что такой голос может

быть у человека, за спиной которого более семидесяти лет нелегкой жизни. Затем дедушка приглашает меня попить с ним чай.

Дедушка. Сколько родного тепла в этом слове!

Дедушка был на редкость хорошим собеседником и мог поддержать любую тему разговора, даже с детьми он разговаривал как с взрослыми. Вместе с тем, ведя беседу, он давал понять человеку, кто бы он ни был, что в данный момент дедушку искренне интересуют его проблемы, и он постараётся помочь решить их, к нему всегда можно было обратиться за советом и быть уверенным, что дедушка подскажет правильное решение. Насколько я помню, он ни разу ни на кого не повышал голос, со всеми был одинаково приветлив. Он никогда не был завистливым, жадным, мелочным, в его доме часто бывали гости, а успех любого радовал его искренне. Все это помогло ему добиться успеха и высокого почета, в частности, в педагогике. Прекрасный знаток истории и традиций казахского народа, дедушка внес большой вклад в развитие науки Казахстана, собрав огромный материал, он заново пробудил интерес к культуре казахов, к таким личностям, как Токсан би, Кожаберген жырау, Евней Букетов, Баймагамбет Изтолин и многие другие. Да, во многом его судьбу определило то, что дедушка всегда оставался патриотом своей большой и малой Родины. Он любил, оставив шумный город, приехать в родной аул, пронестись верхом на скакуне по степи, вдохнуть ее знакомый пьянящий аромат или же тихо посидеть с домбрай на берегу родного Ишима в прохладе белых берез.

Дедушка никогда не был стариком. Он всегда излучал энергию, внутри него постоянно горел огонь, он никогда не сидел без дела, и других он также заставлял действовать, не сидеть сложа руки. Он всегда был занят в командировках, на собраниях, но всегда уделял достаточно внимания близким, успевал сделать нам приятное, сказать теплое слово. А чувство юмора, каким он обладал, нечасто встречаешь даже среди молодых. Разве не таким должен быть настоящий мужчина?

И вот теперь его с нами не стало... До сих пор не могу поверить в это. Высох корень, питавший молодые зеленые ветви, подломилось крыло, заботливо укрывавшее птенцов от холода. Нет, он по-прежнему с нами, он по-прежнему жив в сердцах его родственников, друзей, близких, благодарных учеников и на страницах его книг.



ІЗГІ ЖАН

Осы уақыт ішінде құдай қосқан қосағым, асыл жарым, балаларымның арқа сүйер аскар тауы Галекен туралы естелік жазам деп ойламап едім... Енді ойласам, сонау жас кезімде Қарағандыда кездескен уақыттан бері қызығы мен қуанышы, қыншылығы да бар өмірімде Галекендей отбасына болсын, ағайынға болсын, дарқан да кенпейіл, бауырмал да ақжарқын, көвшіл, жанашыр адам кездестірмесем керек. Достыққа адал, туысқа жанашыр жан отбасында да жақсы әке, асыл жар бола білді.

Сонау сұрапыл 1936 жылы дүниеге келген Галекеннің балалығы да, жастық шағы да алаңсыз, бақытты болды деу қиын. Соған қарамастан, балаларының үлкені, езінің қолқанаты болғанымен атамыз Қадірәлі Галекенді оқудан қалдырмайды. Ұрпағының көзі ашық, көкірегі кен, болашағының жарқын болуына бар жан-тәнімен атсалысады. Сөйтіп, Галекен Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетін аяқтап шығады.

Еңбек жолын Қарағанды қаласындағы №32 мектепте бастады. Кейін елге көшіп келгеннен соң да өз мамандығы бойынша қызмет істеді. Тіпті, зейнеткерлік демалысқа шықкан уақытта да үйде тыныш отыру Галекене жат мінез еді.

Отбасындағы шаруашылықты әйелдікі немесе ер

адамдікі деп бөлмейтін. Осы мінезін балаларға, кейін немерелерге де дарыта білді. «Қара қазан қайнаса, баршаңа ортақ», - дейтін марқұм. Балалардың кез келген сұрағына ерінбей-жалықпай, нақтылы мысалмен, кейде тіпті ғылыми негізден түсіндіруге тырысатын. Бала санасына түсінуге қыын ғой деген қарсылыққа «Кез келген сұраққа нақты, дәлелді жауап беру керек. Өйтпеген жағдайда бала оны қайдан біледі», - деуші еді. Шындығында да, әкелерінің еңбегі зая кеткен жоқ, балаларымның бәрі де жоғары білімді, өз сүйген істерінің мамандары болып шықты.

Ойласа ойынан, сөйлесе тілінен, істесе қолынан келетін асыл Ғалекең аруақты елдің ұлы, қасиетті жердің перзенті еді. Сол қасиетті топырақтың киесі ұрпағына да дарысын деп, қолы қалт етсе балаларын ертіп ауылға барғанды ұнатушы еді.

Қай жерде болмасын, Ғалекең дастарқан басында көңілді, жүзі жадырап отыратын, күлкілі сөздер, қысқа да қызық әңгімелер айтып, дастарқанның сәнін келтіретін. Ал көвшілік арасында жарқырап көзге түсіп, нұр жүзінде абзалдықтың, адалдықтың, сырбаздықтың, сымбаттылықтың белгілері, көвшілділігі, қогамшылдылығы айдан анық көрініп тұратын. Жігерлі, рухы аса биік, жаны таза Ғалекең адамға деген мейірімділігі мөлдір, сезімі сәулетті, мейілінше қарапайым жан болатын. Өзінің тиянақтылығымен, алғыр зердесімен, кең пейілділігімен, адамгершілік биік тұлғасымен, тынымсыз еңбегінің арқасында абырой – беделге бөленді. Осы мінезін өз балаларына да, оқушыларына да, ағайынның балаларына да дарыта білді деп ойлаймын. Себебі, демалыста үй іші студенті бар, оқушысы

бар жастарға толы болушы еді. Ең алдымен оларға жақсылап тамақ әзірлеуімді өтінетін. Әсіресе алғаш рет қалаға келген балалардың үйін, ауылын сағынатынын естен шығармай, оларға мүмкіндігінше қамқор болуға тырысатын. Бұл бір жағынан жай қамқорлық қана емес, жастардың бір нәрсеге деген қызығушылығын да тудырып, оны дамытып отыруды әдетке айналдырып кеткен. Керек десеңіз – тарихшы да, әдебиетші де, философ та бола алатын. Менің бұл пікірім мен кез келген адам келіседі ғой деп ойлаймын.

Кейін немерелеріміз туғандағы Ғалекенің қуанышын сөзben айтып жеткізу мүмкін емес. Олардың әрбір қылышын, алғашқы қадамын, сөзін зор қуанышпен, мағтанышпен айтушы еді. Кішкентай баланың кейбір тентек мінезіне «Айналайын баладаннан» басқа бөтен сөз айтпайтын. Балаға кеюді, дауыс көтеруді білмейтін. «Маған әкем ұрысқан жоқ, мен балаларыма ұрысқам жоқ. Одан жаман болдық па? Балаға не нәрсені байыппен, дауыс көтермей айту керек», - дейтін. Бұл оның шын мәнінде табиғатынан педагог адам екендігінің айғағы емес пе?

Ғалекенің арқа тірегі – тынымсыз еңбек еді. Жастайынан бос уақытын тиімді пайдаланып үйренген ол сәл қолы босай қалса қағаз жазып, ылғи жұмыс үстінде болатын. Осылайша, тал бесіктен жер бесікке дейінгі бар ғұмыры еліне, ағайынға қызмет етумен өтті.

Ажал деген өмірдің тозбайтын заңдылығы бар, одан қашып құтылар пенде жоқ. Ерте ме, кеш пе өлшеулі өмірді екі аяқты пendenің қайсы болсын тастан кететінін, эрине, мойындеймыз. Бірақ ... Еңбектеген жас болмаса да еңкейген кәрі емес, әлі де еліне берерін беріп, еңбегінің жемісін көріп,

немерелерімен бірге жүре тұрармыз деп ойлаушы едім. «Ажал айтып келмейді», - дейді ғой. Айналасы бір ай ішінде сендей соғылысып, жапан далала жалғыз қалғандай күй кештік. Осында тұған-туыстар, дос-жолдастар, Ғалекенің окушы-ізбасарлары, мойытып кеткен қайғыға ортақ болған барлық азаматтар болмаса не жағдай болар еді. Елдің барлық азаматтарына үлкен құрметпен, шын көнілмен ризамыз. «Аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады», - деген халық даналығы.

«Жақсының өзі кетсе де, сөзі өлмейді». Ғалекенің артына қалдырыған зор еңбегі болашақта елдің игілікті істерінде жалғасын табады деп үміттенемін. Артында қалған ұрпағы бақытты болып, әкелерінің, аталарының есімін өшірмей, еңбегін, жүріп өткен жолын ілгері апарар деп сенемін. Себебі, шамынды сөндірмейтін, ошағынды өшірмейтін солар.

Тілім тасқа, балаларым отбасының тату тіршілігін, әке қамқорлығын, немерелерім әз аталарының дарқан мінезін көріп, аялы алақанын сезіп, ұлғі ала алды. Әрине, мен үшін арқа сүйер асқар тауым, болашаққа апарар аманатым, бақыттымның кепілі Ғалекемнің орны бөлек еді ғой. Казірде орны ойсырап қалды. Балалар, ағайын-тұғандар жоқтаптауға тырысып-ақ жатыр. Тәубә.

Жаның жаннатта болсын ...



ЖАН - ӘКЕМ, НАР - ӘКЕМ!

Әттең, ақын емеспін! Әйтпесе, әкем жайлы жыр жазудан жалықпас та едім. Әкеге деген перзенттік парыз, балалық махаббат – ұлы құбылыс. Әкені әке болғаны үшін ғана емес, оның өз өміріңе, адам болып қалыптасуыңа жасаған иглігін ардақтаған соң да жаншуағына шомылған жылы лебіз арнайсың ғой.

Мен де өз әкем – Ғалым Қадірәліұлына мәңгілік бас иіп, мақтан тұтамын. Мен ес білгелі әкемнің зор өнегесімен өскенімді бір ғұмырлық ғанибетім деп білемін. Әкемнің өмірі дауыс көтеріп, біздің – балалардың көзінше зекіріп, ашу шақырып сөйлегенін естіген емеспін. Әрине, ашуланбайтын, кейістік білдірмейтін адам болмайды ғой. Соның өзінде ол бәрін алдымен ақылға жендіретін.

Әкем әзілқой, тапқыр адам еді. Ашуланатын, дауыс көтеретін жердің өзінде ақылына жөн беретін. Ол ұстаз болғандықтан да осы қасиетті бойына дарыта білді деп ойлаймын. Біз отбасымызда өте тату-тәтті болдық. Анам екеуі үнемі үлгі көрсетуге тырысатын.

Ол кісі кітапты көп оқыды. Қазактың да, ғаламның да ғұламаларын көп оқып, көп тоқыды. Облыстық қазақ мектеп-интернатында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет істегендеге де, кейін осы оқу орнын басқарғанда да өзінің жолдас-жораларына астамшылық көрсетпей, тіл табысып, ақылдасып, кеңесіп шешіп, келісті қорытынды жасай біletін.

- Балам, сені қазақша оқуға беремін. Қазақ мектебін бітіргендер далада қалып жатқан жоқ. Сондықтан бәрі өзіңе байланысты екенін есінде сақтай біл, - деді ол мен мектеп табалдышырын аттар кезімде.

Рас, сол жеті жасар шағымда мен бұл сөздердің терен мәнін бірден үға қойдым демеймін. Бірақ, әкем нақ осындай ақыл айтқанын білемін.

Өзі қызмет істейтін мектеп-интернатқа оқуға бергенде маған ерекше бір артық жағдай жасау деген ойында болмады оның. Есейе келе оған шағыну, біреуді жамандau – бос әурешілік екенін сездім. Ол менің бұл піфылымды теріске шығарар еді.

- Қайрат, қазақта “Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз кірпіш қорған емес” деген сөз бар. Немесе “Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас” дейді біздің бабаларымыз. Сондықтан, жолдастарың мен достарың көп болсын. Оларды сыйлай біл. Әркім сыйлағанның құлыш болады. Сыйластық пен жарасым – бірліктің бастау-бұлағы іспетті. Ұлы Абайдың қарасөздеріне бір сәт үңілші. “Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас” дейді ғой ұлы данышпан. Осы сөзде қаншама мән-мағына бар, ойланышы – деді бірде.

Рас екенін кейін білдім. Әкем көп ретте ұлы ақынға көніл көзін салып, оның өлең-жырларын ой тереңіне жеткізетін.

Ол кісі менің оқуға алғыр екенімді сезіп, керемет риза болып жүретін. Балалардың бәрі де осылайша оқыды. Онымызды аса мақтаныш көріп, көнілі өсіп отыратын. Бірақ, директордың баласы деген астамшылықсыз, әділ бағалар қойылуын талап ететін.

- Жалған баға жақсылыққа апармайды. Өмір бойы

астамшылық жасау мүмкін емес және оның зиянынан басқа, пайдасы да жоқ. Өз талантыңа сай білімінді айғақтауың керек, - деп үнемі ақ жолға ғана сенетінін біз де құптап өстік.

Әкемнің бір ғажап қасиеті – керемет көпшіл болды. Үйімізден қонақ арылмайтын. Ауылдағы ағайын-туғандардың бірі келіп, бірі кетіп жатса да ешкімге, еш уақытта қабақ шытып, тарылып көрген емес. Есігіміз жабылмайтын десем, жалған емес.

Оның үстіне ол зиялы, білікті адамдармен дос-жар болды. Қазақтың ұлы әншісі, ақыны Біржан салдың:

Біреумен ер көңілді жолдас болмақ,

Өзіңнің бойға біткен пиғылыңнан, - деген өлеңін жиі айттып отыратын.

- Өзіңнің пиғылың дұрыс болса, сенің достарың да, жанашырларың да көп болады. Тарылып отырсаң – су бармайтын көлшік құсал, құргап, семіп қаласың. Сені ешкім қаперіне де алмайды, қысылғанда қол ұшын да созбайды – дейтін еді әкем.

Ол өзі мектепте бірге оқыған досы, неміс халқының көрнекті жазушысы, қазақтың да кеңіпейілді досы Герольд Бельгермен өмірден озғанша дос болып кетті. Герольд ағаның әкеме деген пейілі ерекше екенін оның мына лебіздері де айғақтаса керек:

“Қадірліұлы Ғалыммен дәл қай күні танысқаным есімде жоқ, бірақ 1942 жылдың сәуірі болар деп шамалаймын.

Бір ауылда өстік, бір мектепте оқыдық. Есіл өнірінің төл перзентіміз. Көк талды ат қылып мініп, шаңды бүркыратып, үй айнала шабатынбыз. Менің неміс, оның қазақ екенін ол

кезде білмейтінмін. Жылдар өте екеуміз де қазақ болып шықтық.

Алпыс төрт жылдан бері доспыш. Сол кездегі жалаңаяқ қазақ досым, ауылдасым – Ғалым бүгінде елге танымал ағартушы, өлкетанушы, бірнеше кітаптың авторы, шоқтығы биік тұлға – қадірлі Ғалеке атанып, 70-ке толып отыр. Ғажап!

Мерейің ұstem, ғұмырың ұзақ болсын, бауырым! Құшактадым, сүйдім! Өзінің Гераң (Герольд Бельгер)».

2006 жылды әкем жетпіс жасқа толғанда жансаялы осындай жылды лебіз арналып, қадірменді қонақтар алдында оқылғанда төбем көкке жеткендей болып едім.

Білгендер әкемнің заманымыздың зиялды атакты ғалым, академик Ебіней Бекетовпен достығын жыр қылып айтады. Мұндай зиялды жанға жолдас болу - әркімге бұйыра бермейтін бақыт қой. Ебіней Арыстанұлы да әкемнің кішіпейілдігін, достыққа адалдығын, жан-жомарттығын жоғары бағалап, он жас үлкен болса да теңіне балағты.

Әкем Ебіней ағасының алдындағы інілік борышын орындаған да білгенін мен мақтан етемін. Зейнет жасына толғанының өзінде ол қол кусырып отыра алмай, 1995 жылды Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жанынан Бекетовтің мұражайын ашты. Университет ректоры Ғалым Мұтәнов әкемнің бұл қадамын дұрыс деп танып, көп көмек берді. Әуелі ғылыми-техникалық кітапханада 1995 жылдың қазан айында мұражайдың салтанатты тұсауекесері болып, арманда кеткен академиктің өмірлік ақиқаты қайта тірілді.

Ол мұнымен де тынбай, 2001 жылды ақпан айында облыс әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановтың қолдауымен

“Асыл мұра” орталығын құрып, өлгенімізді тірілтті, өшкенімізді жандырды. Бұл орталық қазір де ұлттық танымның қайнар көзіне айналып, тарихи деректер мен ұлы, тұғыры бөлек тұлғалар туралы қазынаға айналды.

Әкем ерінбей-жалықпай ізденіп Жылғара Байтоқин туралы кітап жазды. “Көкарал” атты естелігі зорлық-зобалаң жылдарында күғын-сүргін көрген адамдар жайлы ақиқатты толғады. Ал ұстаз болған соң балаларға арнап, “Ойна да құл, жеткіншек” атты еңбек құрастырып, ол жас оқырмандардың біліктілік қайнарына айналды.

1996 жылы шығарылған “Есімі ел есінде” атты еңбек Ебіней Бекетовтің өмірі мен ғылыми шығармашылығын зерттеуде аса құнды оку құралы болып шықты.

Айта берсе, тауықсызың көптеген кітаптары артында қалып, ризығын ел-жүрт көріп жүргеніне біз – отбасы мүшелері өте ризамыз. Әкем өзінің саналы ғұмырының әр сәтін ерекше қастерлей білген адам. Мен кейде оны аяп:

- Папа, демалсаңызы, - десем:

- Дем алу деген не, тәйірі, үлгереміз ғой – деп құле жауап беретін де тағы да қағаз бен қаламға үңілетін.

Оны кейінгі інілері де, замандас, тұлғалас адамдар да өте қадірлегені бізге зор мерей еді.

Шәкірт кезінен әкемнің ризығын көріп өскен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Зейнолла Әкімжановтың “Мәрт ағамыз” деген өлеңі әкемнің жетпіс жасқа толуына арнайы жазылыпты:

Жасымнан жырды сүйіп жүрегіміз,

Ақындық асу еді тілегіміз.

Баулынған бала қыран секілденген

Біз дағы Ғалым-ага тұлегіміз, - деген жыр шумағы жанынды тербел, әке ісіне тәнті етеді.

Әкем менің ақылшым еді ғой, шіркін! Ол ұлы Абайды сүйіп оқығанын өзі жатқа айтатын өлеңдерімен, қарасөздерімен айғақтайтын. Қартайып, шау тартқан күннің өзінде керемет еңбекқорлық көрсеткен ол маған бірде ұлы Абайдың мына қара сөзін мысалға алды.

“Егер де есті кісілердің қатарында болғын келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзінен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылышкен өткізіпсін? Жоқ болмаса, не қылышп өткізгенінді өзің де білмей қалыпсын?”

Міне, ол өзінен өзі есеп алып отыратыны бізге – балаларына да жұғыпты.

Мен мектепті 1982 жылы тәмамдал, Қарағандының политехника институтына түсіп, оны тауықсанда әкемнің қуанышында шек болмады. Артынан екі жыл Мәскеуде әскери борышымды да өтеп оралдым. Сондағы оның қуанышын көріп, өзім де толқыдым. Әке жолын адал ұстанғаныма қуандым.

Біз оның панасында өсіп, өмірде қындық көрген жоқпыз. Әпкем Айман, кіші бауырым Азамат үшеумізге ол бар жан жылуын төге білді.

-Біреуді нақақтан-нақақ күйдіре көрмендер, шырақтарым! Өзгенің көз жасымен жақсылыққа жете алмайсындар. Ондайды Тәнір кешірмейді. Адалдық – адамның жаны. Соны білгейсіндер, - деуші еді.

Әкемнің осы мінезі мен пайымы күйеу баласына да, келіндеріне де ұнайтын. Артық сөйлемейтін, біреуді жер қылып, апшысын қуырмайтын кендейіл еді ғой. Немерелерін, жиендерін ertіp алып, еркелетіп отырғанын көргенде қуаныштың нұры бойымызды билеп, жан-дұниемізді кен сарайдай ететін.

“Әкесі бар адамдар ешқашан қартаймайды” деп те айтуға болады екен-ау деп түйетінмін.

Ол менің ғұмыр жолымды асқақтатып, әкелік жылы мейірің төгіп кетті. Ол өмірден адап қалпында, еліне, ұлтына жанашыр күйінде өтті. Әкем отбасымыздың берекесі бола білді. Бізді баулыды, шындағы, адамгершілік тұлғамызды биіктегіп өтті.

Әрине, мен өз әкемді жөнсіз мақтап отырсам – ұятан бетім өртенер еді. Алайда, әкем мақтануға да, мақтауға да тұратын адам болғанын мен айғақтап жатпаймын. Ол әмбеге аян ақиқат. Досы көп, пейілі кен, жаны жомарт, тілегі нұрлы қалпында өмірден озды. Адами тұлғасына кіршік түсірмес-тен өтті. Біз мұны қастерлейміз де, қадір тұғтамыз да!



Ғалым Қадірәліұлының шығарған кітаптарының тізімі.

1. F. Қадірәліұлы. Ойна да күл, жеткіншек! Қызылжар. 1993. – 56 бет.
2. F. Қадірәліұлы (құрастырушы) Есімі ел есінде. Академик Е.А. Букетов в воспоминаниях земляков – северо-казахстанцев. Петропавл. 1996. – 154 бет.
3. Құрастырушылар: F. Қадірәліұлы, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Арманды ақын. Баймағамбет Ізтөлин туралы жинақ. Петропавл, 2001. 260 бет.
4. Құрастырушылар: F. Қадірәлі, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев. Қөркем сөздің зергері. Ғабит Мұсіреповтің 100 жылдығына арналған сыйлық кітап. Петропавл, 2002. 160 бет.
5. Составители Галым Кадырали, Кайролла Муканов, Социал Жумабаев. Мастер чеканного слова. Петропавловск. 2002. – 125 стр.
6. Құрастырушылар: Галым Қадірәліұлы, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев. Жыр жүлдзызы. Мағжан Жұмабаевтың таңдамалы өлеңдері сыйлық кітап. Петропавловск. 2002 – 112 стр.
7. Редакция алқасы: Қ. Есімханов, Қ. Омаров, Қ. Биғожин, Б. Мұстафин, F. Қадірәлі, Қ. Мұқанов, С. Жұмабаев, А. Бисарин. Серіз сері (Мұхаммед - Қанафия) Баһрамұлы. I-II томдар. Петропавл. 2003 – 260; 278 б.
8. Құрастырған Галым Қадірәліұлы. Уахит Темірбеков. Бір өліп, бір тірілдім. Астана. – 2004 – 160 бет.

9. Ғалым Қадірәлі. Тарлан ақын (Молдахмет Тырбиевтің өлеңдері, естеліктер, зерттеулер). Алматы. 2004 – 160 бет.
10. Ғалым Қадірәліұлы. Жылғара Байтоқин. Алматы. 2004-104 бет.
11. Құрастырушылар: Ғалым Қадірәлі, Қайролла Мұқанов. Ұлағатты ұстаз. (Белгілі ұстаз Қайреш Қоспанов туралы). Петропавл. 2005. – 232 бет.
12. Құрастырушы - Ғалым Қадірәліұлы. Шал ақын. Алматы “Арыс баспасы”. 2003 – 190 бет.
13. Құрастырушылар: Ғалым Қадірәліұлы, Қайролла Мұқанов. Асыл азамат – Замечательный человек. (О Каттае Кеншинбаеве) Петропавл – 2005 – 120 бет.
14. Құрастырган Ғалым Қадірәлі. Қалдырган ізі мәңгілік (Шияп Садықов туралы естеліктер). Петропавл. 2005 – 162 бет.
15. Шығарушылар алқасы: Әшімов О.Б., Қадірәліұлы Ғ., Мұқанов Қ., Тайшыбай З. Академик Е.А. Бекетов – 80. (Естеліктер жинағы). Петропавл. – 2005. – 183 бет.
16. Ғалым Қадірәліұлы. Ұлылар туралы ойлар. Қызылжар. 2006 – 310 бет.
17. Ғалым Қадірәліұлы. Көкарад. Петропавл. 2007 – 222 бет.

Мазмұны

1. Асыл азамат, бауырмал жолдас.....	4
1) Ғалым Қадірліұлы.	
Аңсаған менің ауылым.....	8
Ата тегім түп-тамырым.....	53
2) Ғалым Қадірліұлы	
Қасиетті Ақ орда. Есілдің жағасында түр ауылым.....	60
Ғалымның 70 жылдық мерейтойына арналған құттықтаулар.....	79
1. Герольд Бельгер. Менің досым.....	80
2. Қайролла Мұқанов. Ғалым ініме.....	83
3. Қайролла Мұқанов. Тындырымы көп тынымсыз жан.....	84
4. Зейнолла Әкімжанов. Мәрт ағамыз.....	87
5. Мұратбек Мағзұмұлы. Ғалым аға.....	88
6. Әлім, Сәуле Төлебаевтар. Ғалым аға.....	90
7. Жұмаш Сейітбекұлы. Інім 70 жаста.....	91
Естеліктер.	
1. Зейнолла Әкімжанов. Ұлағат (дастан).....	92
2. Қайролла Мұқанов. Халқына сыйлы, бауырмал жан еді.....	110
3. Социал Жұмабаев. Ағдарига азамат.....	120
4. Ожан Қали. Достар, достар, кеттің қайда.....	129
5. Сапар Дүйсенов. Асыл азамат.....	140
6. Болат Сағындықов. Есімдесің, Ғалым, есімдесің.....	142
7. Әлімжан Мәжитов. Алғашқы шәкірттерімнің бірі.....	144

8. Есмахан Қожахметұлы. Тұла бойы тұнған адамгершілік болатын.....	147
9. Мырзатай Баймақанов. Ардақты ініміз еді.....	151
10. Жұмаш Сейітбеков. Қашанда көнілі дария еді.....	152
11. Зейнолла Олжабайұлы. Жайсандардың бірі еді.....	157
12. Қазыбек Омарұлы. Қайран Ғалекен.....	160
13. Ғалымбек Мұстафин. Кеңпейіл аға.....	163
14. Балғабек Мұстафин. Тұлғасы таудай.....	174
15. Күтзаги Ақанқызы. Бір мектептің түлегі едік.....	176
16. Қыдырма Тоқымырзин. Ғалымдай азамат менің нағашым болғанына мактанам.....	182
17. Шабдан Тоқымырзин. Адал да аяулы жан.....	185
18. Галия Өмірбекова. Жақсының жақсылығын айт.....	186
19. Рамзия Жакупова. Замечательный педагог, чуткий товарищ.....	191
20. Айтжан Баймұқанова. Ғалым десе, Ғалым.....	192
21. Қамзабай Бекетов. Ел азаматы.....	195
22. Әлия Малдыбаева. Тәлімгерім, асыл директорым.....	201
23. Әлім Қадірәліұлы. Ардақты ағамыз	206
24. Данагул Куандықова. Жақсы аға.....	211
25. Руслан Умурзаков. Он по-прежнему с нами.....	216
26. Роза Қадірәлина. Ізгі жан.....	219
27. Қайрат Қадірәліұлы. Жан - әкем, нар - әкем.....	223

*Естелік бол қалды оған ендігі із,
Сағынышпен еске аламыз енди біз.
Уа, оқырман, Галым атты адамның,
Парасатын, бар тұлғасын көрдіңіз!*

